

ҚАЗАҚ ТІЛІ

САРЫАРҚА – 2

Мемлекеттік қызметшілер мен ересектерге
арналған оқу құралы

A1 қарапайым деңгей

ЮЖ 821.512.122 (075)
КБЖ 84(5 Қаз.) я7
Ж21

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Тілдерді дамыту және қоғамдық – саяси жұмыс комитетінің тапсырысы бойынша «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында шығарылды

Пікір жазғандар:

Ш.М.Мәжітаева, филология ғылымдарының докторы, профессор
А.С.Әділова, филология ғылымдарының докторы, профессор

Ж21 Ж.Р. Жақанова, Д.М.Жұмагелдина, А.А.Игенова, Қазақ тілі. Қарапайым деңгей: Оқу құралы. – Астана: 2017 – 118 бет.

ISBN 978-601-7373-53 -5

Қазақ тілін қарапайым деңгейде меңгеруге арналған оқу құралы «Қазтест» стандарты бойынша әзірленген. Бұл оқу құралы тыңдалым, оқылым, жазылым, сөйлесім әрекеттері арқылы қазақ тілінде сөйлеу және жазу дағдысын қалыптастырады.

Оқу құралы қазақ тілін үйренуші мемлекеттік қызметшілер мен ересектерге және барлық тіл үйренушілерге арналған.

ЮЖ 821.512.122 (075)
КБЖ 84(5 Қаз.) я7

© Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Тілдерді дамыту және қоғамдық – саяси жұмыс комитеті

© Ш.Шаяхметов атындағы «Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру – әдістемелік орталығы» РМҚК

© Ж.Р.Жақанова, Д.М.Жұмагелдина, А.А.Игенова, 2017

ISBN 978-601-7373-53 -5

АЛҒЫСӨЗ

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың: «Тәуелсіздік – Алтын күмбез дейтін болсақ, сол күмбезді тіреп тұрған төрт белгіміз бар, оның біріншісі – Елтаңба, екіншісі – Әнұран, үшіншісі – көк байрақ, төртіншісі – қазақ тілі» деген сөзі мемлекеттік тіліміздің ерекше мәртебесін көрсетсе керек. Тіл саясаты – мемлекеттің саясаты, ол егеменді еліміздің берік арқауы. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеріп, қолдану аясын кеңейту, оқыту курстарының жұмысын жандандыру мақсатында бүгінгі күнге дейін көрнекті ғалымдар мен тәжірибелі әдіскерлер тарапынан қазақ тілін оқытуға арналған оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдары үздіксіз жарық көруде. Солардың қатарында 2008 жылы Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының тапсырысымен әзірленген «Сарыарқа» оқу-әдістемелік кешенін атауға болады. Аталмыш өнім өз кезінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитеті тарапынан республикалық деңгейде таратылып, оқытушы-әдіскерлер, жалпы тіл үйренушілер тарапынан оң бағасын алған болатын. Алайда, Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында мемлекеттік тілді оқытудың әдіснамасын жетілдіру және стандарттауға қатысты нақтылы міндет қойылғаны және аталған міндеттің көпдеңгейлі ҚАЗТЕСТ стандарты негізінде жүзеге асырылатыны ескеріле келе, үшдеңгейлік «Сарыарқа» оқу-әдістемелік кешенін стандарт талабына сәйкестендіріп, толықтырулар енгізіп, қайта әзірлеудің қажеттігі туындады.

Мемлекеттік қызметшілер мен ересектерге арналған «Сарыарқа – 2» оқу-әдістемелік кешені бесдеңгейлік (А1 – Қарапайым деңгей, А2 – Базалық деңгей, В1 – Орта деңгей, В2 – Ортадан жоғары деңгей, С1 – Жоғары деңгей) ҚАЗТЕСТ стандарты негізінде әзірленген әдістемелік кешен.

Ұсынылып отырған оқу-әдістемелік кешен өзінің мазмұны мен мақсаты бойынша уақыт талабын ескерген әдістемеліктер қатарын толықтырады. Осы кешеннің қолданысқа енуі тіл үйренушілердің қазақ тілін тұрмыстық деңгейде меңгеріп қана қоймай, ҚАЗТЕСТтің тестілеуінен өтуіне де оң ықпалын жасамақ. Әзірлемеші авторлар оқу құралдарына қойылатын талаптардың үдесінен шығып, тіл үйретудің әлемдік тәжірибесінде маңызды болып табылатын сөйлеу әрекеті түрлері бойынша деңгейлеп оқытудың халықаралық тәжірибелерін ескерген.

Жаһандану заманында ұлттың бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткіші ұлттық құндылықтарды құрметтеп, сақтай алу деңгейімен өлшенетіні белгілі. Ендеше, «Сарыарқа – 2» оқу-әдістемелік кешенінің оқу құралы мен жұмыс дәптері барлық тіл үйренушілердің басты байлығымыз мемлекеттік тіл – қазақ тілін оқуға деген ынтасын оятып, қазақ тілінде сөйлеушілер қатарын арттыруға, өңірдің тілдік ахуалын жақсартуға үлесін қосатын еңбектер қатарында танылсын деп тілейік!

Мазмұны

<i>I модуль. Танысу</i>	6
1-сабақ. Сәлемдесу	
2-сабақ. Сәлемдесу	
3-сабақ. Сіз кім боласыз?	
4-сабақ. Танысқанымға қуаныштымын!	
5-сабақ. Телефон арқылы сөйлесу	
6-сабақ. Кездескенше күн жақсы!	
7-сабақ. Кездескенше күн жақсы!	
8-сабақ. Менің аты-жөнім	
9-сабақ. Өзім туралы	
10-сабақ. Өзім туралы	
<i>II модуль. Отбасы</i>	28
1-сабақ. Менің туыстарым	
2-сабақ. Менің отбасым	
3-сабақ. Адам келбеті	
4-сабақ. Адамның мінез-құлқы	
5-сабақ. Менің туған күнім	
6-сабақ. Құттықтау	
<i>III модуль. Жұмыс</i>	42
1-сабақ. Мамандықтар	
2-сабақ. Менің мамандығым	
3-сабақ. Менің жұмыс орным	
4-сабақ. Түйіндеме	
5-сабақ. Апта атаулары	

6-сабақ. Жұмыс күні	
7-сабақ. Үйде не істейсіз?	
8-сабақ. Менің бос уақытым	
IV модуль. Қоршаған орта	60
1-сабақ. Қандай түсті ұнатасыз?	
2-сабақ. Қоршаған орта	
3-сабақ. Жануарлар әлемі	
4-сабақ. Жыл мезгілдері	
5-сабақ. Ауа райы	
6-сабақ. Маусымдық киімдер	
7-сабақ. Еңбек демалысы	
V модуль. Ас-адамның арқауы	76
1-сабақ. Азық-түлік	
2-сабақ. Дүкенде	
3-сабақ. Ас мәзірі	
4-сабақ. Асханада	
VI модуль. Мекенжай	86
1-сабақ. Мекенжай	
2-сабақ. Менің пәтерім	
3-сабақ. Үй жиһаздары	
4-сабақ. Тұрмыстық заттар	
Қосымша	96
Сөйлесім дағдысын қалыптастыруға арналған жаттығулар	
Жазылым дағдысын қалыптастыруға арналған жаттығулар	
Оқылым дағдысын қалыптастыруға арналған жаттығулар	
Тыңдалым мәтіндері	108

I модуль

II модуль

III модуль

IV модуль

V модуль

VI модуль

ҚОСЫМША

Танысу

І модуль. Танысу

1-сабақ. Сәлемдесу

2-сабақ. Сәлемдесу

3-сабақ. Сіз кім боласыз?

4-сабақ. Танысқанымға қуаныштымын!

5-сабақ. Телефон арқылы сөйлесу


6-сабақ. Кездескенше күн жақсы!

7-сабақ. Кездескенше күн жақсы!

8-сабақ. Менің аты-жөнім

9-сабақ. Өзім туралы

10-сабақ. Өзім туралы



I МОДУЛЬ. ТАНЫСУ

1-САБАҚ. Сәлемдесу


🎧 ТЫҢДАЛЫМ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

Сәлемдесу - здороваться
 Сәлем! - Привет!
 Сәлеметсің бе! - Здравствуй!
 Сәлеметсіз бе! - Здравствуйте!
 Сәлеметсіздер ме! - Здравствуйте!
 Қалың(ыз) қалай? - Как дела?
 Қалайсың? - Как ты?
 Қалайсыз? - Как Вы?
 Қалдарыңыз қалай? - Как ваши дела? (мн.ч. на вы)
 Қайырлы таң! - Доброе утро!
 Қайырлы күн! - Добрый день!
 Қайырлы кеш! - Добрый вечер!
 Қайырлы түн! - Доброй ночи!
 Қош келдіңіз(дер)! - Добро пожаловать!

Сау болыңыз! - До свидания!
 Рақмет! - Спасибо!
 Жақсы – Хорошо
 Өте жақсы! - Отлично!
 Жаман емес - Не плохо
 Тамаша! - 1. Превосходно! 2. Классно!
 Мырза - господин
 Ханым - госпожа
 Ағай - дядя
 Апай - тетя
 Іні (інішек) - младший брат
 Қарындас - 1. девушка; 2. младшая сестра
 Жігіт - парень, молодой человек
 Қыз (бойжеткен) - девушка

! ГРАММАТИКА



1. Сөздікте берілген сөздерді 2 бағанға бөліп жазыңыз.


2. Сөздікте берілген сөздердің бірінші әрпіне қарай 3 бағанға бөліп жазыңыз.

ЖУАН	ЖІҢІШКЕ
достар	әріптестер

ҚАТАҢ	ҰЯҢ	ҮНДІ
қарындас	бойжеткен	мырза

Қазақ тілінің төл дыбыстары
ө, ғ, қ, ң, ө, ұ, ү, һ, і

3. Суреттердің атауын табыңыз. Төл дыбыстарға бірнеше мысал келтіріңіз.



ОҚЫЛЫМ

1. Оқыңыз. Сұқбатты рөлге бөліп оқыңыз.

- Сәлем, Жандос!
- Сәлем!
- Қалың қалай?
- Өте жақсы.

- Қайырлы таң, әріптес!
- Қайырлы таң!
- Көңіл күйіңіз қалай?
- Тамаша!

- Сәлеметсіз бе?
- Сәлеметсің бе?
- Қалыңыз қалай?
- Жаман емес. Өзің қалайсың?
- Жақсы, рақмет.

СӨЙЛЕСІМ

1. Модель бойынша сұқбаттасыңыз.


Сәлем!
Сәлеметсіз бе!
Қайырлы таң!
Қайырлы күн!
Қайырлы кеш!

Інішек
Бойжеткен
Қарындас
Ағай
Апай
Әріптес

Қалың қалай?
Қалайсың?
Қалыңыз қалай?
Қалайсыз?

Жақсы
Өте жақсы!
Жаман емес
Тамаша!

2. Суреттер бойынша сұқбаттасыңыз.



ТЫҢДАЛЫМ

2. Тыңдаңыз және диалогті толықтырыңыз.

- Сәлеметсіз бе, _____!
- Сәлеметсіз бе, _____.
- Қалыңыз қалай _____?
- _____. Сіздің қалыңыз қалай?
- Тамаша!

3. Тыңдаңыз. Жауаптарды толықтырыңыз.

- Қайырлы таң, апай!
- _____
- Қалыңыз қалай?
- _____. Сенің қалың қалай?
- _____.

ЖАЗЫЛЫМ

1. Қаратпа түрлерін қойыңыз.

1. Қайырлы таң, _____!
2. Сәлеметсіз бе, _____!
3. _____, қалыңыз қалай?
4. Құрметті _____, қош келдіңіздер!
5. Сау болыңыз, _____!

2. Сәлемдесу сөздерін қойыңыз.

1. _____, ханымдар мен мырзалар!
2. _____, ағай?
3. _____, апай?
4. _____, інішек!
5. _____, қарындас!

I МОДУЛЬ. ТАНЫСУ

2-САБАҚ. Сәлемдесу



ТЫҢДАЛЫМ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

Жағдайың қалай? - Как дела?
 Көңіл күйің қалай? - Как настроение?
 Денсаулығың қалай? - Как здоровье?
 Жұмысың қалай? - Как работа?
 Қандай жаңалық бар? - Какие новости?
 Бәрі жақсы ма? - Все хорошо?
 Отбасы - семья
 Жұмыс - работа
 Қызмет - служба
 Өріптес - коллега
 Мұғалім - учитель
 Оқытушы - преподаватель
 Оқушы - ученик

Тыңдаушы - слушатель
 Мемлекеттік қызметші - государственный служащий
 Қызметкер - 1. служащий; 2. сотрудник
 Дос - друг
 Қонақ - гость
 Оқулық - учебник
 Кітап - книга
 Дәптер - тетрадь
 Сөздік - словарь
 Қалам - ручка
 Қарындаш - карандаш
 Үстел - стол
 Орындық - стул



ГРАММАТИКА

1. Айналаңыздағы адамдар мен заттардың аттарын атап жаттығыңыз.

ЗАТ ЕСІМ. СҰРАҚТАРЫ

Кім? Кімдер?	Не? Нелер?
оқытушы, тыңдаушы	оқулық, дәптер
оқытушылар, тыңдаушылар	оқулықтар, дәптерлер

ҮЛГІ: Кім? – оқушы
 Кімдер? – оқушылар
 Не? – қалам
 Нелер? – қаламдар

КӨПТІК ЖАЛҒАУ

соңғы дыбыс	жуан	жіңішке	мысалдар
а, ө, ы, і, у, е, и, р, й	-лар	-лер	мырзалар, қызметкерлер
ж, з, л, м, н, ң	-дар	-дер	ханымдар, бойжеткендер
б, в, г, д, қ, к, п, т, с, ш	-тар	-тер	қарындастар, інішектер

2. Төменде берілген сөздерге көптік жалғауын жалғаңыз.

Өріптес _____ Қызметші _____ Мырза _____ Мұғалім _____
 Оқытушы _____ Қызметкер _____ Ханым _____ Дос _____
 Тыңдаушы _____ Оқушы _____ Жігіт _____ Қонақ _____



ОҚЫЛЫМ

1. Диалогті рөлге бөліп оқыңыз.

- Жағдайыңыз қалай, Нұрлан?
 - Жақсы. Өзің қалайсың?
 - Көңіл күйіңіз қалай?
 - Тамаша!
 - Жұмысыңыз жақсы ма?
 - Иә, жақсы. Өзіңде бәрі жақсы ма?
 - Иә, бәрі жақсы.

- Сәлеметсіз бе, Мұрат Серікұлы?
 - Сәлеметсің бе, Айнұр? Қалың қалай?
 - Жаман емес. Өз қалыңыз, отбасыңыз қалай?
 - Бәрі жақсы.
 - Денсаулығыңыз қалай?
 - Жақсы. Өз денсаулығың жақсы ма?
 - Рақмет, жақсы.

- Сәлем!
 - Сәлем!
 - Жұмысың қалай?
 - Жақсы.
 - Қандай жаңалық бар?
 - Мен мемлекеттік қызметке тұрдым.
 - О, тамаша!



ЖАЗЫЛЫМ

1. «Сәлемдесу» тақырыбына сұқбат үлгілерін құрастырыңыз.



ТЫҢДАЛЫМ

2. Тыңдаңыз және диалогті толықтырыңыз.

- _____, Бибігүл Асанқызы?
- _____, Берік Қанатұлы?
- _____ қалай?
- Жаман емес. Сіздің _____ қалай?
- Рақмет, _____.

3. Тыңдаңыз, диалогтегі екінші адамның жауаптарын толықтырыңыз.

- Сәлеметсіз бе, ағай?
- _____
- Жақсы. Өз үй-ішіңіз, бала-шағаңыз қалай?
- _____
- Денсаулығыңыз қалай?
- _____
- Рақмет, жақсы.



СӨЙЛЕСІМ

1. Жұптық жұмыс. Сурет және тірек сөздердің көмегімен сұқбаттасыңыздар.



Тірек сөздер: бойжеткен, қайырлы күн, тамаша, көңіл-күй, жұмыс, қарындас, мырза, ханым, қуаныштымын.



Тірек сөздер: қонақтар, қайырлы кеш, әріптестер, ханымдар мен мырзалар, көңіл-күй, бәрі жақсы!



Тірек сөздер: дос, сәлем, әріптес, жұмыс, отбасы, жаңалық, мемлекеттік қызмет, жағдай, денсаулық, қалың қалай?

I МОДУЛЬ. ТАНЫСУ

3-САБАҚ. Сіз кім боласыз?

🔊 **ТЫҢДАЛЫМ**

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

Сіз кім боласыз? - Кем Вы будете?

Аты - имя

Тегі - фамилия

Аты-жөні - фамилия, имя, отчество

Кешіріңіз - извините

Атыңыз кім? - 1. Как Ваше имя? 2. Как Вас зовут?

Мекеме - учреждение

Басқарма - управление

Бөлім - отдел

Басшы - руководитель

Бастық - начальник

Орынбасар - заместитель

Маман - специалист

Бас маман - главный специалист

Жетекші маман - ведущий специалист

Мамандық - 1. специальность; 2. профессия

Дәрігер - врач

Заңгер - юрист

Хатшы - секретарь

Аспаз - повар

Отыру - сидеть

Тұру - 1. стоять; 2. жить

Жүру - 1. идти; 2. ходить

Жату (жатыр) - лежать (лежит)

! **ГРАММАТИКА****ЖІКТІК ЖАЛҒАУЛАРЫ**

Соңғы дыбыс	а, ә, е, и, ы, і, й, р, л, м, н, ң Ескерту: Біз (м, н) + (-быз, біз)	б, в, г, д, к, қ, п, с, т, ш	ж, з	
Мен	тыңдаушымын	қызметшімін	бастықпын	аспазбын
Сен	тыңдаушысың	қызметшісің	бастықсың	аспазсың
Сіз	тыңдаушысыз	қызметшісіз	бастықсыз	аспазсыз
Ол	тыңдаушы	қызметші	бастық	аспаз
Біз	тыңдаушымыз	қызметшіміз	бастықпыз	аспазбыз
Сендер	тыңдаушысыңдар	қызметшісіңдер	бастықсыңдар	аспазсыңдар
Сіздер	тыңдаушысыздар	қызметшісіздер	бастықсыздар	аспазсыздар
Олар	тыңдаушылар	қызметшілер	бастық	аспаздар

ЖІКТІК ЖАЛҒАУЛАРЫНЫҢ БОЛЫМСЫЗ ТҮРІ (ЕМЕС)

Мен	тыңдаушы емеспін	қызметші емеспін	бастық емеспін	аспаз емеспін
Сен	тыңдаушы емессің	қызметші емессің	бастық емессің	аспаз емессің
Сіз	тыңдаушы емессіз	қызметші емессіз	бастық емессіз	аспаз емессіз
Ол	тыңдаушы емес	қызметші емес	бастық емес	аспаз емес
Біз	тыңдаушы емеспіз	қызметші емеспіз	бастық емеспіз	аспаз емеспіз
Сендер	тыңдаушы емессіңдер	қызметші емессіңдер	бастық емессіңдер	аспаз емессіңдер
Сіздер	тыңдаушы емессіздер	қызметші емессіздер	бастық емессіздер	аспаз емессіздер
Олар	тыңдаушы емес	қызметші емес	бастық емес	аспаз емес

1. Модель бойынша айтып жаттығыңыз.

ҮЛГІ: Мен – заңгермін.
Мен заңгер емеспін.

маман
дәрігер
менеджер

қызметкер
экономист
хатшы

бухгалтер
инженер
адвокат

2. Мамандық атауларын ауызша жіктеңіз.

ЕТІСТІК

Сұрақтары: Не істеді? Қайтті?

Тұйық етістік: етістік+у

оқу - 1. читать; 2. учиться	жазу - писать
тыңдау - слушать	үйрену - научиться
сөйлеу - говорить	айту - говорить
құрастыру - составить	белгілеу - отметить
жұмыс істеу - работать	қайталау - повторить

ЕТІСТІКТІҢ ШАҚТАРЫ. НАҚ ОСЫ ШАҚ

Сұрақтары: Не істеп отыр? Не істеп тұр?
Не істеп жүр? Не істеп жатыр?

Жалаң

Отыр, тұр,
жүр, жатыр

Күрделі

Етістік + (-п, -іп, -ып) отыр
тұр
жүр
жатыр

Нақ осы шақтың жіктелуі

I Мен тұрмын	I Біз тұрмыз	I Мен тыңдап тұрмын	I Біз тыңдап тұрмыз
II Сен тұрсың	II Сендер тұрсындар	II Сен тыңдап тұрсың	II Сендер тыңдап тұрсындар
Сіз тұрсыз	Сіздер тұрсындар	Сіз тыңдап тұрсыз	Сіздер тыңдап тұрсындар
III Ол тұр	III Олар тұр	III Ол тыңдап тұр	III Олар тыңдап тұр

3. Оқыңыз. Жоғарыдағы етістіктерді үлгі бойынша нақ осы шақта жіктеңіз.

СӨЙЛЕСІМ

1. Әріптесіңізбен рөлге бөліп оқыңыз және үлгі бойынша әріптесіңізбен сөйлесіңіз

-Қайырлы күн!
-Қайырлы күн!
-Сіз кім боласыз?
-Мен – Жақсыбекова Алуа Төлегенқызы боламын.
-Ал сіз кім боласыз?
-Мен – Нұрлан Мұқанұлымын. Сіз бухгалтерсіз бе?
-Жоқ, мен бухгалтер емеспін. Мен – экономистпін.
-Ал сіз кімсіз?
-Мен – заңгермін.



ТЫҢДАЛЫМ

2. Диалогті тыңдап, толықтырыңыз.

- _____
- Кешіріңіз, _____?
- Менің аты-жөнім – _____.
- Қуаныштымын!
- _____.
- Мен – Сағымбаев Батырлан Ришатұлымын.
- Сіз _____ ба?
- Жоқ, мен _____ емеспін. Мен _____. Ал сіз заңгерсіз бе?
- Жоқ, мен заңгер емеспін. Мен – _____.
- Ал сіз кімсіз?
- Мен – _____.



ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз. Мәтіндегі ақпаратты III жақта баяндаңыз.

Менің атым – Сергей. Мен – орыспын. Мемлекеттік мекемеде жұмыс істеп жүрмін. Мемлекеттік қызметшімін. Мамандығым бойынша заңгермін. Менің отбасым бар. Мен – әкемін.

ҮЛГІ: Оның аты – Сергей.

ЖАЗЫЛЫМ

1. Үлгіні оқып, өзіңіз туралы жазыңыз.

СІЗ КІМСІЗ?

Аты-жөнім: Жанна Төкенқызымын
Ұлтым: қазақпын
Жынысым: әйелмін
Отбасы жағдайым: тұрмыстамын, анамын

Мамандығым: экономистпін
Қызметім: мемлекеттік қызметшімін
Лауазымым: бас маманмын
Тұрғылықты жерім: қарағандылықпын

I МОДУЛЬ. ТАНЫСУ

4-САБАҚ. Танысқанымға қуаныштымын!

🔊 **ТЫҢДАЛЫМ**

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

Таныс - знакомый
Бейтаныс - незнакомый
Танысу - знакомство, знакомиться
Таныс, танысып қой - знакомься
Кездесу - встреча, встретиться
Ұлт - национальность
Адам, кісі - человек
Құрбы - подруга
Жолдас - друг, товарищ
Жұбай - супруг, супруга
Көрші - сосед
Кілт - ключ

Көзілдірік - очки
Сөмке - сумка
Құжат - документ
Алу (ал+шы) - взять (возьмите)
Беру (бер+ші) - дать (дайте)
Бару - идти, пойти, поехать
Келу - прийти, подойти, приехать
Кету - уходить, уезжать
Қайту - возвращаться
Апару - отнести
Әкелу - принести
Әкету - отнести, забрать

Танысуда қолданылатын сөздер

Таныс/танысып қой!
Танысайық/ танысып қояйық!
Танысыңдар/танысып қойыңдар!
Танысыңыздар/ танысып қойыңыздар!
Таныс болыңыздар!
Мен сізді танимын /танымаймын

! **ГРАММАТИКА**

1. Сұрақтарға жауап беріп, модельге жаттығыңыз.

Сілтеу есімдіктері**Жекеше түрі**

Бұл, осы, мынау (мына), міне
Ол, сол, анау (ана), әне

Көпше түрі

Бұлар, осылар, мыналар
Олар, солар, аналар

Мынау (бұл) не? – кітап, қалам, дәптер.
Мыналар (бұлар) нелер? – кітаптар, қаламдар, дәптерлер
Бұл кім? Бұл – маман.
Бұлар кімдер? – Бұлар – мамандар.
Бұл кісі кім? – Бұл кісі – менің көршім.
Мына кісі кім? – Мына кісі – менің көршім.
Ол не? Ол – кітап.
Олар нелер? Олар – кітаптар.
Ол кісі кім? Ол кісі – менің танысым.
Ол кісілер кімдер? Ол кісілер – менің таныстарым.

2. Модель бойынша сұқбат құрыңыз.

ҮЛГІ: А: Мына оқулықты маған беріңізші.
Б: Мынау ма?
А: Жоқ, анау.
Б: Міне, алыңыз.

қалам
альбом
кітап
құжат
қарындаш
дәптер
оқулық
кілт

Ауыспалы осы шақ: Етістік + (-а, -е, -й) + жіктік жалғауы

Мен ал+а+мын, бер+е+мін, қара+й+мын
Сен ал+а+сың, бер+е+сің, қара+й+сың
Сіз ал+а+сыз, бер+е+сіз, қара+й+сыз
Ол ал+а+ды, бер+е+ді, қара+й+ды

Біз ал+а+мыз, бер+е+міз, қара+й+мыз
Сендер ал+а+сың+дар, бер+е+сің+дер, қара+й+сың+дар
Сіздер ал+а+сыз+дар, бер+е+сіз+дер, қара+й+сыз+дар
Олар ал+а+ды, бер+е+ді, қара+й+ды

3. Берілген етістіктерді жоғарыдағы үлгі бойынша жіктеңіз.

бару, келу, кету, апару, әкелу, әкету, қайту

🖋️ **ЖАЗЫЛЫМ**

1. Модель бойынша сұқбаттасыңыз.

Мен	құжатты	ал	Біз	жұмысқа жұмыстан	бару
Сен		бер	Сендер		келу
Сіз		апар	Сіздер		кету
Ол		әкел	Олар		қайту

2. Сұрақтардың жауабын толықтырыңыз.

1. Сіздің аты-жөніңіз кім?
Менің аты-жөнім – _____.
2. Сіздің ұлтыңыз кім?
Менің ұлтым – _____.
3. Сіздің мамандығыңыз кім?
Менің мамандығым – _____.
4. Сіз қайда жұмыс істейсіз?
Мен _____ жұмыс істеймін.



ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз. Үлгі бойынша әріптесіңізбен танысып жаттығыңыз.

- Танысып қояйық! Менің аты-жөнім – Струшко Вадим Анатольевич.
- Ал сіздің аты-жөніңіз кім?
- Менің аты-жөнім – Хван Кристина Валерьевна.
- Кристина, сіздің ұлтыңыз кім?
- Менің ұлтым – корей. Ал сіздің ұлтыңыз кім?
- Менің ұлтым – орыс. Мамандығыңыз кім?
- Мамандығым – дәрігер. Ал сіздің мамандығыңыз кім?
- Менің мамандығым – менеджер. Қайда жұмыс істейсіз?
- Мен банкте жұмыс істеймін.
- Танысқаныма қуаныштымын, Кристина!
- Мен де қуаныштымын!



СӨЙЛЕСІМ

1. Рөлге бөліп оқыңыздар. Модельдер бойынша өзара сұқбаттасыңыздар.

- а) Ақнұр:** -Танысып қойыңыз! Мына бойжеткен – менің құрбым. Аты – Ақбота.
Абылай: - Қуаныштымын!
Ақнұр: - Ал мына жігіт – менің досым. Аты – Абылай.
Ақбота: - Танысқаныма қуаныштымын!
Ақнұр: - Ақбота университетте оқиды. Ол – студент. Ал Абылай – инженер. Фирмада жұмыс істейді.
- ә) Әлішер:** -Таныс болыңыздар! Мына кісі – менің жұбайым. Аты – Инжу.
Жолдастары: - Қуаныштымыз!
Әлішер: - Инжу, мына жігіттер – менің жолдастарым. Бұл – Біржан, ал анау жігіттің аты – Әділет.
Инжу: - Тамаша! Танысқаныма қуаныштымын!
Әлішер: - Осы жігіттермен студент кезден таныспыз.



ТЫҢДАЛЫМ

2. Диалогті тыңдап, диалог бойынша кестені толтырыңыз.



Бұл – _____.
 Оның ұлты – _____.
 Оның мамандығы – _____.
 Ол _____ жұмыс істейді.



Бұл – _____.
 Оның ұлты – _____.
 Оның мамандығы – _____.
 Ол _____ жұмыс істейді.

I МОДУЛЬ. ТАНЫСУ

5-САБАҚ. Телефон арқылы сөйлесу

ТЫҢДАЛЫМ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

- Ұялы телефон - сотовый телефон
- Үй телефоны - домашний телефон
- Жұмыс телефоны - рабочий телефон
- Байланыс телефоны - контактный телефон
- Телефон соғу - звонить, позвонить
- Қоңырау шалу - звонить
- Шақыру - пригласить
- Сөйлесу - разговаривать, поговорить
- Күту - ожидать
- Хабарласу - связаться
- Хабарлама - сообщение
- Бос емес - занят
- Әрине - конечно
- Бола ма? - можно?
- Болады - можно
- Болмайды - нельзя
- Жарайды - ладно, хорошо
- Сұрақ - вопрос сұрау - спросить
- Жауап - ответ жауап беру - ответить



Телефонмен сөйлесу әдебі

- Алло!
- Иә, тыңдап тұрмын. (- Сізді тыңдап тұрмын).
- Бұл кім екен?
- Сізге кім керек?
- Кешіріңіз, ... бола ма?
- Әрине.
- Телефонға шақырып жіберіңізші.
- Қазір, күте тұрыңыз.
- Ол бос емес. Кейін хабарласыңыз.
- Хабарласуға бола ма?
- Ұялы телефонына қоңырау шалыңыз.
- Ұялы телефонының нөмірі қандай?
- Жазып алыңыз.
- Рақмет!
- Сау болыңыз!

ГРАММАТИКА

ТӘУЕЛДІК ЖАЛҒАУЫ

Соңғы дыбыс	Дауыссыз дыбыс		Дауысты дыбыс	
Дауысты дыбыс	жуан	жіңішке	жуан	жіңішке
Менің	құжат-ым	кілт-ім	бала-м	көрші-м
Сенің	құжат-ың	кілт-ің	бала-ң	көрші-ң
Сіздің	құжат-ыңыз	кілт-іңіз	бала-ңыз	көрші-ңіз
Оның	құжат-ы	кілт-і	бала-сы	көрші-сі
Біздің	құжат-ымыз	кілт-іміз	бала-мыз	көрші-міз
Сендердің	құжат-тар-ың	кілт-тер-ің	бала-лар-ың	көрші-лер-ің
Сіздердің	құжат-тар-ыңыз	кілт-тер-іңіз	бала-лар-ыңыз	көрші-лер-іңіз
Олардың	құжат-тар-ы	кілт-тер-і	бала-лар-ы	көрші-лер-і

1. Жаңа сөздерді тәуелдеп, жаттығыңыз.

ДЫБЫС ҮНДЕСТІГІ

Соңғы дыбыс	п → б	к → г	қ → ғ
Менің	кітаб-ым	сөздіг-ім	оқулығ-ым
Сенің	кітаб-ың	сөздіг-ің	оқулығ-ың
Сіздің	кітаб-ыңыз	сөздіг-іңіз	оқулығ-ыңыз
Оның	кітаб-ы	сөздіг-і	оқулығ-ы
Біздің	кітаб-ымыз	кітап-тар-ымыз	оқулығ-ымыз
Сендердің	кітап-тар-ың	кітап-тар-ың	оқулық-тар-ың
Сіздердің	кітап-тар-ыңыз	кітап-тар-ыңыз	оқулық-тар-ыңыз
Олардың	кітап-тар-ы	кітап-тар-ы	оқулық-тар-ы

2. Көзілдірік, сұрақ сөздерін тәуелдеңіз.

ЖАЗЫЛЫМ

1. Жалғаулардың айырмашылығын ажыратып, кестені толтырыңыз.

Тәуелдік жалғауы

- Менің атым –
- Менің ұлтым –
- Менің мамандығым –

Жіктік жалғауы

- Мен –
- Мен –
- Мен –

ОҚЫЛЫМ

1. Диалогтерді оқып, жаттығыңыз.



- Алло, қайырлы кеш, қарындас!
- Қайырлы кеш!
- Сізбен танысуға бола ма? Менің атым – Сержан.
- Әрине, болады.
- Атыңыз кім болады?
- Менің атым – Сая.
- Атыңыз әдемі екен!
- Рақмет!
- Танысқанымға қуаныштымын!
- Мен де.
- Сізбен кездесуге бола ма?
- Хабарласыңыз.



- Алло!
- Алло! Сәлеметсіз бе?
- Сәлеметсіз бе?
- Қалыңыз қалай?
- Жаман емес.
- Кешіріңіз, сіздің атыңыз кім?
- Менің атым – Назым.
- Қуаныштымын! Менің атым – Ерболат.
- Сіз кім боласыз?
- Мен – сізбен бір курста оқимын.
- Сізбен жақын танысуға бола ма?
- Кешіріңіз, болмайды.

2. Сұқбаттардағы жауап үлгілерін өзгертіп, оқыңыз.

ТЫҢДАЛЫМ

2. Диалогті тыңдап, жауабын толықтырыңыз.

- Алло!
- Алло! Сәлеметсіз бе?
- Сәлеметсіз бе? _____. Бұл кім екен?
- Менің аты-жөнім – _____.
- Сізге _____?
- Кешіріңіз, _____ бола ма?
- Қазір, _____.
- Рақмет!

3. Тыңдаңыз, толықтырыңыз.

- Алло!
- _____
- Қайырлы таң! Сізді тыңдап тұрмын.
- _____ Гүлсезімнің танысымын. Гүлсезімді _____.
- Ол қазір бос емес. _____.
- Кешіріңіз.
- _____.
- Сау болыңыз!
- _____!

СӨЙЛЕСІМ

1. Жұптық жұмыс. Телефонмен сөйлесу әдебі бойынша тапсырмаларды орындаңыз.

1 - жағдаят

Мекеме басшысымен сөйлесіңіз.

2 - жағдаят

Досыңыздың анасымен сөйлесіңіз.

3 - жағдаят

Құрбыңызды немесе досыңызды телефонға шақырыңыз.



I МОДУЛЬ. ТАНЫСУ

6-САБАҚ. Кездескенше күн жақсы!

🎧 **ТЫҢДАЛЫМ**

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

Қазір - сейчас
 Алдыңғүні - позавчера
 Кеше - вчера
 Бүгін - сегодня
 Ертең - завтра
 Бүрсігүні - послезавтра
 Күнде - каждый день
 Күндіз - днем
 Таңертең - утром
 Түсте - в полдень
 Кешке - вечером
 Түнде - ночью
 Бұрын - раньше, давно
 Былтыр - в прошлом году
 Биыл - в этом году

Қоштасу – прощание
 Қош болыңыз! – Прощайте!
 Көріскенше! – 1. До встречи! 2. Увидимся
 Кездескенше! – До встречи!
 Келесі кездескенше! – До скорой встречи!
 Сізбен кездескеніме қуаныштымын! - Рад(а) за встречу с Вами!
 Сізді көргеніме қуаныштымын! - Рад(а) был(а) Вас видеть!
 Амандық болса тағы кездесерміз! - Надеюсь, еще встретимся!
 Сәлем айт(ыңыз) - Передай(те) привет!
 Ертеңге дейін! – До завтра!
 Жолың(ыз) болсын! – Счастливого пути!
 Сәттілік тілеймін! – Желаю удачи!

! **ГРАММАТИКА**

Ауыспалы осы шақ
 Ауыспалы келер шақ
 Не істейді? Қайтеді?

Етістік+ **-а, -е, -й**+жіктік жалғауыб, г, ғ, з, й, к, қ, л, м, н, ң, у,
п, р, с, т

а, е, и, ы, і, у

бар+а+мын
кел+е+міноқы+й+мын =оқимын
белгіле+й+мінМен театрға барамын.
Мен кешке театрға барамын.Мен кітап оқимын.
Мен түнде кітап оқимын.

Ауыспалы осы және келер шақтың
 жіктелуі

I Мен таныс-а-мын, кездес-е-мін, сұра-й-мын
 II Сен таныс-а-сың, кездес-е-сің, сұра-й-сың
 Сіз таныс-а-сыз, кездес-е-сіз, сұра-й-сыз
 III Ол таныс-а-ды, кездес-е-ді, сұра-й-ды

I Біз таныс-а-мыз кездес-е-міз сұра-й-мыз
 II Сендер таныс-а-сыңдар кездес-е-сіңдер сұра-й-сыңдар
 Сіздер таныс-а-сыздар кездес-е-сіздер сұра-й-сыздар
 III Олар таныс-а-ды кездес-е-ді сұра-й-ды

1. Жоғарыдағы үлгіге қарап, төмендегі етістіктерді жіктеңіз.

сөйлеу, қайталау, толтыру, жауап беру, үйрену, жұмыс істеу, кездесу, қоштасу, сәлем айту

2. Бос орынға мезгіл үстеулерін қойып, сөйлемдерді толықтырыңыз.

Мен _____ кітап оқимын.
 Сен _____ киноға барасың.
 Сіз _____ телефонмен сөйлесесіз.
 Ол _____ қонаққа келеді.
 Біз _____ жұмысқа барамыз.
 Сендер _____ басқармада кездесесіңдер.
 Сіздер _____ кафеде танысасыздар.
 Олар _____ қазақ тілін үйренеді.

**МЕЗГІЛ ҮСТЕУЛЕРІ
ҚАШАН?**

(ауыспалы келер шақтың индикатор сөздері)
 қазір, бүгін, ертең, бүрсігүні, күнде, күндіз,
 таңертең, түсте, кешке, түнде, биыл



ОҚЫЛЫМ

1. Сұқбаттарды рөлге бөліп оқыңыздар.



- Сәлем, құрбым! Қалайсың?
- Сәлем! Өте жақсы, өзің қалайсың?
- Тамаша! Сені көргеніме қуаныштымын.
- Мен де.
- Кешке кафеге барамыз ба?
- Әрине, барамыз.
- Түсте хабарласамын.
- Жақсы, телефон қоңырауын күтемін.
- Кездескенше.

- Қайырлы кеш, Аян Мақсатұлы!
- Қайырлы кеш, Жан Тұрарұлы!
- Ертең Астанаға барасыз ба?
- Иә, таңертең кетемін.
- Қашан келесіз?
- Бүрсігүні келемін.
- Жақсы. Жолыңыз болсын!
- Рақмет. Кездескенше!

- Қалың қалай, Жұлдыз?
- Жақсы. Сенің қалың қалай?
- Жаман емес. Ертең жұмысқа келесің бе?
- Әрине, келемін.
- Таңертең семинар болады.
- Жақсы, ертеңге дейін!
- Көріскенше!

2. Сұқбаттардағы мезгіл үстеулері мен қоштасу сөздерінің астын сызыңыз.



СӨЙЛЕСІМ

1. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Таңертең не істейсіз?
2. Түсте не істейсіз?
3. Кешке не істейсіз?
4. Жұмысқа қашан келесіз/барасыз?
5. Үйге қашан келесіз/барасыз?
6. Жұмыстан қашан қайтасыз?
7. Демалысқа қашан шығасыз?
8. Бүгін кешке қайда барасыз?



ТЫҢДАЛЫМ

2. Сұқбатты тыңдаңыз, мезгіл үстеулерін қойыңыз.

- Еркебұлан:** Сәлеметсіз бе?
Ақнұр: Сәлеметсіз бе? Тыңдап тұрмын.
Еркебұлан: Арман бар ма екен?
Ақнұр: Ол Астанаға кетті.
Еркебұлан: Қашан келеді?
Ақнұр: _____ келеді.
Еркебұлан: Ол қай күндері жұмыс істейді?
Ақнұр: _____ жұмыс істейді.
Еркебұлан: Жұмысқа қашан шығады?
Ақнұр: _____ шығады.
Еркебұлан: Жақсы, рақмет.
Ақнұр: Сау болыңыз!

3. Диалогтің мазмұны бойынша дұрыс/дұрыс емес нұсқасын белгілеңіз

1. Еркебұлан Астанаға кетті. дұрыс емес
2. Ақнұр телефон соқты. _____
3. Арман Астанаға кетті. _____
4. Арман Астанадан келеді. _____
5. Ол Астанадан ертең шығады. _____
6. Ақнұр ертең жұмысқа барады. _____



ЖАЗЫЛЫМ

1. Сәлемдесу, танысу, қоштасу сөздерін бағандарға орналастырыңыз.

Сәлемдесу	Танысу	Қоштасу

I МОДУЛЬ. ТАНЫСУ

7-САБАҚ. Кездескенше күн жақсы!

🎧 ТЫҢДАЛЫМ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

Қала - город	Кеңес - 1. совещание; 2. совет
Ауыл - село	Жиналыс - собрание
Үй - дом	Үзіліс - перерыв
Дүкен - магазин	Демалыс - отдых, отпуск, выходной
Базар - рынок	Демалу - отдыхать
Асхана - столовая	Көру - видеть, смотреть
Емхана - поликлиника	Қарау - смотреть, глядеть
Кітапхана - библиотека	Кіру - входить, войти
Балабақша - детский сад	Шығу - выходить, выйти
Мектеп - школа	Дұрыс - правильно
Шаштараз - парикмахерская	Дұрыс емес - неправильно

Қоштасу әдебі

Сау бол!
Сау болыңыз!
Сау болыңыздар!
Кездескенше!
Керіскенше!
Жолың болсын!
Жолыңыз болсын!
Жолдарыңыз болсын!
Кездескенше күн жақсы!

! ГРАММАТИКА

СЕПТІК ЖАЛҒАУЛАРЫ

Септіктер	Сұрақтары	Мысалдары
Атау септігі Ілік септігі Барыс септігі Табыс септігі Жатыс септігі Шығыс септігі Көмектес септігі	Кім? Не? Кімдер? Нелер? Кімнің? Ненің? Кімге? Неге? Қайда? Кімді? Нені? Кімде? Неде? Кімнен? Неден? Қайдан? Кіммен? Немен?	Адам Гүл Адамның Гүлдің Адамға Гүлге Адамды Гүлді Адамда Гүлде Адамнан Гүлден Адаммен Гүлмен

Барыс септігі

Шығыс септігі

Сұрақтары	Барыс септігі	Шығыс септігі
	кімге? неге? қайда?	кімнен? неден? қайдан?
Қосымшалары	-ға, -ге, (а, е, и, і, о, ы, м, н, ң, у) балаға, үйге	-қа, -ке (п, т, с, ш, к, қ, б, в, г, д) бастыққа, үйшікке
	-на, -не Зат есім+ [-сы, -сі, -ы, -і] + -на, -не ұлға, ұлына, қалаға, Астана қаласына	-нан, -нен м, н, ң+(-м, -ым, -ім, -ң, -ың, -ің, -сы, -сі, -ы, -і) әжемнен, әжеңнен, әжесінен, балаңнан
	-а, -е Зат есім+[т.ж. I жағы (-м, -ым, -ім)]; [Т.ж II жағы (-ң, -ің, -ың)] + -а, -е ұлыма, ұлыңа	-тан, -тен б, в, г, д, п, т, с, ш, к, қ саябақтан, кеңестен

1. Сұрақтардың көмегімен қажетті жалғауларды қойып жазыңыз.

Кітапханашы оқушы _____ (кімге?) кітап береді.
Заңгер жиналыс _____ (қайдан?) қайтады.
Бас маман басшы _____ (кімге?) кіреді.
Хатшы телефон _____ (неге?) жауап береді.
Дінмұхаммед кино _____ (қайда?) барады.
Әріптесім досы _____ (кімнен?) хабарлама алады.

2. а) Берілген сөзді тәуелден, барыс септігінің жалғауын жалғаңыз.

ә) Берілген сөзді тәуелден, шығыс септігінің жалғауын жалғаңыз.

Менің бала _____ + _____ Біздің _____ + _____
Сенің _____ + _____ Сендердің _____ + _____
Сіздің _____ + _____ Сіздердің _____ + _____
Оның _____ + _____ Олардың _____ + _____

Менің бала _____ + _____ Біздің _____ + _____
Сенің _____ + _____ Сендердің _____ + _____
Сіздің _____ + _____ Сіздердің _____ + _____
Оның _____ + _____ Олардың _____ + _____

СӨЙЛЕСІМ

1. Модель бойынша сөйлем құраңыз.

Қайда?			Қайдан?		
Айгүл	қала	бару	Жұлдыз	кітапхана	келу
Бүркіт	ауыл		Нұрбек	асхана	
Гүлім	жиналыс		Құралай	мейрамхана	
Үмбет	кеңес		Мұрат	емхана	
Үміт	шаштараз		Ұлпан	аурухана	

ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқып, барыс, шығыс септіктеріндегі сөздердің астын сызыңыз.

Мен ауылдан келдім. Қазір қалада тұрамын. Денсаулық басқармасының кадр бөлімінде жұмыс істеймін. Жұмысқа күнде ерте келемін. Таңертең кабинетте құжаттармен жұмыс істеймін, жиналысқа барамын. Түскі үзіліске шығып, әріптестеріммен асханаға барамын. Жұмыстан шығып, дүкенге барамын. Үйге кешке келемін. Түнде телефонмен сөйлесемін, демаламын.

2. Сәйкестендіріңіз.

3. Артық сөзді табыңыз.

Таңертең	жұмыстан қайтады
Түсте	демалады
Кешке	үзіліске шығады
Түнде	жұмыс істейді

1. басқарма, мекеме, бөлім
2. кеңес, жиналыс, үзіліс
3. таңертең, түсте, күндіз
4. демалады, оқиды, жұмыс істейді

ТЫҢДАЛЫМ


1. Тыңдаңыз, сөйлемдерді толықтырыңыз.

- Айзада: Сәлем! Қалайсың? Қайда бара жатырсың?
 Бекжан: Сәлем! Жақсы. _____ бара жатырмын.
 Ал сен қайдан келе жатырсың?
 Айзада: _____ келе жатырмын.
 _____ қашан шығасың?
 Бекжан: _____ кешке шығамын.
 Айзада: Ертең _____ барарсың ба?
 Бекжан: Иә, барамын.
 Айзада: Кездескенше!
 Бекжан: Сау бол!



ЖАЗЫЛЫМ

1. Суреттерді пайдаланып, сөйлеп құраңыз.



I МОДУЛЬ. ТАНЫСУ

8-САБАҚ. Менің аты-жөнім

🎧 ТЫҢДАЛЫМ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

Білім - образование, знание	Бітіру - закончить
Жоғары - высшее	Лауазым - должность
Орта - среднее	Еңбек өтілі - стаж работы
Орта кәсіптік - средне-профессиональное	
Орта арнаулы - средне-специальное	
Жоғары оқу орны - высшее учебное заведение	

- Сіздің аты-жөніңіз кім?
- Қандай оқу орнын бітірдіңіз?
- Біліміңіз қандай?
- Қайда жұмыс істейсіз?
- Лауазымыңыз қандай?
- Еңбек өтіліңіз неше жыл?

! ГРАММАТИКА

ІЛІК СЕПТІГІ (Кімнің? Ненің?)

Жай септеу	(а, е, и, ы, і, м, н, ң)+ (-ның, -нің) баланың, мұғалімнің	(з, ж, й, л, р, у, ю)+ (-дың, -дің) аспаздың, дәрігердің	(б, в, г, д, к, қ, п, с, т, ш)+ (-тың, -тің) : кітаптың, суреттің	
Тәуелді септеу	<p>I жақ (жекеше түрі) Зат есім+(-м, ым, -ім)+ (-ның, -нің): баламның, жұбайымның, әріптесімнің</p> <p>II жақ (жекеше, жай түрі) Зат есім+(-ң, -ың, -ің)+ (-ның/-нің): балаңның, жұбайыңның, әріптесіңнің</p> <p>III жақ (жекеше түрі) Зат есім+(-сы, -сі, -ы, -і)+ (-ның/нің): баласының, інісінің, жұбайының, әріптесінің</p> <p>III жақ (көпше түрі) Зат есім+көптік жалғауы+ (-ы, -і)+(-ның/-нің): балаларының, әріптестерінің</p>	<p>II жақ (жекеше, сыпайы түрі) Зат есім+(-ңыз, -ңіз, -ыңыз, -іңіз)+ (-дың/-дің): балаңыздың, інііздің, жұбайыңыздың, әріптесіңіздің</p> <p>II жақ (көпше, сыпайы түрі) Зат есім+көптік жалғауы+ (-ыңыз, -іңіз)+(-дың/-дің): балаларыңыздың, әріптестеріңіздің</p>		

1. Қажетті жалғауды жалғаңыз.

Лауазымым _____	Лауазымың _____
Еңбек өтілім _____	Еңбек өтілің _____
Жұмыстарым _____	Жұмыстарың _____
Әріптестерім _____	Әріптестерің _____
Лауазымыңыз _____	Лауазымы _____
Еңбек өтіліңіз _____	Еңбек өтілі _____
Жұмыстарыңыз _____	Жұмыстары _____
Әріптестеріңіз _____	Әріптестері _____

Жедел өткен шақ

Не істеді? Қайтті?
Етістік + **(-ды, -ді, -ты, -ті) +**
жіктік жалғауы

(а, е, и, у, ы, з,
л, н, р)+ **(-ды, -ді)**

(к, қ, п, с, т, ш)+
(-ты, -ті)

қара-ды, белгіле-ді,
бар-ды, кел-ді

қайт-ты, кет-ті,
аш-ты, кес-ті

Жедел өткен шақтың

жіктелуі

I Мен оқыдым, келдім, айттым, кеттім
II Сен оқыдың, келдің, айттың, кеттің
Сіз оқыдыңыз, келдіңіз, айттыңыз, кеттіңіз
III Ол оқыды, келді, айтты, кетті

I Біз оқыдық, келдік, айттық, кеттік
II Сендер оқыдыңдар, келдіңдер, айттыңдар, кеттіңдер
Сіздер оқыдыңыздар, келдіңіздер, айттыңыздыр, кеттіңіздер
III Олар оқыды, келді, айтты, кетті

2. Жоғарыдағы үлгіге қарап, төмендегі етістіктерді жіктеңіз.

бітіру, жұмыс істеу, үйрену, сұрау, жауап беру, сөйлесу, хабарласу, танысу, кездесу

СӨЙЛЕСІМ

1. Сұқбатты рөлге бөліп оқыңыздар.

- Кешіріңіз. Сіздің аты-жөніңіз кім?
- Менің аты-жөнім – Ыбыраев Олжас Мәдиұлы . Ал сіздің аты-жөніңіз кім?
- Менің аты-жөнім Жақанов Ерасыл Жарқынұлы.
- Сіз қайда жұмыс істейсіз, Ерасыл Жарқынұлы?
- Мен фирмада жұмыс істеймін. Сіз қайда жұмыс істейсіз?
- Ал мен шахтада жұмыс істеймін. Лауазымым – инженер.
- Менің лауазымым – бас менеджер.
- Ерасыл, сіз қандай оқу орнын бітірдіңіз?
- Жоғары оқу орнын бітірдім. Білімім – жоғары.
- Менің білімім – орта-кәсіптік, колледжді бітірдім.

2. Жұптық жұмыс. Жоғарыдағы үлгі бойынша диалог құрастырып жаттығыңыздар.

ОҚЫЛЫМ

2. Мәтінді оқыңыз.

Менің аты-жөнім – Нұржан Алматыұлы. Тегім – Аманжолов. Мен – мемлекеттік қызметшімін. Мамандығым – экономист. Е.А.Бекетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін бітірдім. Білімім – жоғары. Қазір экономика және қаржы басқармасында жұмыс істеп жүрмін. Еңбек өтілім – 3 жыл. Отбасым бар.

3. Мәтін кейінкерін III жақтан таныстырыңыз.

ҮЛГІ:

Оның аты-жөні – Нұржан Алматыұлы.

ТЫҢДАЛЫМ

2. Тыңдаңыз, мәтінді толықтырыңыз.

Оның _____ – Любовь Константиновна. Оның _____ – мұғалім.
 Ол _____ жұмыс істейді. _____ отбасы бар.
 _____ аты – Олег. _____ – мемлекеттік қызметші. _____ – 7 жыл.
 _____ 2 баласы бар. _____ – студент.

ЖАЗЫЛЫМ

1. Суреттегі адамдарды таныстырып, мәтін құрап жазыңыз.



I МОДУЛЬ. ТАНЫСУ

9-САБАҚ. Өзім туралы

🎧 ТЫҢДАЛЫМ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

Өмірбаян - биография
 Қызығушылық - интерес
 Туу - родиться
 Түсу - поступить
 Аяқтау - закончить, завершить
 Ата-ана, әке-шеше - родители
 Күйеу - муж
 Әйел - женщина, жена
 Еркек, ер адам - мужчина
 Ұл - мальчик, сын
 Қыз - девочка, дочь

Отбасы жағдайы

Жігіттер/ер адамдар

Үйленгенмін - женат
 Үйленбегенмін - не женат
 Үйленген жоқпын - не женился
 Бойдақ, бойдақпын - холост

Бойжеткендер/әйелдер

Тұрмыстамын - замужем
 Тұрмыста емеспін - не замужем
 Тұрмысқа шыққан жоқпын - замуж не вышла

! ГРАММАТИКА

1. Өздік есімдігін қосыңыз.

ӨЗДІК ЕСІМДІГІ

өз, өзім, өзің, өзіңіз,
 өзі, өзіміз, өздерің,
 өздеріңіз, өздері,

Менің _____
 Сенің _____
 Сіздің _____
 Оның _____

Біздің _____
 Сендердің _____
 Сіздердің _____
 Олардың _____

КӨМЕКТЕС СЕПТІГІ (Кіммен? Немен?)

Жай септеу	(а, е, и, ы, і, м, н, ң)+ (-мен): баламен	(з, ж, й, л, р, у, ю)+ (-бен): аспазбен	(б, г, д, к, қ, п, с, т, ш)+(-пен): кітаппен	
Тәуелді септеу	<p>I жақ (жекеше түрі) Зат есім+(-м, -ым, -ім)+ (-мен): баламмен, жұбайыммен әріптесіммен</p> <p>II жақ (жекеше, жай түрі) Зат есім+(-ң, -ың, -ің)+(-мен): балаңмен, жұбайыңмен, әріптесіңмен</p> <p>III жақ (жекеше түрі) Зат есім+(-сы, -сі, -ы, -і)+ (-мен): баласымен, әжесімен, жұбайымен, әріптесімен</p> <p>III жақ (көпше түрі) Зат есім+көптік жалғауы+(-ы, -і)+ (-мен): балаларымен, жұбайларымен, әріптестерімен</p>	<p>II жақ (жекеше, сыпайы) Зат есім+(-ңыз, -ңіз, -ыңыз, -іңіз)+ (-бен): балаңызбен, ініңізбен, жұбайыңызбен, әріптесіңізбен</p> <p>II жақ (көпше, сыпайы) Зат есім+көптік жалғауы+(-ыңыз, -іңіз)+ (-бен): балаларыңызбен, әріптестеріңізбен</p>	<p>2. Қажетті жалғауды жалғаңыз.</p> <p>Отбасым _____ Күйеуім _____ Қарындастарым _____ Көршілерім _____</p> <p>Отбасың _____ Күйеуің _____ Қарындастарың _____ Көршілерің _____</p>	<p>Отбасыңыз _____ Күйеуіңіз _____ Қарындастарыңыз _____ Көршілеріңіз _____</p> <p>Отбасы _____ Күйеуі _____ Қарындастары _____ Көршілері _____</p>

Сын есімнің жұрнағы

Зат есім + (-лық, -лік, -дық, дік, -тық, -тік)
 қала+лық, ақтөбе+лік, ауыл+дық, жаңаөзен+дік,
 сарыағаш+тық, ташкент+тік

2. Қажетті қосымшаны қосыңыз.

қазақстан _____ қарағанды _____
 астана _____ ресей _____
 семей _____ шымкент _____
 жезқазған _____ балқаш _____
 орал _____ тараз _____

ТЫҢДАЛЫМ

2. Тыңдаңыз. Сұқбаттағы жауаптарды толықтырыңыз.

- Сұлтан: - Әмір, сен _____ ба?
 Әмір: - Жоқ, қарағандылық _____.
 Сұлтан: - Қайда _____?
 Әмір: - _____ тудым. Өзің қайда _____, Сұлтан?
 Сұлтан: - Мен осы қалада _____.
 Әмір: _____?
 Сұлтан: - _____ Қарағандыда тұрамын. _____ Қызылордада тұрдым.

СӨЙЛЕСІМ

1. Жұптық жұмыс. Сұқбаттарды оқыңыздар, өзара сөйлесіңіздер.

- Әсия, сіз тұрмыстасыз ба?
- Иә, тұрмыстамын.
- Ал мен әлі үйленген жоқпын.
- Кіммен тұрасыз?
- Әке-шешеммен тұрамын. Сіз кіммен тұрасыз?
- Мен отбасыммен тұрамын.
- Қанат, сен үйленгенсің бе?
- Жоқ, әлі бойдақпын. Өзің үйлендің бе?
- Былтыр үйлендім. Отбасым бар.
- Балаң бар ма?
- Ұлым бар. Аты – Әнуар.
- Жарайсың!

ОҚЫЛЫМ

2. Мәтінді оқыңыз.

ҚҰРБЫМА ХАТ



Сәлеметсің бе, Арайлым, қалың қалай? Сенімен танысқанымға қуаныштымын. Осы хатта саған өзімді таныстырамын. Менің толық аты-жөнім – Әшімова Лаура Сағитқызы. Өзім – қалалықпын, Көкшетау қаласында тудым. Қазір Қарағанды қаласында оқимын. Биыл медицина колледжіне оқуға түстім. Тұрмыста емеспін. Менің қызығушылығым – музыка тыңдау. Күнде кешке классикалық музыка тыңдаймын.

Менің әжем, әке-шешем, ағаларым бар. Олар Көкшетауда тұрады. Арайлым, мен өзім туралы көп жаздым. Хабарласып тұр. Сенен хат күтемін. Сау бол!

2. Сөздерді сәйкестендіріңіз.

3. Дұрыс-бұрысын белгілеңіз.

Лаура Қарағандыда отбасы оның қызығушылығы колледждің	музыка студенті оқиды қалалық ағалары бар Көкшетауда	Сөйлем Арайлым құрбысына хат жазды Лаура медицина колледжінде оқиды Лаура – қарағандылық Отбасы Көкшетауда тұрады	дұрыс	бұрыс
--	---	--	--------------	--------------

ЖАЗЫЛЫМ

1. Арайлымның атынан Лаураға жауап хат жазыңыз.

2. Өзіңіз туралы жазыңыз.

- Менің атым – _____
 Менің тегім – _____
 Мен _____ тудым.
 Мен _____ оқидым.
 Қызығушылығым – _____.
 Мен _____ жұмыс істеймін.
 Мен _____ тұрамын.

I МОДУЛЬ. Танысу

10-САБАҚ. Өзім туралы

🎧 ТЫҢДАЛЫМ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

- Азамат(ша) - гражданин(ин)/(ка)
- Жыл - год
- Жас - 1. возраст; 2. молодой
- Оқуға түсу - поступить
- Жұмысқа тұру - устроиться на работу
- Қызмет атқару - служить, работать
- Тағайындау - назначить
- Марапат - награда
- Марапаттау - награждение

Сіз нешедесіз? - Вам сколько?
Сіз неше жастасыз? - Сколько Вам лет?
Сіздің жасыңыз нешеде? - Каков Ваш возраст?

! ГРАММАТИКА

ЖАТЫС СЕПТІГІ (Кімде? Неде? Қайда?)

Жай септеу	(а, е, ы, і, ю, ж, з, й, л, м, н, ң, р, у)+ (-да/-де): қалада, көшеде	(б, в, г, д, к, қ, п, с, т, ш)+ (-та/-те): жұмыста, кабинетте
Тәуелді септеу	III жақ (жекеше, көпше түрі) Зат есім+(-сы, -сі, -ы, -і)+ (-нда/-нде): қаласында - қалаларында, көшесінде - көшелерінде, жұмысында - жұмыстарында, кабинетінде - кабинеттерінде	

1. Қажетті жалғауды жалған, салыстырыңыз.

2. Қажетті жалғауды жалғаңыз.

Кабинет _____	Қазақ тілі кабинеті _____	Отбасы _____	Үйі _____
Бөлім _____	Заң бөлімі _____	Әке-шешесі _____	Ата-анасы _____
Басқарма _____	Тіл басқармасы _____	Көршісі _____	Әріптесі _____
Мекеме _____	Мемлекеттік мекемесі _____	Ауданы _____	Ауылы _____
Қала _____	Алматы қаласы _____	Бастығы _____	Басшысы _____
Көше _____	Әуезов көшесі _____	Мектебі _____	Балабақшасы _____

САН ЕСІМ. Қанша? Неше? Нешеу?

Есептік сан есім	Реттік сан есім	Жинақтық сан есім
Сан есім+ <input type="checkbox"/>	Сан есім+(-ыншы/ -інші, -ншы/-нші)	Сан есім+(-ау/-еу)
Бір Жетпіс Тоғыз жүз Бір мың	тоқсан+ыншы сексен+інші жиырма+ншы алты+ншы, жеті+нші	бір+еу, бес+еу Екі+еу, алты+ау Үш+еу, жеті+еу Төрт+еу

4. Сандарды сөзбен жазыңыз.

9 оқулық	_____
12 тыңдаушы	_____
8 үстел	_____
Есік 1-еу	_____
3-қабат	_____
1 тоқсан	_____
16 желтоқсан	_____
1991 жыл	_____

3. Сандарды оқыңыз, айтып жаттығыңыз.

Бірліктер	Ондықтар	Жүздіктер	Мыңдықтар
1 - бір	10 - он	100 - бір жүз	1000 - бір мың
2 - екі	20 - жиырма	200 - екі жүз	2000 - екі мың
3 - үш	30 - отыз	300 - үш жүз	3000 - үш мың
4 - төрт	40 - қырық	400 - төрт жүз	4000 - төрт мың
5 - бес	50 - елу	500 - бес жүз	5000 - бес мың
6 - алты	60 - алпыс	600 - алты жүз	6000 - алты мың
7 - жеті	70 - жетпіс	700 - жеті жүз	7000 - жеті мың
8 - сегіз	80 - сексен	800 - сегіз жүз	8000 - сегіз мың
9 - тоғыз	90 - тоқсан	900 - тоғыз жүз	9000 - тоғыз мың



? СӨЙЛЕСІМ

1. Жұптық жұмыс. Үлгі бойынша сөйлесіңіздер.



- Сіз нешедесіз?
- Сіз неше жастасыз?
- Сіздің жасыңыз нешеде?

- Мен отыз бестемін.
- Мен отыз бес жастамын.
- Менің жасым отыз бесте.



2. Жұптық жұмыс. Көршіңіздің жасы туралы III жақта айтып беріңіз.

🔊 ТЫҢДАЛЫМ

2. Тыңдаңыз. Мәтінді толықтырыңыз.

Біз бір бөлімде _____ адам жұмыс істейміз. Үлкеніміз – Еркін ағай. Ол _____ жылы туған, _____ жаста. Сәния апай _____ жылы туған, _____ жаста. Ол Еркін ағайдан _____ жас кіші. Ермек _____ жылы туған, _____ жаста. Ол Сәния апайдан _____ жас кіші. Аңсаған _____ жылы туған, _____ жаста. Ал мен өзім _____ жылы тудым, _____ жастамын. Аңсағаннан _____ жас үлкенмін.

✍️ ЖАЗЫЛЫМ

1. Өз мекемеңіздегі үш адамның жасын, туған жылын жазыңыз.

2. Жіктік жалғауын қосыңыз.

Жекеше	I Мен қырық алтыда _____ /отыз бірде _____ II Сен қырық алтыда _____ /отыз бірде _____ Сіз қырық алтыда _____ /отыз бірде _____ III Ол қырық алтыда _____ /отыз бірде _____	Көпше	I Біз қырық алтыда _____ /отыз бірде _____ II Сендер қырық алтыда _____ /отыз бірде _____ Сіздер қырық алтыда _____ /отыз бірде _____ III Олар қырық алтыда _____ /отыз бірде _____
--------	--	-------	--

3. Үлгідегідей 4 сөйлем жазыңыз.

ҮЛГІ: Мен қырықтамын.
Мен қырықта емеспін.

4. Сандарды сөзбен жазып, сауалнаманы толтырыңыз.

Менің туған жылым: _____

Менің жасым: _____

Менің еңбек өтілім: _____

Менің мекенжайым: _____

📖 ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

Мен, Бақтыбаева Меруерт Кеңесқызы, 1988 жылдың 25 мамырында Қарағанды облысы, Шет ауданы, Талды ауылында тудым. 1995 жылы Талды орта мектебіне барып, 2006 жылы аяқтадым. Сол жылы Алматы қаласына барып, педагогикалық университетке оқуға түстім. Университетті 2010 жылы бітірдім. Сол жылы Қарағандыға келіп, №74 мектепке жұмысқа тұрдым. Мамандығым – география мұғалімі. Мектепте алтыншы жыл жұмыс істеп жүрмін. Тұрмыста емеспін.

2. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Меруерт қайда туды?
2. Ол қай жылы туды?
3. Қазір оның жасы нешеде?
4. Университетке қай жылы түсті?
5. Қазір қай мектепте жұмыс істейді?
6. Еңбек өтілі неше жыл?

3. Мәтін бойынша артық сөзді сызып тастаңыз.

1. Қарағанды, Астана, Алматы
2. мектеп, университет, институт
3. келу, бару, отыру
4. түсу, бітіру, кету
5. қала, көше, ауыл
6. 1988 жыл, 2010 жыл, 2016 жыл

Отбасы

I модуль

II модуль

III модуль

IV модуль

V модуль

VI модуль

ҚОСЫМША

II модуль. Отбасы

1-сабақ. Менің туыстарым

2-сабақ. Менің отбасым

3-сабақ. Адам келбеті

4-сабақ. Адамның мінез-құлқы

5-сабақ. Менің туған күнім

6-сабақ. Құттықтау



II МОДУЛЬ. Отбасы

1-САБАҚ. Менің туыстарым

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

Әке - отец
Шеше (ана) - мать
Туыс - родственник
Ата - дедушка
Әже - бабушка

Ақсақал - пожилой человек, дедушка
Нағашы - родственник по лин.матери
Аға - брат
Әпке - сестра

Сіңлі - сестренка (по отн. к женщ.)

Бауыр - младший брат (по отн.к женщ.)

Келін - сноха, невестка

Күйеу бала - зять

Немере - 1. внук/внучка (по отцов.линии)

2. двоюродный (по отцов.линии)

Жиен - 1. внук/внучка (по жен.линии) 2. племянник/племянница

Шөбере - правнук/правнучка

Зейнеткер - пенсионер

Кәсіпкер - предприниматель

! ГРАММАТИКА

1. Жалғаулықтарды қосыңыз.

Ыңғайлас жалғаулықтар

мен, бен, пен, және, әрі
(Асқар мен Олжас,
Қанат пен Әділ,
Жұлдыз бен Дәурен)

да, де, та, те
(жұмыс та, кабинет те,
отбасым да)

Гүлнар _____, Сәуле _____ әкем _____, шешем _____
Айбат _____, Азамат _____ ағам _____, інім _____
Анар _____, Шынар _____ атаң _____, апаң _____
Келбет _____, Ербол _____ туыс _____, әпке _____
Құндыз _____, Ғайни _____ жолдас _____, дос _____

3. Үлгідегідей жазыңыз.

Үлгі: Менің екі балам бар.
Менің балам – екеу

Жинақтық сан есім (нешеу?)

-ау, -еу (біреу, екеу, үшеу,
төртеу, бесеу, алтау, жетеу)

Менің екі әжем бар. _____
Сенің бір қарындасың бар. _____
Сіздің үш күйеу балаңыз бар. _____
Оның төрт келіні бар. _____

4. Сұраққа жауап беріңіз.

- Сіздің балаңыз нешеу? _____
- Сіздің әпкеңіз нешеу? _____
- Сіздің бауырыңыз нешеу? _____
- Сіздің ағаңыз нешеу? _____

🎧 ТЫҢДАЛЫМ

2. Тыңдаңыз. Диалогті толықтырыңыз.

Айгүл: - Алло, Райгүл, қалың қалай?

Райгүл: - _____, сіз бе? Өз қалыңыз қалай?

Айгүл: - Жақсы. _____ қандай жаңалық бар?

Райгүл: - _____ екеуі Астанаға кетті.

Айгүл: - Неше күнге кетті?

Райгүл: - _____.

Айгүл: - Райгүл, үйде _____ отырмыз. Жалғас Алматыға кетті. Ертең _____ киноға барамыз ба?

Райгүл: - Әрине, _____. Менің уақытым бар.

Айгүл: - Онда мен _____ киноға билет аламын.

Райгүл: - Кездескенше!



3. Тыңдаңыз. Сұқбаттағы туыстық атауларды анықтаңыз.



- Сәлем, Еркін! Сенімен кездескеніме қуаныштымын.
- Мен де, Дидар. Қалың қалай? Қандай жаңалық бар?
- Менде ме? Ертең _____ жаңа пәтерге кіреді.
- Жақсы жаңалық екен. Сен _____ тұрасың ба?
- Жоқ. Олармен _____ мен _____ тұрады.
- Ал _____ екеуің қайда тұрасыңдар?
- _____ Алматыға оқуға кетеді. _____ кішкентай пәтерді маған берді.

СӨЙЛЕСІМ

1. Жұптық жұмыс. Модель бойынша сөйлесіңіздер.

Айбектің туыстары	Екі әпкесі, бір қарындасы	Мөлдірдің отбасы	күйеуі, әке-шешесі, атасы мен әжесі	Олардың жастары 25- 45 - 47 – 69 - 72
Жасұланның туыстары	Бір ағасы, екі інісі	Гүлнардың отбасы	әке-шешесі, ағасы, сіңлісі	Олардың жастары 54 - 59 - 29 - 17

ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

Менің атым – Мұрат. Жасым 35-те. Мынау – отбасымыздың альбомы. Альбомда өзіміздің отбасы мүшелерінің де, туыстарымыздың да фотосуреттері бар.

Мына ақсақал – атам Ибраһим, ол 85 жаста. Мына кісі – әжем Әмина, жасы 81-де. Екеуі де – зейнеткер. Ал мынау – әкем Санжар, 62 жаста, ал мынау – анам Нұргүл, 57 жаста. Мына фотодағы – нағашы ағам Нұрпейіс пен жиенім Исатай. Мынау – әйелім Меруерт. Ол 33 жаста, екеуміз де заңгерміз. Мынау – ұлым Ерасыл, жасы 14-те, ал мынау – қызым Жазира, 9-да. Екеуі де оқушы.

2. Сәйкестендіріңіз.

Атасы	сексен бірде
Әжесі	алпыс екі жаста
Әкесі	елу жетіде
Анасы	сексен бесте
Әйелі	отыз бесте
Ұлы	тоғызда
Қызы	отыз үште
Өзі	он төрт жаста

3. Мәтін бойынша дұрыс-бұрысын тексеріңіз.

Сөйлем	дұрыс	бұрыс
Мұраттың әке-шешесі бар		
Әжесінің аты – Нұргүл		
Мұраттың күйеу баласы мен келіні бар		
Нағашы ағасының жасы 62-де		

ЖАЗЫЛЫМ

1. Үлгі бойынша өзіңіздің туыстарыңыз туралы жазыңыз.

Туыстық атау	аты	мамандығы	жұмысы (оқуы)
Ағам	Талғат	инженер	Қарағанды теплотранзит мекемесінде жұмыс істейді.

II МОДУЛЬ. Отбасы

2-САБАҚ. Менің отбасым

 **ТЫҢДАЛЫМ**

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

Үлкен - 1. большой 2. старший
 Кіші, кішкентай - 1. маленький 2. младший
 Шағын - небольшой
 Тату - дружно, дружный
 Үлгілі - образцовый
 Бақытты - счастливый
 Бірге - вместе
 Бөлек - отдельно
 Сүйу - любить
 Жақсы көру - любить
 Ұнау, ұнату, ұнайды - нравиться
 Сыйлау - 1. уважать 2. дарить

- Сіздің отбасыңыз бар ма? // - Иә, менің отбасым бар.
 - Отбасыңыз үлкен бе? // - Отбасым үлкен/шағын.
 - Отбасыңызда қанша адам бар? // - Отбасымда ... бар.
 - Отбасыңызда кімдер бар? // - Отбасымда ... бар.
 - Балаларыңыз бар ма? // - Балаларым бар/жоқ.
 - Қанша балаңыз бар? // - ... балам бар.
 - Ата-анаңызбен бірге/бөлек тұрасыз ба? //
 - Иә, бірге тұрамын./Жоқ, бөлек тұрамын.

 **ГРАММАТИКА**

ТАБЫС СЕПТІГІ (Кімді? Нені?)

Жай септеу	(а, е, и, ы, і)+ (-ны, -ні): ата-ананы, әке-шешені	(з, ж, й, л, р, у, ю)+ (-ды, -ді): альбомды, дәптерді	(б, в, г, д, к, қ, п, с, т, ш)+ (-ты, -ті): кітапты, суретті
Тәуелді септеу		I жақ (жекеше) Зат есім+(-м, ым, -ім)+ (-ды,/-ді): ата-анамды, әке-шешемді, бауырымды, келінімді II жақ (жекеше, жай) Зат есім+(-ң, -ың, -ің)+ (-ды/-ді) III жақ (жекеше, сыпайы) Зат есім+(-ңыз, -ңіз, -ыңыз, -іңіз)+ (-ды/-ді)	III жақ (жекеше) Зат есім+(-сы, -сі, -ы, -і)+ (-н): баласын, інісін, жұбайын, әріптесін III жақ (көпше) Зат есім+көптік жалғауы+ (-ы, -і)+(-н): балаларын, әріптестерін

1. Сәйкестендіріңіз.

хат, жаттығу, өмірбаян
тапсырма, жауап
қазақ тілін, домбыраны
әңгімені, хатты
газет, билет, кітап
аты-жөнін, мекенжайын

жазу
оқу
үйрену
айту
алу
беру

2. Салыстырыңыз және бірнеше сөйлем құраңыз.

Үлгі: Мен газет оқыдым/ Мен мына газетті оқыдым

ЖІКТЕУ ЕСІМДІГІНІҢ СЕПТЕЛУІ

Атау (кім?)	мен	сен	сіз	ол	біз
Ілік (кімнің?)	менің	сенің	сіздің	оның	біздің
Барыс (кімге?)	маған	саған	сізге	оған	бізге
Табыс (кімді?)	мені	сені	сізді	оны	бізді
Жатыс (кімде?)	менде	сенде	сізде	онда	бізде
Шығыс (кімнен?)	менен	сенен	сізден	одан	бізден
Көмектес (кіммен?)	менімен	сенімен	сізбен	онымен	бізбен

3. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Кімді сыйлайсыз?
2. Кімді ұнатасыз?
3. Кімді жақсы көресіз?
4. Кімді сүйесіз?
5. Нені сыйлайсыз?
6. Нені ұнатасыз?
7. Нені жақсы көресіз?
8. Нені сүйесіз?

ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз. Мәтінге және мәтіндегі азатжолдарға тақырып қойыңыз.

Мен – бақытты әйелмін. Менің жұбайым, балаларым, келінім мен немерем бар. Жұбайым Максим 50 жаста. Ол – басқарма басшысы.

Үлкен ұлымыз Данил 29-да. Үйленген, 1 баланың әкесі. Мамандығы – дәрігер. Келініміз Вероника да дәрігер. Олар бізден бөлек тұрады, тату отбасы.

Кіші ұлым Денис 24-те. Оның мамандығы – заңгер. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін бітірді. Қазір магистратурада оқып жатыр. Үйленген жоқ.

Балаларымыз бізді сыйлайды. Біз – үлгілі отбасымыз.

3. Дұрыс-бұрысын белгілеңіз.

Сөйлем	дұрыс	бұрыс
Бұл отбасы – дәрігерлер отбасы.		
Оның бір ұлы үйленген, бір ұлы үйленбеген.		
Үлкен ұлы мен келіні жиырма тоғыз жаста.		
Денис магистратурада оқиды.		
Максимнің екі баласы бар.		



СӨЙЛЕСІМ

1. Жұптық жұмыс. Модель бойынша өз отбасыларыңыз туралы сөйлесіңіздер.

Отбасы мүшелері/ олардың жасы/ мамандығы/лауазымы/қызығушылығы

ТЫҢДАЛЫМ

2. Тыңдаңыз. Алдиярдың отбасы мүшелерін анықтаңыз.

Алдиярдың отбасы мүшелері:

ЖАЗЫЛЫМ

1. Өз отбасыңыз туралы шағын мәтін құрастырыңыз.

II МОДУЛЬ. Отбасы

3-САБАҚ. Адам келбеті

ТЫҢДАЛЫМ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

Адам келбеті - внешность человека	Кірпік - ресницы	Кеуде - грудь
Дене мүшелері – части тела	Бет - лицо	Арқа - спина
Бой – рост	Мұрын - нос	Іш - живот
Дене – тело	Ерін - губа, губы	Бел - поясница, талия
Бас - голова	Ауыз - рот	Қол - рука, руки
Шаш - волосы	Тіс - зубы	Саусақ - палец
Құлақ - ухо, уши	Тіл - язык	Тырнақ - ноготь, ногти
Маңдай - лоб	Мұрт - усы	Аяқ - нога, ноги
Қас - брови	Сақал - борода	Сипаттау - описать
Қабақ - веко	Мойын - шея	Ұқсайды - похож
Көз - глаза	Иық - плечо, плечи	Ұқсамайды - непохож

2. Тыңдаңыз, оқыңыз және есте сақтаңыз

ГРАММАТИКА

САПАЛЫҚ СЫН ЕСІМ

Сұрағы: қандай?

Мысалы: ұзын, қысқа, аласа, арық, толық, ірі, үлкен, кішкентай, қалың, жұқа, жуан, жіңішке, кең, тар

1. Жоғарыдағы сөздердің тиістісін қойыңыз.

1. Айзаданың бойы _____, Мәдинаның бойы _____.
2. Әсеттің денесі _____, Әселдің денесі _____.
3. Арайдың шашы _____, Нұрайдың шашы _____.
4. Жанның маңдайы _____, Әлидің маңдайы _____.
5. Нинаның көзі _____, Вераның көзі _____.
6. Аннаның кірпігі _____, Олегтің кірпігі _____.
7. Хазардың мұрны _____, Сивараның мұрны _____.
8. Шахзоданың ерні _____, Закирдің ерні _____.
9. Саяның саусақтары _____, Аянның саусақтары _____.
10. Ахметтің бөлі _____, Айлиннің бөлі _____.



Адамның келбетін сипаттауда қолданылатын сөздер

Бойы	Денесі	Беті	Көзі	Мұрны	Ерні	Маңдайы	Шашы
ұзын қысқа орта аласа	арық толық денелі ірі нәзік	аққұба қараторы сары	үлкен кішкентай қысық	қыр таңқы пұшық жалпақ дөңес	томпақ қалың жіңішке	ашық кең тар	ұзын қысқа қалың жұқа сирек бұйра

ЖАЗЫЛЫМ

1. Кестедегі сөздерді пайдаланып, әріптесіңізді сипаттаңыз.

2. Суреттегі адамдардың келбетін сипаттап жазыңыз.



Бұл – _____



Бұл – _____

ТЫҢДАЛЫМ

2. Тыңдаңыз, сөйлемдерді толықтырыңыз.

Менің атым – _____. Мен _____ жұмыс істеймін. Мен _____ жастамын. Бойым _____, денем _____, маңдайым _____, көзім _____, мұрным _____, шашым _____. Мен _____ қызбын.

ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз. Мәтіннің көмегімен әріптестеріңіз туралы айтыңыз.

Біздің басқармада жас мамандар көп.
 Бекжан 25 жаста, заңгер. Оның денесі ірі, бойы ұзын, маңдайы кең, қасы қалың, мұрны дөңес, шашы сирек, қараторы жігіт. Сақал-мұрты бар.
 Экономистің аты – Айзада. Ол – бойы аласа, денесі нәзік, көзі үлкен, кірпігі ұзын, сары қыз.
 Нұргүлім – хатшы. Жасы 22-де. Оның бойы орташа, денесі арық, аққұба қыз. Шашы ұзын, бұйра.

2. Мәтін бойынша бағандарды толтырыңыз.

Мамандар	Бойы	Денесі	Көзі	Қасы	Кірпігі	Маңдайы	Шашы
Бекжан							
Айзада							
Нұргүлім							

СӨЙЛЕСІМ

1. Сұқбатты рөлге бөліп оқыңыздар.

Заңғар: - Қалайсың, Әйгерім?
Әйгерім: - Жақсы. Өзің қалайсың?
Заңғар: - Рақмет, жақсы. Тұрмысқа шықтың ба?
Әйгерім: - Иә. Өзің үйлендің бе?
Заңғар: - Жоқ, әлі үйленген жоқпын.
Әйгерім: - Менің тұрмысқа шықпаған құрбыларым бар.
Заңғар: - Онда құрбыларыңмен таныстыршы.
Әйгерім: - Жақсы, таныстырайын.
Заңғар: - Құрбыларың қандай?
Әйгерім: - Бәрі әдемі. Сені Еркеназбен таныстырайын.
Заңғар: - Еркеназды сипатташы.
Әйгерім: - Еркеназдың бойы аласа, денесі нәзік.
Заңғар: - Көзі қандай?
Әйгерім: - Көзі үлкен.
Заңғар: - Шашы ұзын ба?
Әйгерім: - Иә, шашы ұзын.
Заңғар: - Онда мені таныстыр.

2. Сұқбатты оқып, одан әрі жалғастырыңыз.

Сергей: - Сәлем, Олеся!
Олеся: - Сәлем! Отбасың қалай?
Сергей: - Жақсы.
Олеся: - Сергей, сенің неше балаң бар?
Сергей: - Екі балам бар, екеуі де қыз.
Олеся: - Ал менің екі ұлым бар.
Сергей: - Тамаша! Ұлдарың қандай?
Олеся: - Ұлдарымның бойлары ұзын, денелері ірі.
Сергей: - Менің қыздарымның бойлары орташа.
Олеся: - Үлкен ұлым атасына ұқсайды, көзі қысық, маңдайы кең, мұрны қыр, шашы сирек.
Сергей: - Кіші ұлың кімге ұқсайды?
Олеся: - Маған ұқсайды. Аққұба, маңдайы ашық, көзі үлкен, шашы жұқа.
Сергей: - Менің қыздарым аналарына ұқсайды, екеуі де әдемі.

3. Досыңызды немесе құрбыңызды сипаттап, әріптесіңізге таныстырыңыз.

II МОДУЛЬ. Отбасы

4-САБАҚ. Адамның мінез-құлқы

ТЫҢДАЛЫМ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

Жеке қасиет - личное качество
Адал - честный
Ақкөңіл - искренний
Ақылды - умный
Әдепті, сыпайы - вежливый
Көңілді - веселый
Көпшіл - общительный
Мейірімді - добрый
Сабырлы - спокойный
Сенімді - верный, надежный
Тұйық - замкнутый

Іскери қасиет - деловое качество
Беделді - авторитетный
Білімді - образованный, знающий
Білікті - квалифицированный
Еңбекқор - трудолюбивый
Жан-жақты - разносторонний
Жауапты - ответственный
Сауатты - грамотный
Тәжірибелі - опытный
Ұқыпты - аккуратный
Іскер - деловой

ГРАММАТИКА

1. Қарсы мағынасын жазыңыз.

ТУЫНДЫ СЫН ЕСІМ

Зат есім + (-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті, -сыз, -сіз)

р,й,у	л,м,н,ң,з	к, қ, п, с, т, ш	дауысты, дауыссыз
-лы, -лі	-ды, -ді	-ты, -ті	-сыз, -сіз
сабыр+лы тәжірибе+лі	ақыл+ды білім+ді	сауат+ты білік+ті	ұқып+сыз, әдеп+сіз

Ақылды - ақылсыз

Әдепті - _____
Көңілді - _____
Сабырлы - _____
Сенімді - _____
Білімді - _____
Жауапты - _____
Сауатты - _____
Мейірімді - _____
Ұқыпты - _____

СЫН-ҚИМЫЛ ҮСТЕУІ

Үнемі - всегда, все время, постоянно
Ылғи - постоянно
Кейде - иногда

2. Қажетті нұсқаны қойыңыз.

Мен жұмысқа _____ ерте барамын.
Сен жұмыстан _____ кеш қайтасың.
Ол _____ демалыс күні жұмысқа шығады.

ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз. Мәтіннің азатжолдарына тақырып қойыңыз.

Менің әріптесімнің аты-жөні – Коваленко Лариса Ивановна. Ол – есеп бөлімінде жұмыс істейді. Лауазымы – бас бухгалтер. Жалпы еңбек өтілі 16 жыл, біздің мекемеде 7 жыл жұмыс істейді.

Лариса Ивановна – білімді, білікті, жан-жақты және сауатты маман. Жұмысын жақсы көреді. Ол – жұмысына адал. Әріптестерімен сыпайы, әріптестері де оны сыйлайды.

Оның бойында жақсы қасиеттер көп. Ол – ақкөңіл, көпшіл адам. Достарына адал, сенімді. Лариса Ивановна – ақылды әйел.

I азатжол:

II азатжол:

III азатжол:

2. Мәтінде жоқ сөзді сызып тастаңыз.

3. Сәйкестендіріңіз.

1. Адам, ана, әйел
2. Жауапты, білімді, білікті
3. Әріптес, жолдас, дос
4. Мекеме, бөлім, басқарма
5. Бас бухгалтер, басшы, маман
6. Тұйық, ақкөңіл, сенімді

Бөлімі
Лауазымы
Еңбек өтілі
Жұмысына
Жеке қасиеті
Іскери қасиеті

сауатты
ақкөңіл
бас бухгалтер
16 жыл
есеп
адал

СӨЙЛЕСІМ

1. Жұптық жұмыс. Жақша ішіндегі сөздерді пайдаланып, сұқбаттасыңыздар.

1. Сіз таңертең ерте тұрасыз ба? \үнемі, ылғи, кейде \
2. Сіз таңертең жаттығу жасайсыз ба? \үнемі, ылғи, кейде\
3. Сіз жұмысқа кешігесіз бе? \үнемі, ылғи, кейде\
4. Сіз жұмыстан кеш қайтасыз ба? \үнемі, ылғи, кейде\

2. Модель бойынша сөйлесіңіздер.

Әріптесім	сауатты, ақкөңіл, жауапсыз,	маман
Досың	әдепті, ұқыпсыз, іскер,	адам
Құрбыңыз	көпшіл, сабырсыз, тәжірибелі,	әйел
Қызы	жан-жақты, еңбеккор, мейірімді	бойжеткен
Ұлымыз		жігіт

ТЫҢДАЛЫМ

2. Тыңдаңыз. Бос орындарды толықтырыңыз.

Менің әкем – _____ адам. Лауазымы – басқарма басшысының _____. Ол әріптестері арасында _____. _____ жұмыста. Анамның мамандығы – _____. Ол – _____, _____, _____ әйел. Әпкем _____ жұмыс істейді. Ол да _____, _____ маман. Қарындасым _____ оқиды. Ол – _____, _____ қыз. Өзім – _____. Аудит _____ бас маманмын. Жұмысыма өте _____.

Барлығымыздың біліміміз _____. Біз _____ отбасымыз.


3. Мәтінге тақырып қойыңыз.

4. Мәтін бойынша жеке және іскери қасиеттерін бағандарға бөліп жазыңыз.

Әкесі	Анасы	Әпкесі	Қарындасы	Өзі

ЖАЗЫЛЫМ

1. Суреттегі адамдардың мінез-құлқын сипаттаңыз.



.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....



.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....



.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

II МОДУЛЬ. Отбасы

5-САБАҚ. Менің туған күнім

 **ТЫҢДАЛЫМ**

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

Туған күн - день рождение
 Мерейтой - юбилей
 Мереке, мейрам - праздник
 (... жасқа) толу - исполниться (... лет)
 Тойлау - праздновать
 Атап өту - отметить, отмечать
 Безендіру - оформлять, украшать
 Тосынсый - сюрприз
 Гүлшоқ - букет

Әшекей - украшение
 Ойыншық - игрушка
 Сыйлық - подарок
 Сыйлық алу - купить подарок
 Сыйлық беру - подарить
 Әзірлеу - готовить, приготовить
 Дайындау - готовить, приготовить
 Шақыру - приглашение, пригласить
 Қонақ шақыру - пригласить в гости

Құттықтау әдебі

Туған күніңізбен!
 Мерейтойыңызбен!
 Мерекеңізбен!
 Туған күніңіз құтты болсын!
 Мерейтойыңыз құтты болсын!
 Мерекеңіз құтты болсын!

Сізді ...
 ... туған күніңізбен
 ... мерейтойыңызбен
 ... мерекеңізбен
 құттықтаймын!

Сізге ...
 - зор денсаулық,
 - мол бақыт,
 - ұзақ өмір
 тілеймін

 **ГРАММАТИКА**

Ауыспалы осы және келер шақтың болымды, болымсыз түрі

Етістік+(-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе)+(-а/-е/-й)+жіктік жалғауы

Болымды етістік	-ма/-ме	Болымды етістік	-ба/-бе	Болымды етістік	-па/-пе
тойла	тойлама	жаз	жазба	айт	айтпа
шақыр	шақырма	сез	сезбе	аш	ашпа
әзірле	әзірлеме			кет	кетпе
жібер	жіберме			атап өт	атап өтпе

Ауыспалы осы және келер шақтың болымсыз түрінің жіктелуі

I Мен тойла-**ма**-й-мын, атап өт-**пе**-й-мін
 II Сен тойла-**ма**-й-сың, атап өт-**пе**-й-сің
 Сіз тойла-**ма**-й-сыз, атап өт-**пе**-й-сіз
 III Ол тойла-**ма**-й-ды, атап өт-**пе**-й-ді

I Біз тойла-**ма**-й-мыз, атап өт-**пе**-й-міз
 II Сендер тойла-**ма**-й-сыңдар, атап өт-**пе**-й-сіңдер
 Сіздер тойла-**ма**-й-сыздар, атап өт-**пе**-й-сіздер
 III Олар тойла-**ма**-й-ды, атап өт-**пе**-й-ді

1. Кестеде берілген етістіктермен сөйлем құраңыз.

Реттік сан есім
Нешінші?

Сан есім+ (-ыншы, -інші, -ншы, -нші)
 Бір-інші, алты-ншы. Менің туған күнім бірінші наурызда.

2. Тиісті жұрнақтарын жалғаңыз.

бір _____ алты _____
 екі _____ жеті _____
 үш _____ сегіз _____
 төрт _____ тоғыз _____
 бес _____ он _____

 **СӨЙЛЕСІМ**

1. Диалогті оқыңыз.

- Сәлеметсіз бе, Әсел Жанатқызы!
- Сәлеметсіз бе, Нұрлан Мұқанұлы!
- Әсел, сіздің туған күніңіз қашан?
- Менің туған күнім 13 тамызда. Ал сіздің туған күніңіз қашан?
- Менің туған күнім 16 қарашада. Сіз туған күніңізді атап өтесіз бе?
- Иә, атап өтемін.
- Кімдермен бірге атап өтесіз?
- Отбасыммен, достарыммен және әріптестеріммен.



2. Сөйлемдерді сәйкестендіріп, шағын сұхбат құрастырыңыз.

Бүгін – менің туған күнім.
Туған күнімді «Ақжол» кафесінде атап өтемін.
Сені туған күніме шақырамын.
25 жасқа толдым.
Бүгін кешке.

Қай уақытта?
Ұзақ өмір тілеймін!
Құттықтаймын!
Жұмыстан кейін барамын.
Шақырғаныңа рақмет!



3. Құттықтау әдебін қатыстырып, әріптесіңізбен сұхбаттасыңыз.

 **ОҚЫЛЫМ**

1. Мәтінді оқыңыз.

Менің атым – Айлин. Менің туған күнім – 2 тамызда. Туған күнімде мені ата-анам, туыстарым және достарым құттықтайды. Таныстарым телефон соғып құттықтайды. Біз туған күнді отбасымызбен тойлаймыз. Кейде қонақ шақырамыз. Анам тамақ әзірлейді. Әпкем салаттар әзірлейді. Бұл күні менің көңіл күйім жақсы болады. Өйткені барлығы жақсы тілектер айтады, әртүрлі сыйлықтар әкеледі. Достарым тосынсый жасайды. Мен өз туған күнімді көңілді өткіземін. Туған күн – менің өмірімдегі ең жақсы мереке.

2. Мәтіндегі ақпаратты III жақта баяндаңыз.

3. Модель бойынша сөйлем құраңыз.

Айлин	ата-ана, аға, әпке, сіңлі, достары, туыстары	гүлшоқ, кітап, ойыншық, ақша, альбом, көлік, көйлек, сөмке, әшекей, ұялы телефон, пәтер	сыйлайды сыйламайды
-------	--	---	---------------------

 **ТЫҢДАЛЫМ**

2. Мәтінді тыңдаңыз. Бос орындарға отбасы мүшелерінің туған күндерін жазыңыз.

Менің отбасымда 5 адам бар. Олар: әкем, ағам, әпкем және мен. Біздің үйде туған күндерімізді отбасымызбен атап өту дәстүрі қалыптасқан. Барлығымыздың туған күндеріміз жылдың әр мезгілінде. Әкем қыста туған. Оның туған күні _____. Анам көктемде, _____ туған. Анамның туған күнін Наурыз мейрамымен қатар тойлаймыз. Ағам мен әпкемнің туған күндері күзде. Ағам әпкемнен 2 жас үлкен. Ағамның туған күні _____, ал әпкемнің туған күні _____. Мен жазда тудым. Туған күнім _____.

 **ЖАЗЫЛЫМ**

1. Модель бойынша сөйлем құраңыз..

Менің	әке ана аға әпке сіңлі	туған күні	15 қараша 4 қазан 5 мамыр 26 наурыз 17 желтоқсан	_____
-------	------------------------------------	------------	--	-------

2. “Менің туған күнім” тақырыбына әңгіме құрастырыңыз.

II МОДУЛЬ. Отбасы

6-САБАҚ. Құттықтау

🎧 ТЫҢДАЛЫМ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

Зор денсаулық - крепкое здоровье
 Мол бақыт - огромное счастье
 Ұзақ өмір - долгая жизнь
 Ашық аспан - чистое небо
 Табысты еңбек - успешный труд
 Шынайы махаббат - искренняя любовь
 Тілек - пожелание, желание
 Тілек айту - пожелать
 Алғыс - благодарность
 Алғыс айту - благодарить

Қабыл алу - принять
 Ашықхат - открытка
 Құрметті - уважаемый/-ая
 Қымбатты - дорогой/-ая
 Дәмхана - кафе
 Мейрамхана - ресторан
 Туған күн иесі - именинник/ца
 Мерейтой иесі - юбиляр
 Құрметпен - с уважением
 Шын жүректен - от чистого сердца

Алғыс айту әдебі

Ықыласыңызға рақмет!
 Ілтипатыңызға рақмет!
 Кеңіліңізге рақмет!
 Алғыс айтамын!
 Алғысым шексіз!
 Алғысымды білдіремін!
 Айтқаныңыз келсін!

! ГРАММАТИКА

ЖЕДЕЛ ӨТКЕН ШАҚТЫҢ БОЛЫМДЫ, БОЛЫМСЫЗ ТҮРІ

- Етістік+(-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе)+(-ды/-ді, -ты/-ті) +жіктік жалғауы
- Етістік+(-ған/-ген, -қан/-кен) - жоқ +жіктік жалғауы
- Етістік+(-ған/-ген, -қан/-кен) - емес +жіктік жалғауы

Болымды етістік	-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе	(-ған/-ген, -қан/-кен) -- жоқ	(ған/-ген, -қан/-кен) -- емес
сыйлық алды	сыйлық алмады	сыйлық алған жоқ	сыйлық алған емес
сыйлық берді	сыйлық бермеді	сыйлық берген жоқ	сыйлық берген емес
тілек айтты	тілек айтпады	тілек айтқан жоқ	тілек айтқан емес
хат жетті	хат жетпеді	хат жеткен жоқ	хат жеткен емес

1. Кестедегі етістіктердің болымды, болымсыз түрлерімен сөйлем құраңыз.

.....

.....

.....

Қаратпа сөз

Біреудің назарын аудару үшін айтылған сөзді **қаратпа сөз** дейміз.

Мысалы:

Айару, туған күніңмен құттықтаймыз!
 Әлихан Нұрланұлы, мерейтойыңыз құтты болсын!

2. Бос орынға қаратпа сөздерді қойыңыз.

- Сәлеметсіз бе, _____ ?
- Қайырлы кеш, _____ !
- _____, қал қалай?
- _____, туған күніңізбен!
- _____, мерейтойыңызбен құттықтаймын!
- Мерекелеріңіз құтты болсын, _____ !

🖋️ ЖАЗЫЛЫМ

1. Бос орынға тілек сөздерді қойып, құттықтауды толықтырыңыз.

Құрметті _____ !

Сізді _____ күнімен құттықтаймын!

Сізге _____

_____ тілеймін.

Шын жүректен: _____

2. *Жұптық жұмыс. Ашықхатқа тілектеріңізді жазып, әріптестеріңізге оқып беріңіз.*

3. *Берілген сөздерді жұптастырыңыз.*

Шығармашылық
Мықты
Мөлдір
Баянды
Ұзақ

бақыт
махаббат
табыс
өмір
денсаулық

4. *Артық сөзді сызып тастаңыз.*

1. Денсаулық, бақыт, алғыс, махаббат
2. Мерейтой, мереке, туған күн, гүлшоқ
3. Тілеймін, сұраймын, құттықтаймын
4. Құрметті, қымбатты, кездескенше
5. Сыйлық беру, қабыл алу, жауап беру

ТЫҢДАЛЫМ

2. *Диалогті тыңдап, бос орындарды құттықтау, тілек, алғыс сөздермен толықтырыңыз.*

- Құрметті әріптестер! Бүгін – Ақбота Ерболқызының туған күні.
- _____!
- Барлығымыз құттықтап шығайық.
- Сәлеметсіз бе?
- Сәлеметсіздер ме?
- _____!
- _____!
- Сізге _____ тілейміз.
- _____ . Айтқандарыңыз келсін!
- Мына _____ қабыл алыңыз.
- _____!



СӨЙЛЕСІМ

1. *Сұқбатты рөлге бөліп, оқыңыздар.*

Гүлмира: Гүлбану, бүгін Динара Мұқанқызының туған күні. Құттықтадың ба?

Гүлбану: Жоқ, әлі құттықтаған жоқпын. Сен құттықтадың ба?

Гүлмира: Мен де құттықтамадым. Сыйлық алу керек қой.

Гүлмира: Не аламыз?

Гүлбану: Ол кісі 45 жасқа толды. Жақсы сыйлық алайық.

Гүлмира: Әдемі әшекей алуға болады.

Гүлбану: Дұрыс айтасың, раушан гүлі мен әдемі әшекей алайық.

Гүлмира: Келістік.

ОҚЫЛЫМ

1. *Мәтінді оқыңыз.*

Туған күн кешінде

Кеше құрбым Күнжанның мерейтойы болды. Ол 30 жасқа толды. Мерейтойымен құттықтап достары келді. Олар Күнжанға жақсы тілектер айтты.

Ардақ: Қымбатты Күнжан! Мерейтойың құтты болсын! Зор денсаулық тілеймін. Гүлшоғын қабыл ал.

Күнжан: Ілтпатыңа рақмет!

Шынар: Құрбым Күнжан, 30 жасың құтты болсын! Саған тілейтінім: мол бақыт, шынайы махаббат.

Күнжан: Көп рақмет!

Азамат: Күнжан, сені туған күніңмен құттықтаймын. Саған ұзақ өмір тілеймін. Мына сыйлық менен.

Күнжан: Ықыласыңа рақмет!

Құралай: Құрбым Күнжан, мен де сені туған күніңмен құттықтаймын! Ашық аспан, жемісті еңбек тілеймін.

Күнжан: Алғысымды білдіремін!

2. *Мәтіндегі тілектер мен алғыс сөздерді бағандарға бөліп жазыңыз.*

Тілек сөздер

Алғыс сөздер

Жұмыс

I модуль

II модуль

III модуль

IV модуль

V модуль

VI модуль

ҚОСЫМША

III модуль. Жұмыс

1-сабақ. Мамандықтар

2-сабақ. Менің мамандығым

3-сабақ. Менің жұмыс орным

4-сабақ. Түйіндеме

5-сабақ. Апта атаулары

6-сабақ. Жұмыс күні

7-сабақ. Үйде не істейсіз?

8-сабақ. Менің бос уақытым



III МОДУЛЬ. Жұмыс

1-САБАҚ. Мамандықтар

🎧 ТЫҢДАЛЫМ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

Аудармашы - переводчик
 Өнші - певец, певица
 Бағдарламашы - программист
 Даяшы - официант
 Жаттықтырушы - тренер
 Жүргізуші - водитель
 Кенші - шахтер
 Күзетші - охранник, сторож
 Кітапханашы - библиотекарь
 Қаржыгер - финансист
 Медбике - медсестра

Сатушы - продавец
 Сәнгер - модель
 Сәулетші - архитектор
 Тәрбиеші - воспитатель
 Тігінші - швея, портной
 Тілші - корреспондент
 Ұшқыш - летчик
 Қиын, ауыр - тяжелый, трудный
 Жеңіл, оңай - легкий
 Қызықты - интересный
 Қажетті, керекті - востребованный, нужный

! ГРАММАТИКА

Туынды зат есім

-шы (жұмысшы) -ші (өнші) -кер (жұмыскер) -гер (заңгер)

Күшейтпелі шырай:

өте, ең, аса, тым

Ардақ өз мамандығын өте жақсы көреді.

1. Сөздіктегі мамандық атауларын бағандарға бөліп жазыңыз.

-шы	-ші	-кер	-гер

2. Модель бойынша сөйлемдер құрастырыңыз.

а)

ҮЛГІ: Менің әкем – жүргізуші.
 Ол «Қазақмыста» жұмыс істейді.

Ана
 Әке
 Мен
 Аға
 Әпке

сәулетші
 сатушы
 жаттықтырушы
 кенші
 тігінші

шахта
 киім дүкені
 спорт мектебі
 сән ательесінде
 фирмада

ә)

ҮЛГІ: Менің анам – ең жақсы адам.

Кенші
 Дәрігер
 Сәулетші
 Кітапханашы

өте
 ең
 аса
 тым

ауыр, қызықты,
 қиын, қажетті,
 жеңіл, оңай,
 керекті

мамандық

🎧 ТЫҢДАЛЫМ

2. Бос орынға мамандық атауларын қойыңыз.

Денсаулық сақтау басқармасында _____ мен _____ орны бар. Құрылыс компаниясында _____ мен _____ орын бар. «Южный» супермаркетінде _____ орны бар. Сәулет және қала құрылысы басқармасында _____ жоқ. Қаладағы орта мектепте _____ мен _____ орны бар.

3. Мамандықтардың иесін анықтаңыз.

Менің туыстарымның мамандығы әртүрлі. _____ бірінші мамандығы – мұғалім, екінші мамандығы – заңгер. _____ мамандығы – тігінші. Біздің үйдегі сәнгерлер – екеу. Олар – _____ мен _____. _____ – қаржыгер, _____ – жаттықтырушы. _____ – тілшімін. «Орталық Қазақстан» газетінің редакциясында жұмыс істеймін.

СӨЙЛЕСІМ

1. Сұрақтарға сүйеніп, сөйлесіңіздер.

1. Сіз қандай мамандықтарды білесіз?
2. Сізге қандай мамандықтар ұнайды?
3. Қандай мамандықтар қиын?
4. Қазіргі уақытта қандай мамандықтар қажет?

2. Сұрақтарға сүйеніп, отбасы мүшелерінің мамандықтары туралы сөйлесіңіздер.

1. Сіздің мамандығыңыз кім?
2. Ата-анаңыздың мамандығы кім?
3. Әйеліңіздің (күйеуіңіздің) мамандығы кім?
4. Ініңіздің (апа, қарындас, сіңлі) мамандығы кім?

ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз. Сурет бойынша Жұманов Бақытбекті сипаттаңыз.

Менің толық аты-жөнім – Жұманов Бақытбек Рамазанұлы. Біздің үйде алты адам бар. Мен отбасында үшінші баламын, үйдің ең кішісімін. Мен 2010 жылы қаламыздағы қазақ-түрік лицейін бітірдім. Сол жылы Қарағанды экономикалық университетіне, қаржы және экономика факультетіне оқуға түстім. Отбасында Жұмановтардың үшеуінің мамандығы – қаржыгер. Университетті 2014 жылы бітіріп, Құрылыс басқармасына жұмысқа тұрдым. Қазір еңбек өтілім – 2 жыл. Мен – жас маманмын, тәжірибем көп емес. Жұмысым өзіме ұнайды. Мен құжаттарды екі тілде дайындаймын, өз жұмысымды жақсы білемін.



.....

.....

.....

.....

.....

2. Дұрыс-бұрысын белгілеңіз.

3. Мәтін бойынша артық сөзді сызып тастаңыз.

Сөйлем	дұрыс	бұрыс
Жұмановтар отбасында қаржыгерлер көп. Бақытбектің ата-анасы да қаржыгерлер. Бақытбек түрік тілін біледі. Ол басқармада 2 жыл жұмыс істейді. Бақытбек – бас маман. Жұмановтарға жұмыстары ұнайды.		

1. лицей, университет, мектеп
2. отбасы, қаржыгер, бала
3. дайындау, жазу, ұнау, білу
4. жақсы, жас, үлкен, кіші
5. түсу, бітіру, оқу, жұмысқа тұру

ЖАЗЫЛЫМ

1. Сурет бойынша сөйлемдер құрастырыңыз.



.....

.....

.....

.....

2. Үлгі бойынша жазыңыз.

Менің мамандығым – сәнгер.

Мен – сәнгермін.

.....

.....

.....

.....

.....

.....

III МОДУЛЬ. Жұмыс

2-САБАҚ. Менің мамандығым

🎧 ТЫҢДАЛЫМ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

Сала - отрасль (сфера)
Еңбек ету - трудиться
Қызмет ету - служить
Оқыту - учить
Емдеу - лечить
Таңдау - выбирать
Мамандығым бойынша - по специальности
Отан - Родина
Ел - народ
Белгілі - известный, знаменитый

- Сіздің мамандығыңыз кім?
- Менің мамандығым _____.
- Сіз қай салада жұмыс істейсіз?
- Мен _____ саласында жұмыс істеймін.
- Сіз кім болып жұмыс істейсіз?
- Мен _____ болып жұмыс істеймін?
- Сіз мамандығыңыз бойынша жұмыс істейіз бе?
- Иә/жоқ, мамандығым бойынша жұмыс істеймін/жұмыс істемеймін.
- Сізге мамандығыңыз ұнай ма?
- Иә/жоқ, маған мамандығы ұнайды/ұнамайды.

! ГРАММАТИКА

1. Модель бойынша сөйлемдер құрастырыңыз.

Кім **болып** жұмыс істейді?
Ербол жүргізуші болып жұмыс істейді.
Мамандығы **бойынша** жұмыс істей ме?
Иә, Ербол мамандығы бойынша жұмыс істейді.

Мақсат	мамандығы бойынша	сәнгер
Арай		құрылысшы
Қазыбек		қаржыгер
Ермек		даяшы
Қорлан		жаттықтырушы

2. Үлгі бойынша жазыңыз.

Қанат жүргізуші <u>болып</u> істей ме?	Қанат жүргізуші <u>болып</u> істейді.	Қанат жүргізуші <u>болып</u> істемейді.

3. Үлгі бойынша жазыңыз.

Зәуре мамандығы <u>бойынша</u> жұмыс істей ме?	Зәуре мамандығы <u>бойынша</u> жұмыс істейді.	Зәуре мамандығы <u>бойынша</u> жұмыс істемейді.

4. Оқып, есте сақтаңыз.

Кім?	Қайда?	Кімді?/Нені?	Не істейді?
Мұғалім	мектепте, колледжде, университетте	оқушыны, студентті	оқытады
Дәрігер	емханада, ауруханада	науқасты/ емделушіні	емдейді
Медбике	емханада, ауруханада	науқасты/емделушіні	емдейді
Әнші	сахнада, концертте	ән	айтады
Тігінші	ательеде	киім	тігеді
Сатушы	дүкенде, базарда, сауда үйінде	тауар	сатады
Жаттықтырушы	спорт залында	спортшыларды	жаттықтырады
Құрылысшы	құрылыста	үй	салады
Қаржыгер	мекемеде	бюджетті	жоспарлайды
Тәрбиеші	балабақшада	балаларды	тәрбиелейді
Даяшы	мейрамханада, дәмханада	ас мәзірін	әкеледі
Сәулетші	фирмада	құрылыс жобасын	өзірлейді
Бағдарламашы	кеңседе	бағдарлама	жасайды

СӨЙЛЕСІМ

1. Жұптық жұмыс. Отбасы мүшелері туралы сөйлесіңіздер.

- Сіздің мамандығыңыз кім?
- Ата-анаңыз кім болып жұмыс істейді?
- Ағаңыз (апаңыз, сіңліңіз, қарындасыңыз, ініңіз) кім болып істейді?
- Отбасы мүшелері мамандығы бойынша жұмыс істей ме?
- Кім мамандығы бойынша жұмыс істемейді?

ТЫҢДАЛЫМ

1. Бос орынға мамандық атауларын қойыңыз.

2. Мәтінді тыңдап, жауаптарды екі бағанға жазыңыз.

Нұржанның анасы _____
Оның әпкесі _____
Менің үлкен ағам _____
Біздің қызымыз _____
Сендердің достарың _____

болып жұмыс істейді.

Мамандығы бойынша жұмыс істейтіндер

Мамандығы бойынша жұмыс істемейтіндер

ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

Құралай Заманбекқызы – елімізге белгілі дизайнер. Ол іскер және өз жұмысын жақсы біледі. Қазір бизнесте үлкен табысқа жетті. Құралай өте еңбекқор, жұмысын дұрыс жоспарлайды. Мамандығын дұрыс таңдады. Әкесі мемлекеттік қызметші әрі өнерлі адам болды.

Кішкентай Құралай әртүрлі байқауларға қатысады, «Қазақстан» арнасында тележүргізуші де болды. 15 жасында қыз әр бейсенбіде түнгі уақытта эфирде «Молодежный четверг» бағдарламасын жүргізеді. Ол Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің көркемдік графика факультетінде оқыды. Қазір «Құралай» сән үйінің басшысы, оның киімдеріне шетелдік жұлдыздар да тапсырыс береді.

2. Сұраққа жауап беріңіз.

1. Құралай қандай адам?
2. Дизайнердің әкесі туралы не білесіз?
3. Құралайдың қандай өнері бар?
4. Құралайды неге белгілі дизайнер дейміз?

3. Мәтін бойынша сәйкестендіріңіз.

белгілі
тележүргізуші
жұмысты
бағдарлама
түнгі
іскер

маман
жоспарлау
уақыт
жүргізу
болу
дизайнер

4. Мәтін бойынша Құралайға мінездеме беріңіз.

ЖАЗЫЛЫМ

1. «Әріптестерімнің мамандықтары» тақырыбына мәтін құраңыз.

2. Үлгі бойынша II және III жақта жазыңыз.

- Сіз мамандығыңыз бойынша кім болып жұмыс істейсіз?
- Мен мамандығым бойынша инженер болып жұмыс істеймін.
(Мен мамандығым бойынша инженер болып жұмыс істемеймін.)

III МОДУЛЬ. Жұмыс

3-САБАҚ. Менің жұмыс орным

🎧 ТЫҢДАЛЫМ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

Әкімдік - акимат
 Әкімшілік - администрация
 Орталық - центр, центральный
 Ғимарат - здание
 Кеңсе - 1. офис; 2. канцелярия
 Қабылдау бөлмесі - приемная
 Жиын залы - актовый зал
 Жазу үстелі - письменный стол
 Кесте - график, таблица
 Жұмыс кестесі - график работы
 Жұмыс күні - рабочий день
 Жұмыс уақыты - рабочее время
 Дербес компьютер - персональный компьютер
 Ғаламтор - интернет

Іссапар - командировка
 Бұйрық - приказ
 Есеп - отчет
 Тапсырма - задание, поручение
 Қатысу - участвовать, посещать
 Өткізу - проводить
 Басталады - начинается
 Аяқталады - заканчивается
 Қосылған - подключен
 Орналасқан - расположен
 Алыс - далеко
 Жақын - близко
 Ерте - рано
 Кеш - поздно

! ГРАММАТИКА

1. Қажетті нұсқаны қойыңыз.

➔ Етістік+у+(-ға/-ге)--бола ма?/рұқсат па?/ рұқсат етіңізші

-ға	-ге
шығуға	кіруге
қайтуға	кетуге
қатысуға	өткізуге
қарауға	көруге
сұрауға	жауап беруге
аяқтауға	бітіруге
алуға	беруге
бола ма?	бола ма?
рұқсат па?	рұқсат па?
рұқсат етіңізші	рұқсат етіңізші

айту____ апару____
 сөйлеу____ дайындау____
 жазу____ әзірлеу____
 сұрау____ отыру____
 оқу____ тұру____
 үйрену____ жүру____
 бару____ тапсыру____
 келу____ белгілеу____
 тыңдау____ толтыру____
 жауап беру____ түзету____
 әкелу____ шақыру____

? СӨЙЛЕСІМ

1. Сұқбаттарды рөлге бөліп оқыңыздар. Өзара сұқбаттасыңыздар.

Қызметкер: - Қайырлы таң!
Бастық: - Қайырлы таң!
Қызметкер: - Кіруге рұқсат па?
Бастық: - Кіріңіз.
Қызметкер: - Есепті ертең тапсыруға бола ма?
Бастық: - Иә, болады.

Қызметкер: - Сәлеметсіз бе?
Бастық: - Сәлеметсіз бе?
Қызметкер: - Бүгін жиналыс бола ма?
Бастық: - Әрине болады.
Қызметкер: - Жиналысқа қатыспауға бола ма?
Бастық: - Жоқ болмайды, қатысыңыз.

🎧 ТЫҢДАЛЫМ

2. Бос орынды толтырыңыз.

_____ департаменті қаланың орталығында _____. Департаменттің _____ 3 қабатты. Бірінші қабатта _____, _____ және _____ бөлімдері орналасқан. Екінші қабатта _____, бастықтың және оның _____ кабинеттері, арнайы _____ бар. Үшінші қабатта _____, қазақ тілі кабинеті бар. Мекеменің компьютерлері _____ қосылмаған. Ұялы телефон қолдануға _____ . Талап бойынша жұмысқа кешігуге және _____ ерте қайтуға _____ .

ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

Менің сіңлімнің аты-жөні – Алтын Сағиқызы. Ол қалалық әкімдікте әкімнің хатшысы болып жұмыс істейді. Әкімдіктің ғимараты қаланың орталығында орналасқан, сіңлімнің үйінен алыс емес. Ол қабылдау бөлмесінде отырады. Телефонға жауап береді, басшының тапсырмасын орындайды. Кабинетінде үстел, кеңсе тауарлары, дербес компьютері бар. Компьютері ғаламторға қосылған.

Ол жұмыс кестесі бойынша бес күн жұмыс істейді. Жұмысы таңертең сағат тоғызда басталады, кешке сағат алтыда аяқталады. Алтынның жұмысы өте көп, еңбек демалысына жазда шығады. Ол демалыста он күнге Баянауылға барғысы келеді.

2. Мәтін бойынша ақпарат беріңіз.

- 1) Алтын Сағиқызының жұмыс орны _____
- 2) Әкімдіктің орналасқан жері _____
- 3) Алтынның лауазымы _____
- 4) Алтынның кабинеті _____
- 5) Алтынның жұмыс уақыты _____
- 6) Алтынның арманы _____

3. Мәтіндегі азатжолдарға тақырып қойыңыз.

I азатжол _____

II азатжол _____

ЖАЗЫЛЫМ

1. Суретте берілген сөздерді қолданып, сөйлемдер құраңыз.



компьютер



сызғыш
қарындаш
өшіргіш
ұштағыш



қабырға
сағаты



қағаз
қыстырғыш



қалам
қойын дәптер



күнтізбе

.....

.....

.....

.....

.....

2. Сурет бойынша жұмыс орнын сипаттап жазыңыз.



.....

.....

.....

.....

.....

.....

III МОДУЛЬ. Жұмыс

4-САБАҚ. Түйіндеме

🎧 ТЫҢДАЛЫМ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

жалпы ақпарат - общие данные

азаматтығы - гражданство

туған күні, айы, жылы - дата рождения

туған жері - месторождение

отбасы жағдайы - семейное положение

ажырасқан - разведенный

мақсат - цель

жұмыс тәжірибесі - опыт работы

жетістік - достижение

дағды - навык

қосымша - дополнительно

мәлімет - сведения, данные

тілді білуі - знание языков

ана тілі - родной язык

еркін - свободно

жетік білу - знать в совершенстве

сөздікпен - со словарем

аудару - переводить

түсіну - понимать

тәрбиелеу - воспитывать

айналысу, шұғылдану - заниматься

! ГРАММАТИКА

Сан есімнің емлесі

1. Күн, жыл аттарымен тіркесіп келген реттік сан есімдер араб цифрымен берілсе дефис жазылмайды.

Мысалы: 1992 жыл 7 қазан, 8 наурыз, 2009 жыл

2. Реттік сан есімдер араб цифрымен берілсе, -ыншы, -інші, -ншы, -нші жұрнағының орнына дефис (-) жазылады. **Мысалы:** 5 - сынып, 23-қатар, 5-қабат

3. Сан есімдер рим цифрымен берілсе дефис қойылмайды. **Мысалы:** X сынып, XX ғасыр, III том)

1. Сан есімдерді сөзбен жазыңыз.

1991 жыл / _____

2005 жылы / _____

2010-2015 жылдары / _____

2004-2009 жылдары аралығында / _____

3. Берілген сөйлемдерді III жақтан жазыңыз.

1. Аты-жөнім – Жақыпов Медет Жұмағалиұлы.

2. Мен 1981 жылы 5 маусымда Қарағанды қаласында тудым.

3. Ұлтым – қазақ.

4. Менің білімім жоғары.

5. Үйленгенмін.

6. Қазақ, ағылшын, қытай тілдерін білемін.

Түйіндеме III жақтан жазылады.

🎧 ТЫҢДАЛЫМ

2. Тыңдаңыз. Қажетті сөздерді қойыңыз.

Азат _____ жаста. Оның _____ қазақ. Ол _____ болып жұмыс істейді. Ол _____, _____ бірге тұрады. Азат қазақ, француз, ағылшын тілдерінде _____ сөйлейді. Ол бос уақытында _____ .

3. Тыңдаңыз. Ақпаратты III жақтан жазыңыз.

Аты-жөні: _____
Туған жылы: _____
Ұлты: _____
Отбасы жағдайы: _____
Білімі: _____
Мамандығы: _____
Тілді білуі: _____
Қызығушылығы: _____
Мекенжайы: _____



? СӨЙЛЕСІМ

1. Берілген сөйлемдерге сұрақ қойып, өзара сұқбаттасыңыздар.

1. Менің аты-жөнім – Омаров Қайролла.
2. Мен отыз төрт жастамын.
3. Денсаулық сақтау басқармасында бөлім басшысы болып жұмыс істеймін.
4. Жалпы еңбек өтілім – 12 жыл.
5. Қазақ тілі – ана тілім, орыс тілін жетік білемін, ағылшын тілін түсінемін.
6. Астана қаласындағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетін бітірдім.
7. Отбасым бар, 2 бала тәрбиелеп отырмын.
8. Спортпен шұғылданамын.

2. Жұмыс берушіге өзіңіз туралы қысқаша айтыңыз.

📖 ОҚЫЛЫМ

1. Түйіндемені оқыңыз.

Түйіндеме

Аты-жөні: Ахметов Ардақ Азаматұлы
Жалпы ақпарат:
Туған жылы: 26 маусым 1990 жыл
Ұлты: қазақ
Отбасы жағдайы: үйленген
Білімі: жоғары, Қарағанды мемлекеттік университеті, заңгер
Жұмыс тәжірибесі: 2012-2015 жылдары "Қазақмыс" корпорациясында заңгер;
Жетістіктері: Республикалық байқаудың жүлдегері, I орын
Тілді білуі: қазақ тілі - ана тілі, орыс тілі - еркін, ағылшын тілі - сөздік арқылы
Компьютерді игеруі: WORD, EXCEL, Corel
Қызығушылығы: спорт, шахмат ойнау
Мекенжайы: Тәттімбет көшесі, 9-үй, 6-пәтер
Байланыс телефоны: 42-50-77
Эл.пошта: arda@gmail.com

📝 ЖАЗЫЛЫМ

1. Үлгінің көмегімен өз түйіндемеңізді толтырыңыз.

Түйіндеме

Аты-жөні: _____
Туған жылы: _____
Ұлты: _____
Отбасы жағдайы: _____
Білімі: _____
Жұмыс тәжірибесі: _____
Жетістіктері: _____
Тілді білуі: _____
Компьютерді игеруі: _____
Қызығушылығы: _____
Мекенжайы: _____
Байланыс телефоны: _____
Эл.пошта: _____

2. Төмендегі сөз тіркесі мен сөйлемдерді мағынасына қарай топтастырыңыздар.

Ана тілі, тұрмыста, спортпен айналысу, жауапкершілікті, жоғары білім, үйленбеген, тиянақты, сөздікпен, ұлты –қазақ, орта арнаулы, ағылшынша –еркін, ажырасқан, кітап оқу, ұқыпты.

Жалпы ақпарат	Отбасы жағдайы	Қосымша мәліметтер

III МОДУЛЬ. Жұмыс

5-САБАҚ. Апта атаулары

🎧 ТЫҢДАЛЫМ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

Апта атаулары - дни недели
 Осы аптада - на этой неделе
 Өткен аптада - на прошлой неделе
 Келесі аптада - на следующей неделе
 Күнтізбе - календарь
 Тәулік - сутки
 Жыл - год
 Ай - месяц
 Күн - день
 Уақыт - время
 Сағат - часы
 Керек, қажет - нужно, необходимо
 Маңызды іс - важное дело



Сәрсенбі – сәтті күн.

! ГРАММАТИКА

Мезгіл мәнді жатыс септігі Қашан? Нешеде?



қыс+та
көктем+де
жаз+да
күз+де



қаңтар+да
сәуір+де
шілде+де
қыркүйек+те



бейсенбі+де
жұма+да
сенбі+де
жексенбі+де



тоғыз+да
екі+де
қырық+та
бес+те

1. Көп нүктенің орнына жатыс септігінің жалғауларын қойып, қандай мағына білдіріп тұрғанын түсіндіріңіздер.

Жиналыс сағат тоғыз ___ басталады.
 Маусым ___ демалысқа шығамын.
 Көктем ___ қазақ тілі курсына барамын.
 Жексенбі ___ отбасымызбен саябаққа барамыз.

Досымның демалысы көктем ___ ме?
 Інің биыл төрт ___ тола/ толады ма?
 Кино тоғыз ___ бастала/басталады ма?
 Туған күнің бесінші тамыз ___ ма?

Етістік+у+жіктік жалғауы -- керек/ қажет -- керек пе?/ қажет пе?

Менің бару ЫМ	керек	Біздің бару ЫМЫЗ	керек
Сенің бару ЫҢ	керек пе?	Сендердің барулар ЫҢ	керек пе?
Сіздің бару ЫҢЫЗ	қажет	Сіздердің барулар ЫҢЫЗ	қажет
Оның бару Ы	қажет пе?	Олардың барулар Ы	қажет пе?

2. Үлгі бойынша етістіктерді жіктеңіз.

ал, бер, айналыс, көмектес, үйрен, аяқта.

? СӨЙЛЕСІМ

1. Сөйлеп жаттығыңыз!

Бүгін қай күн?	Бүгін аптаның нешінші күні?
Бүгін - _____.	Бүгін аптаның _____.
Бүгін нешесі?	Аптада неше күн бар?
Бүгін _____.	Аптада _____ күн бар.



ЖАЗЫЛЫМ

1. Толықтырыңыз.

Алдыңғы күні аптаның алтыншы күні - _____ .
 Кеше аптаның жетінші күні - _____ .
 Бүгін аптаның бірінші күні - _____ .
 Ертең аптаның екінші күні - _____ .
 Бүгінгі күні аптаның үшінші күні - _____ .

2. Келесі аптадағы күн тәртібін жазыңыз.

Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма	Сенбі	Жексенбі

3. Сөйлемдерді апта күндеріне ретімен орналастырыңыз.

Дүйсенбіде _____	Бүгін – сенбі, үй жинаймын, кешке кино көремін. Кеше оқу залында отырып мақала жаздым. Алдыңғы күні шаш қиғызуга бардым. Ертең киімдерімді жуамын, моншаға барамын. Бүгінгі жұмыс. Аптаның үшінші күні емтихан тапсырамын. Төртінші күні жұмыстан кейін дүкенге соғамын.
Сейсенбіде _____	
Сәрсенбіде _____	
Бейсенбіде _____	
Жұмада _____	
Сенбіде _____	
Жексенбіде _____	



ТЫҢДАЛЫМ

2. Мәтінді тыңдап, қажетті сөздерді қойыңыз.

Менің жеке _____ бар. Мен – _____. Әр _____ лездеме өткіземін. Сағат _____ бөлім басшыларына тапсырма беремін. _____ мамандар есеп тапсырады. Әр _____ өз-өзіме есеп беремін, келесі аптаға жоспар құрамын. Әр _____ іссапарға барамын. _____ демаламын.

3. Тыңдаңыз, бір аптаның күн тәртібін жазыңыз.

Ағасы



Сейсенбі _____
 Сәрсенбі _____
 Бейсенбі _____
 Жұма _____
 Сенбі _____
 Жексенбі _____

Сейсенбі _____
 Сәрсенбі _____
 Бейсенбі _____
 Жұма _____
 Сенбі _____
 Жексенбі _____

Інісі



ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз. Тақырып қойыңыз.

Аптада бес жұмыс күні, екі демалыс күні бар. Маған сәрсенбі ұнайды, себебі сәтті күн. Маңызды істерімді сәрсенбіге жоспарлаймын. Сейсенбі мен бейсенбіде спортзалға барамын. Сенбі-жексенбіде үйде боламын, демаламын, кейде қонаққа барамын. Сегізінші наурыз – мереке, ал тоғызы – жұмыс күні.

2. Төмендегі диалогтің көмегімен сұхбат құрастырыңыз.

1

- Бүгін қай күн? Жұма ма?
- Аптаның қай күні?
- Қай күндері жұмыс істейсіз?
- Мен сенбіде жұмыс істеймін.
- Достарыммен кездесемін, демаламын.

2

- Жоқ, бүгін сенбі.
- Аптаның алтыншы күні.
- Аптаның бес күні жұмыс істеймін. Сенбі, жексенбі демаламын. Өзіңіз ше?
- Жексенбіде немен айналысасыз?

III МОДУЛЬ. Жұмыс

6-САБАҚ. Жұмыс күні

🎧 ТЫҢДАЛЫМ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

Жуыну - умываться
 Киіну - одеваться
 Тіс тазалау - чистить зубы
 Бояну - краситься
 Қырыну - бриться
 Тарану - расчесываться
 Шешіну - раздеваться
 Ұйықтау - спать, ложиться спать
 Ұйқыдан тұру - просыпаться
 Үзіліске шығу - выйти на перерыв
 Жұмысты жалғастыру - продолжить работу

Тіркеу - регистрация, регистрировать
 Дүкенге соғу - зайти в магазин
 Жаңалық - новость
 Үлгеру - успеть, успевать
 Кешігу - опоздание, опоздать, опаздывать
 Шаршау - усталость, уставать
 Жаттығу залы - тренажерный зал
 Жаттығу жасау - тренироваться
 Оған дейін - до (этого/того)
 Содан кейін - затем, после (этого/того)
 Содан соң - потом

! ГРАММАТИКА

1. Туісті жалғауларды жалғап, оқыңыз.

дейін, кейін, соң көмекші сөздері

Зат есім + барыс септігі+дейін / жұмыс+қа дейін
Зат есім + шығыс септігі+кейін, соң / жұмыс+тан кейін, жұмыс+тан соң, со+дан кейін, со+дан соң

Таңертең___ дейін, түс___ дейін, кеш___ дейін,
 түн___ дейін;
 Таңғы ас___ дейін, түскі ас___ дейін, кешкі ас___ дейін;
 Түс___ кейін, үзіліс___ кейін, сабақ___ соң,
 семинар___ кейін, жаттығу___ соң, кеңес___ кейін.

Өздік етіс

Етістік + (-н/-ын/-ін)+(-а/-е/-й)+жіктік жалғауы
Етістік + (-н/-ын/-ін)+(-ба/-бе)+(-й)+жіктік жалғауы

-н	-ын	-ін
боянамын боянбаймын	жуынамын жуынбаймын	киінемін киінбеймін

2. Үлгі бойынша жазыңыз.

бояу - боямау/бояну - боянбау
 жуу - _____
 кию - _____
 тарау - _____
 қыру - _____
 сұрту - _____
 шешу - _____
 сәндеу - _____

2. Оқыңыз, бірнеше етістікті үлгі бойынша жіктеңіз.

Мен тараймын, таранамын, таранбаймын
 Сен тарайсың, таранасың, таранбайсың
 Сіз тарайсыз, таранасыз, таранбайсыз
 Ол тарайды, таранады, таранбайды

Біз тараймыз, таранамыз, таранбаймыз
 Сендер тарайсыңдар, таранасыңдар, таранбайсыңдар
 Сіздер тарайсыздар, таранасыздар, таранбайсыздар
 Олар тарайды, таранады, таранбайды

? СӨЙЛЕСІМ

1. Сұқбатты рөлге бөліп оқыңыздар. Әріптесіңізбен өзара сөйлесіңіздер.

- Батырлан, сәлем! Қалайсың?
- Сәлем, Алмас! Жақсы, өзің қалайсың?
- Жаман емес. Қайда жұмыс істейсің?
- Мен «Қазақмыс» корпорациясында жұмыс істеймін.
- Кім болып?
- Бас инженер болып. Өзің қайда жұмыс істейсің?
- Мен – кәсіпкермін. Жұмысың қалай?
- Жаман емес.
- Жұмыстан нешеде шығасың?
- Кешкі 7-де.
- Мен де. Жұмыстан кейін бильярдқа барамыз ба?
- Жақсы, кездескенше!



? СӨЙЛЕСІМ

1. Жұптық жұмыс. Модель бойынша сөйлесіңіздер.

Жұмысқа дейін	Жұмыстан кейін
тұру, жаттығу жасау, жүгіру, жуыну, сүртіну, тіс тазалау, қырыну/баяну, таңғы ас ішу, киіну, үйден шығу	дүкенге соғу, үйге келу, шешіну, жуыну, кешкі ас әзірлеу, тамақ ішу, баламды оқыту, телефонмен сөйлесу, жаңалық тыңдау, ғаламторда отыру, демалу, ұйықтау

📖 ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқып, тақырып қойыңыз.

Менің атым – Бақытжан. Мен аптада 6 күн жұмыс істеймін. Күнде ұйқыдан тұрған соң жаттығу жасаймын, жуынамын, киінемін, таңғы асымды ішемін де үйден шығамын.

Жұмыс таңертең 9-да басталады. Түске дейін кеңеске қатысамын, хаттарға жауап жазамын. Түсте үзіліске шығамын. Түстен кейін жұмысымды жалғастырамын. Кейде іссапарға барамын, есеп тапсырамын. Жұмыстан кеш қайтамын, өйткені жұмысым ауыр. Қатты шаршаймын. Үнемі компьютерде жұмыс істеймін. Жұмыстарымды істеп үлгеремін. Үйге келгеннен кейін шешініп, жуынамын. Содан кейін кешкі асымды ішемін. Кешкі астан соң жаңалық тыңдаймын да ұйықтауға жатамын.

2. Тірек сөздерді табыңыз.

5. Туісті сөз тіркестерін қойып, оқыңыз.

3. Бақытжанның жұмыс күнін ретімен баяндаңыз.

Бақытжан _____ жаттығу жасайды.
Ол _____ кеңеске қатысады.
Ол _____ жұмысын жалғастырады.
Ол _____ жұмыста болады.
Ол _____ кешкі ас ішеді.
Бақытжан _____ ұйықтайды.

4. Мәтінге сүйеніп, өзіңіздің жұмыс күніңіз туралы айтып беріңіз.

Бүгін – дүйсенбі, жұмыс күні.

🎧 ТЫҢДАЛЫМ

2. Диалогті тыңдаңыз. Бос орындарды толықтырыңыз.

Менің әріптесімнің аты – _____. Ол біздің кеңседе _____ болып жұмыс істейді. Жұмысқа _____ ерте келеді. Алдымен жұмыс орнын _____. Содан соң электронды поштаны _____. Поштаға келген хаттарды _____. Мекемелерге хат _____. Телефонға _____. Басшының тапсырмаларын _____. Өзі ешқашан _____. Жұмысына _____.

✍️ ЖАЗЫЛЫМ

1. Суретке қарап, әңгіме құрастырыңыз.



2. Кестені толтырыңыз.

Саят бүгін жұмыста:	Ал сіз бүгін жұмыста не істедіңіз? Ретімен жазыңыз.
- кеңеске қатысты; - тапсырмаларды орындады; - есеп тапсырды; - хаттарға жауап жазды; - қазақ тілі сабағына қатысты.	

III МОДУЛЬ. Жұмыс

7-САБАҚ. Үйде не істейсіз?

🎧 ТЫҢДАЛЫМ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

Демалыс күні - выходной день
 Үй шаруасы - домашние дела
 Сүйікті іс - любимое дело
 Тоқыма тоқу - вязать
 Азық-түлік - продукты
 Тамақ пісіру - готовить еду
 Тазалық - чистота
 Ыдыс жуу - мыть посуду
 Еден жуу - мыть полы
 Кір жуу - стирать
 Үтіктеу - гладить
 Үй жинау - убираться
 Үй тазалау - чистить дом

Кілем тазалау - чистить ковер
 Бала тәрбиелеу - воспитывать ребенка
 Баланы оқыту - учить ребенка
 Бау-бақша - огород
 Гүлбақша - клумба
 Көгал - луг, лужайка
 Аула - двор
 Бау-бақшаны күту - ухаживать за огородом
 Өсіру - выращивать (выращивание)
 Отырғызу - посадить
 Суару - поливать
 Сатып әкелу - покупать
 Ойнау - играть

! ГРАММАТИКА

1. Бос орынды толтырыңыз.

Бұйрық рай

I жақ: -айын/-ейін, -йын/-йін III жақ: -сын/-сін	I жақ: -айық/-ейік, -йық/-йік III жақ: -сын/-сін
Мен жу айын /сүрт ейін , тазала йын /іст ейін Сен жу/сүрт, тазала/істе Сіз жуыңыз/сүртіңіз, тазалаңыз/істеңіз Ол жу сын /сүрт сін , тазала сын /іст есін	Біз жу айық /сүрт ейік , тазала йық /іст ейік Сендер жуындар/сүртіндер, тазалаңдар/істеңдер Сіздер жуыңыздар/сүртіңіздер, тазалаңыздар/істеңіздер Олар жу сын /сүрт сін , тазала сын /іст есін

1. Үлгіге қарап, берілген етістікті келер шақта және өткен шақта жіктеңіз.

Мен баланы оқытайын

Мен тамақ пісірейін

.....
.....
.....
.....
.....

2. Модель бойынша сөйлем құраңыз.

Мен	ыдыс	жуу	Біз	үй	жинау
Сен	гүл	суару	Сендер	гүлбақша	отырғызу
Сіз	бау-бақша	күту	Сіздер	тамақ	сатып алу
Ол	тоқыма	тоқу	Олар	еден	жуу

🎧 ТЫҢДАЛЫМ

2. Мәтінді тыңдап, бос орындарды етістіктермен толтырыңыз.

Бауыржан мен Динара жекеменшік үйде _____. Үйлерінің айналасында бау-бақша бар. Олар жұмыстан бос уақыттарында бау-бақша өсірумен _____. Көктемде бақшаға көкөніс _____, Бауыржан бақшаны _____, көгалды _____, ауланы _____. Ал Динараның сүйікті ісі – гүл өсіру. Ол баудағы жеміс ағаштарын _____, аулада түрлі-түсті гүл _____. Үйлерінің айналасы өте әдемі. Сондықтан олар отбасымен бақта _____. Балалары көгалда _____.

ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді мәнерлеп оқып, тақырып қойыңыз.

Менің атым – Анжелика. Мен – тұрмыстамын. Маған үй шаруасымен айналысу ұнайды және өзім тазалықты жақсы көремін. Балаларымды да үй шаруасына және тазалыққа үйретемін.

Бүгін бәріміз үй жинадық. Мен шкафтарды ретке келтірдім. Кір жудым. Гүлдерді суардым. Ұлым шаңдарды сүртті. Қызым еден жуды. Кілемдерді тазалауға жұбайым көмектесті. Түстен кейін қызым кірлерді үтіктеді. Жұбайым супермаркеттен азық-түлік сатып әкелді. Мен тамақ әзірледім, торт пісірдім. Отбасымызбен кешкі ас іштік.

Үй тап-таза болды. Бәріміздің көңіл күйіміз көтерілді.

2. Өткен шақтағы етістіктерді теріп жазып, осы шақ формасына ауыстырыңыз.

3. Анжелика ролінде отбасы мүшелеріне тапсырма беріңіз.

СӨЙЛЕСІМ

1. Диалогті оқыңыз, өзара сұқбаттасыңыз.

- Жазира, жұмыстан кейін үйде не істейсіз?
- Тамақ әзірлеймін, ыдыс жуамын. Өзің ше?
- Мен демаламын, кейде достарыммен кафеге барамын.
- Жақсы екен. Ал демалыс күндері немен айналысасың?
- Сүйікті ісіммен айналысамын.
- Сүйікті ісің не?
- Тоқыма тоқу. Ал өзіңіз немен айналысасыз?
- Мен үй шаруасымен айналысамын.
- Сіздің сүйікті ісіңіз бар ма?
- Иә, мен кондитер тағамдарын пісіруді ұнатамын.



2. Жұптық жұмыс. Модель бойынша сөйлесіңіздер.

Жұмыс күні		тәрбиелеу, оқыту
Демалыс күні	бала, үй, телефон	демалу, көру
Күнде	кино, тамақ, салат,	жинау, ретке келтіру
Сенбіде	жаңалық, кір	пісіру, әзірлеу
Жексенбіде		жуу, үтіктеу

ЖАЗЫЛЫМ

1. Модель бойынша жазыңыз.

Үлгі: Айлин демалыс күндері үй шаруасымен айналысады.

Алан	таңғы астан кейін	бау-бақша	күту/күтпеу
Айару	сабақтан кейін	сүйікті іс	айналысу/айналыспау
Әлихан	түскі астан кейін	азық-түлік	сатып әкелу/сатып әкелмеу
Аяла	жұмыстан кейін	тамақ	әзірлеу/әзірлемеу
Бекарыс	кешкі астан кейін	спорт	шұғылдану/шұғылданбау

2. “Отбасы мүшелері үйде немен айналысады” тақырыбында әңгіме құрастырыңыз.

III МОДУЛЬ. Жұмыс

8-САБАҚ. Менің бос уақытым

🎧 ТЫҢДАЛЫМ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

Неше рет - сколько раз
 Немен айналысасың? - Чем занимаетесь?
 Белсенді демалыс - активный отдых
 Көрікті жерлер - красивые места
 Дүкен аралау - ходить по магазинам
 Саябақ - парк
 Қыдыру - гулять
 Серуен, серуендеу - прогулка, прогуливаться
 Жүзу - плавать
 Секіру - прыгать
 Көрсету - показать
 Мұзайдын - каток
 Шаңғы тебу - кататься на лыжах
 Шана тебу - кататься на саньках
 Боспын - свободен(на)
 Бос емеспін - занят(а)

-Сіздің бос уақытыңыз бар ма?
 -Иә, бос уақытым бар. Сіздің /өзіңіздің/ ше?
 -Жоқ, бос уақытым жоқ.

-Бос уақытыңыз жақсы өте ме?
 -Иә, жақсы өтеді. Сіздің /өзіңіздің/ше?
 -Жоқ, жақсы өтпейді.

-Бос уақытыңызда мәдени орындарға барасыз ба?
 -Иә, барамын. Сіз/өзіңіз/ ше?
 -Жоқ, бармаймын.

-Бос уақытыңызды үйде өткізесіз бе?
 -Иә, үйде өткіземін. Сіз /өзіңіз/ ше?
 -Жоқ, үйде өткізбеймін.

! ГРАММАТИКА

➔ Ше сұраулық шылауы

Мен/өзім	Біз/өзіміз	
Сен/өзің	Сендер/өздерің	ше?
Сіз/өзіңіз	Сіздер/өздеріңіз	ше?
Ол/өзі	Олар/өздері	

1. Қажетті нұсқаны қойыңыз.

- Қалыңыз қалай, Құралай?
- Жақсы, _____?
- Жаман емес. Жұмысың қалай?
- Орынша. _____?
- Рақмет, жақсы.

➔ Сан есімдік құрылым

Күніне бір \екі, үш, ... \ рет
 Аптасына бір \екі, үш, ... \ рет
 Айына бір \екі, үш, ... \ рет
 Жылына бір \екі, үш, ... \ рет

2. Қажетті нұсқаны қойыңыз.

Күніне _____ тамақтанамын.
 Аптасына _____ жаттығу залына барамын.
 Айына _____ қазақ тілі курсына қатысамын.
 Жылына _____ шетелде демаламын.

🎧 ТЫҢДАЛЫМ

2. Сұқбатты тыңдап, бос орындарды толтырыңыз.

- Айнұр, сіз ертең боссыз ба?
- Жоқ, _____.
- Ертең _____ ғой?
- Мен _____ жұмыс істеймін.
- _____ не істейсіз?
- _____ барамын.
- _____ не істейсіз?
- _____, теледидар көремін.
- _____ бармайсыз ба?
- Жоқ, бармаймын, өйткені _____.
- Жексенбі күні _____?
- _____ айналысамын.
- Бос уақытыңыз _____. Өкінішті.



? СӨЙЛЕСІМ

1. Диалогті рөлге бөліп оқыңыздар. Өзара сөйлесіңіздер.

Артем: Достар, бос уақыттарыңды кіммен өткізесіңдер?

Анна: Мен бос уақытымды отбасыммен бірге өткіземін.

Вадим: Менде бос уақыт өте аз. Бос уақытымды жалғыз өткіземін.

Оксана: Көбінесе достарыммен бірге өткіземін. Артем, өзің кіммен өткізесің?

Артем: Өкінішке орай, менде бос уақыт жоқ. Бос уақыттарыңда немен айналысасыңдар?

Анна: Отбасыммен табиғат аясында демаламыз, кейде циркке барамыз, қонаққа барамыз.

Вадим: Мен музыка тыңдаймын, кітап оқимын. Үйде теледидар көремін, компьютерде отырамын.

Оксана: Демалыс күндері киноға, кафеге барамын. Аптасына екі рет фитнес орталығына барамын.

Артем: Жарайсыңдар! Бос уақыттарыңды өте жақсы өткізеді екенсіңдер!

2. Диалогке сүйеніп, сұқбаттасыңыздар.

- Айару, бос уақытыңда не істейсің?
- Бос уақытымда бимен айналысамын. Ал сен ше?
- Мен спортпен шұғылданамын.
- Қандай спорт түрімен?
- Бокспен.
- Спортпен қай жерде шұғылданасың?
- «Тұлпар» спорт клубында. Ал өзің ше?
- Мен «Персона» фитнес орталығына барамын.
- Аптасына неше рет барасың?
- Аптасына 2 рет барамын. Өзің ше?
- Мен аптасына 4 рет барамын.
- Сенбі, жексенбі күндері немен айналысасың?
- Демалыс күндері теннис, футбол ойнаймын. Өзің ше?
- Дүкен аралаймын.



ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқып, өзіңіздің бос уақытыңыз жайлы айтып беріңіз.

Мен бос уақытымды отбасыма арнаймын. Біз отбасымызбен белсенді демалысты жақсы көреміз. Жұбайым екеуміз де сенбі, жексенбі күндері демаламыз. Демалыс күндері отбасымызбен саябақта серуендейміз, табиғат аясында демаламыз. Балаларды «Қиял әлемі», «Бегемот» демалыс орындарына апарамыз. Қызым мен ұлым ойнайды, батутта секіреді. Қыста мұзайдында коньки және шана тебеміз. «Ертегілер қалашығына» барамыз. Кейде циркке, кинотеатрға немесе концертке барамыз. Жазда балаларға көрікті жерлерді көрсетеміз. Бос уақытымызды көңілді өткіземіз.

2. Мәтіндегі тірек сөздерді табыңыз.

3. Мәтінді III жақта баяндаңыз.

4. Отбасы мүшелері бос уақыттарында қайда баратынын жазыңыз.



ЖАЗЫЛЫМ

1. Суретке қарап, әңгіме құрастырыңыз.



.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

I модуль

II модуль

III модуль

IV модуль

V модуль

VI модуль

ҚОСЫМША

Қоршаған орта

IV модуль. Қоршаған орта

1-сабақ. Қандай түсті ұнатасыз?

2-сабақ. Қоршаған орта

3-сабақ. Жануарлар әлемі

4-сабақ. Жыл мезгілдері

5-сабақ. Ауа райы

6-сабақ. Маусымдық киімдер

7-сабақ. Еңбек демалысы



IV МОДУЛЬ. Қоршаған орта

1-САБАҚ. Қандай түсті ұнатасыз?

ТЫҢДАЛЫМ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

Ақ - белый	Қою түсті - темный цвет
Қара - черный	Ашық түсті- яркий цвет
Көк - синий	Ақшыл түсті - светлый цвет
Жасыл - зеленый	Мағына - значение
Қызыл - красный	Қуаныш - радость
Алқызыл - алый красный	Қайғы - печаль
Қызғылт - розовый	Молшылық – изобилие, богатство
Қызғылт сары - оранжевый	
Сары - желтый	
Қоңыр - коричневый	
Күлгін - фиолетовый	
Сұр - серый	
Шұбар - пятнистый	
Ала - полосатый	

ГРАММАТИКА

Сын есімнің күшейтпелі шырайы

Тым қоңыр, өте күлгін, ең ашық түсті

Есте сақтаңыз!

Түстес сөзінің қолданылуы
Сөбіз түстес, аспан түстес, салат түстес

1. Үлгі бойынша жазыңыз.

Менің шашым қара түсті.

Менің шашымның түсі – қара

2. Сөз тіркесін жасаңыз.

Ақшыл көк түсті дәптер	Ашық түсті _____
Ақшыл жасыл түсті _____	Ашық түсті _____
Ақшыл қоңыр түсті _____	Қою көк түсті _____
Ақшыл сұр түсті _____	Қою сары түсті _____

ТЫҢДАЛЫМ

3. Тыңдаңыз. Диалогті түр-түс атауымен толықтырыңыз.

Айгүл: - Алло, Райгүл, сәлем!

Райгүл: - О, Айгүл, қалың қалай?

Айгүл: - Жақсы. Ертең сенің уақытың бола ма? «Абзал» сауда үйіне бара аласың ба?

Райгүл: - Түстен кейін уақытым болады. Абзалдан не аласың?

Айгүл: - Өзіме көйлек аламын.

Райгүл: - Қандай түсті көйлек аласың?

Айгүл: - _____ түсті көйлек алғым келеді.

Райгүл: - Сен _____ көйлек алсайшы. Саған жарасады.

Айгүл: - Жоқ, менің екі _____ көйлегім бар.

Райгүл: - Иә, маған да жазғы көйлек керек. Жазға _____ көйлек алғым келеді.

Айгүл: - Онда ертеңге дейін сау бол! Кездескенше.

Райгүл: - Жақсы. Сау бол!

СӨЙЛЕСІМ

1. Жұптық жұмыс. Үлгі бойынша сұқбаттасыңыздар.

- Саған қандай түс ұнайды?
- Маған _____ түс ұнайды.
- Сенің сүйікті түсің _____ ма?
- Иә, әрине, менің сүйікті түсім _____.
- Сенде _____ түсті не бар?
- Менде көйлек, сөмке, төпли бар.

ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

Әлемдегі мемлекеттің рәміздеріне қарап отырсаңыз, қызыл түсті туларды жиі кездестіресіз. Ақ, көк, сары, қара, жасыл түстер де бар. Мемлекеттік тудың негізгі элементі – оның түсі. Өртүрлі түстердің мағыналары бар.

Қызыл түс – өмір түсі. Ақ түс – бұл тазалықтың түсі. Көк түс – аспан мен теңіздің түсі. Сары түс – күннің түсі, бұл – өмір түсі. Қара түс – жер мен түннің түсі. Христиандарда қара түс қайғыны, жапондарда қуанышты білдіреді. Жасыл түс – көктемнің түсі, қуанышты, молшылықты білдіреді, бұл өмір белгісі (символ жизни).

3. Мәтін бойынша толықтырыңыз.

Ақ түс - _____ түсі. Қызыл түс - _____ түсі.
Көк түс - _____ түсі. Қара түс - _____ түсі.
Сары түс - _____ түсі. Жасыл түс - _____ түсі.

4. Мәтін бойынша артық сөзді сызып тастаңыз.

1. әлем, мемлекет, рәміз, ту, жер, қайғы
2. сары, қызыл, әлем, жасыл, қара, ақ, көк
3. өмір, қуаныш, қайғы, жапон, молшылық

5. Қазақстан Республикасының туын сипаттаңыз.

Біздің туымыз _____ түсті. Туда _____ түсті күннің суреті бар.



ЖАЗЫЛЫМ

1. Сурет бойынша сөйлем құрастырыңыз.

Үлгі: Саян өзіне асфальт түстес көлік сатып алды.



2. Модель бойынша сөйлемдер құрастырыңыз.

Үлгі: Нұртас маған ақ түсті көзілдірік сыйлады.

Фатима	мен	қоңыр	гүл	сатып алу
Айдар	қарындас	алқызыл	файл	сыйлау
Айнұр	әріптес	ақшыл қара	көлік	беру
Бауыржан	жолдас	қою қызыл	телефон	көрсету

IV МОДУЛЬ. Қоршаған орта

2-САБАҚ. Қоршаған орта

ТЫҢДАЛЫМ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

Табиғат - природа
Ауа - воздух
Тау - гора
Орман - лес
Тоғай - роща
Өзен - река
Көл - озеро
Теңіз - море
Мұхит - океан
Өсімдік - растение

Жапырақ - лист
Көгал - луг
Құс - птица
Жануар - животное
Жәндік - насекомые
Оңтүстік - юг, южный
Солтүстік - север, северный
Батыс - запад, западный
Шығыс - восток
Қалың - густой

Ұзындығы - длина
Ені – ширина
Биіктігі - высота
Тереңдігі – глубина
Шақырым - километр
Шаршы метр - квадратный метр
Жұту – глотать, дышать
Түсу - спускаться, лезть
Шомылу - купаться
Бай - богатый

ГРАММАТИКА

Жалпы есім
орман, тоғай, өзен, теңіз

Жалқы есім
Нұра, Каспий, Балқаш

1. Жалқы есімдерді табыңыз, бас әріптен жазыңыз.

алатау, орман, гүл, сарысу, бурабай, жәндік, өзен, алакөл, шортанды, құс қарқаралы, көл, тау, көгал, баянауыл, табиғат, зеренді, теңіз, құс, балқаш

2. Қосымшасын жазыңыз.

өзен _____ шомылу
тау _____ шығу
теңіз _____ бару
табиғат _____ сүю
орман _____ серуендеу

Нұра өзен _____ шомылу
Қызыларай тау _____ шығу
Каспий теңіз _____ бару
Қазақстанның табиғат _____ сүю
Қарқаралы орман _____ серуендеу

3. Бос орындарды толтырыңыз.

Синонимдер

Мағынасы бір-біріне жақын сөздер **синонимдер** деп аталады.

Мысалы: әдемі, әсем, сұлу, көрікті

Көкшетаудың табиғаты _____ .
Баянауыл таулары _____
Қарқаралы – _____ өлке.
Қазақстанда табиғаты _____ жерлер көп.

ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз. Мәтінге тақырып қойыңыз.

Шайтанкөл көлі Қарағанды облысында орналасқан. Көл Қарқаралы қаласының оңтүстік батысында бес шақырым жерде, Бұғылы тауының теңіз деңгейінен 1200 метр биіктігінде орналасқан. Ұзындығы – 60 метр, ені – 40 метр. Орташа тереңдігі – 2 метр. Көлді қалың орман қоршап тұр. Көлдің суы таза. Жазда Қарқаралыға демалуға адамдар көп келеді. Ауасы таза, табиғаты әсем. Қарқаралы демалушыларға ұнайды. Олар көлде шомылады, орманда серуендейді. Бұл жерде өсімдіктер мен жануарлардың, құстар мен жәндіктердің көптеген түрі кездеседі.

2. Дұрыс-бұрысын белгілеңіз.

Сөйлем	дұрыс	бұрыс
Қарағанды облысында көлдер көп. Шайтанкөл Қарқаралыда. Демалушылар орманға келеді. Демалушыларға өсімдіктер ұнайды. Орманның ұзындығы 60 метр.		

3. Сәйкестендіріңіз.

көлдің қарағай теңіз әсем орманда демалуға	орманы табиғат серуендеу тереңдігі келеді деңгейі
---	-------	--

🔊 ТЫҢДАЛЫМ

2. Тыңдаңыз. Бос орынды толықтырыңыз.

Қазақстан Республикасының жер көлемі өте үлкен әрі бай. Оның аумағы _____, _____, _____ бөлінеді. Еліміздің оңтүстігінде _____; солтүстігінде _____; шығысында _____; батысында _____; орталығында _____ қалалары орналасқан. Қазақстанда мұхит жоқ, ал теңізі, өзен-көлдері, биік таулары, қалың орман-тоғайы бар.

🗣️ СӨЙЛЕСІМ

1. Жұптық жұмыс. Үлгі бойынша сұқбаттасңыздар.

- Сіз қай жерде тудыңыз?
- Мен _____ тудым.
- Ол жердің (қаланың) табиғаты қандай?
- Табиғаты _____. Онда өзен бар.
- _____ бар ма?
- Жоқ (иә). Бізде _____ мен _____ бар (жоқ). Ал сіз туған жерде не бар?
- Менің туған жерімде (қаламда) _____, _____ бар. _____ жоқ.

🖋️ ЖАЗЫЛЫМ

2. Модель бойынша сөйлемдер құрастырыңыз.

Үлгі: Олжас жазда Қарқаралыға барды.

Олжас	жаз	Қарқаралы	серуенде
Дәрмен	қыс	Көл	бар
Наурыз	көктем	орман	шомыл
Жәлел	күз	табиғат	демал
Ерболат	ертең	оңтүстік	шығу

.....

.....

.....

.....

2. Сурет бойынша мәтін құраңыз.



.....

.....

.....

.....

.....

.....

3. Атауларын жазыңыз.

Таулар: _____

Өзендер: _____

Көлдер: _____

IV МОДУЛЬ. Қоршаған орта

3-САБАҚ. Жануарлар әлемі

🎧 ТЫҢДАЛЫМ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

Үй жануарлары - домашние животные
 Жылқы - лошадь
 Түйе - верблюд
 Сиыр - корова
 Қой - баран
 Ешкі - коза
 Ит - собака
 Мысық - кошка

Үй құстары - домашние птицы
 Тауық - курица
 Өтеш - петух
 Балапан - цыпленок
 Аңдар, хайуанаттар - звери
 Хайуанаттар бағы - зоопарк
 Қоян - заяц
 Түлкі - лиса

Қасқыр - волк
 Маймыл - обезьяна
 Аю - медведь
 Жолбарыс - тигр
 Арыстан - лев
 Піл - слон
 Өмір сүреді - 1. живет
 2. обитает

! ГРАММАТИКА

1. Қосымшасын қосыңыз.

Сын есімнің салыстырмалы шырайы

-дай, -дей, -тай, -тей

Мысалы: үйдей, баладай, суреттей

Үлгі: Иттей адал

жолбарыс _____ күшті, піл _____ үлкен, балапан _____
 кішкентай, түлкі _____ қызыл, қоян _____ қорқақ.

🖋️ ЖАЗЫЛЫМ

1. Сөздік бойынша жазыңыз.

Үй жануарлары

Үй құстары

Хайуанаттар

2. Модель бойынша жазыңыз.

Үлгі: Кішкентай маймыл орманда жүреді.

әдемі
 ақ
 сұр
 қызыл
 үлкен

қасқыр
 жолбарыс
 аю
 қоян
 арыстан

орман
 мұхит
 тоғай
 Африка
 тау

болады
 жүреді

.....

2. Сөздік бойынша артық сөзді сызып тастаңыз.

1. түлкі, қасқыр, жылқы, жолбарыс, арыстан
2. жылқы, түйе, балапан, сиыр, ешкі
3. қой, тауық, өтеш, қаз, үйрек

? СӨЙЛЕСІМ

1. Жұптық жұмыс. Модель бойынша сөйлесіңіздер.

Қазақстанның оңтүстігі
 Қазақстанның орталығы
 Қазақстанның солтүстігі
 Қазақстанның батысы
 Қазақстанның шығысы
 Африка
 Үндістан
 Джунгли

піл
 аю
 маймыл
 жолбарыс
 арыстан
 түйе
 қоян
 түлкі

бар
 жоқ
 өмір сүреді



2. Сурет бойынша «Хайуанаттар бағында» тақырыбында сөйлесіңіз.



3. Сұрақтардың көмегімен сөйлесіңіз.

1. Қандай үй жануарларын білесіз?
2. Қандай үй құстарын білесіз?
3. Қандай үй жануарлары ұнайды?
4. Сізде қандай үй жануарлары бар?



 **ОҚЫЛЫМ**

1. Мәтінді оқыңыз.

Пілдер – баяғыда көп болған. Қазір бұлардың екі түрі ғана сақталған. Бұлар – жер бетіндегі жануарлардың ең ірісі. Оның тұмсығы (хобот) болады. Пілдер тұмсықтарымен заттың иісін біледі, сезеді және орап ұстайды. Пілдер 70-80 жыл өмір сүреді.

Үнді пілдерінің құлақтары өте үлкен болады. Денесінің биіктігі 3 метрдей. Бұлар Үндістанның, Цейлонның, Суматраның және Барнеоның ормандарында кездеседі. Қолға тез үйренеді, бірақ қолда үйренгендері көбеймейді.

Африка пілінің биіктігі 3,5 м болады. Ал құлақтары төмен түсіп тұрады. Олар тропиктік Африкада өмір сүреді. Қолға тез үйренбейді.

2. Мәтіннің азатжолдарына тақырып қойыңыз.

I азатжол _____

II азатжол _____

III азатжол _____

3. Мәтін бойынша пілдерді сипаттаңыз.

Үнді пілі

Африка пілі

 **ТЫҢДАЛЫМ**

2. Тыңдаңыз. Бос орынды толықтырыңыз.

Британдық Колумбия Университетінің _____ Стенли Корен үлкен зерттеу жүргізді. _____ арифметиканың _____ игеру қабілетіне ие екен. Ит қарапайым _____ таба алған. Сонымен қатар, Кореннің айтуынша, ит орташа есеппен _____ түсінеді. Ең саналы, ең ақылды иттер _____ (жест пен мимиканы) түсінеді. Ғалымдар ең белсенді иттер _____ дейді.

3. Дұрыс-бұрысын белгілеңіз.

4. Мәтін бойынша иттер туралы жазыңыз.

Сөйлем	дұрыс	бұрыс
Профессор зерттеу жүргізді		
Иттер есеп шығарады.		
Иттер ақылды болады.		
Иттер арифметикалық қатені табады.		
Иттер сөйлейді.		

IV МОДУЛЬ. Қоршаған орта

4-САБАҚ. Жыл мезгілдері

🔊 ТЫҢДАЛЫМ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

Қыс - зима	Қаңтар - январь	Шілде - июль	Ыстық - жарко, жаркий
Көктем - весна	Ақпан - февраль	Тамыз - август	Жылы - тепло, теплый
Жаз - лето	Наурыз - март	Қыркүйек - сентябрь	Салқын - прохладно, прохладный
Күз - осень	Сәуір - апрель	Қазан - октябрь	Суық - холодно, холодный
Күн - солнце, день	Мамыр - май	Қараша - ноябрь	Қар - снег
Ай - луна, месяц	Маусым - июнь	Желтоқсан - декабрь	Жаңбыр - дождь

Назар аударыңыз!

Қыста



суық болады
күн суытады
қар жауады
боран соғады

Көктемде



жылы болады
күн жылынады
қар ериді
жапырақтар көктейді

Жазда



ыстық болады
күн ысиды
жеміс-жидек піседі
демалатын кезең

Күзде



салқын болады
күн салқындайды
жеміс-жидек жинайды
жапырақтар сарғаяды

! ГРАММАТИКА

Жатыс септігі (қашан?)

Соңғы дыбыс	1. қатаң дауыссыз 2. б, в, г, д		1. дауысты дыбыс 2. үнді дауыссыз		Тәуелдік жалғауы III жақ	
	-та	-те	-да	-де	-нда	-нде
Мысалдар	қыс+та	қыркүйек+те	қазан+да	сәуір+де	қарашасы+нда	шілдесі+нде

🔊 ТЫҢДАЛЫМ

2. Тыңдаңыз. Қажетті сөздерді қойыңыз.

Маған жаз мезгілі ұнайды. _____ ауа райы ыстық болады. Жаз айлары: _____, _____, _____ . Жиырма тоғызыншы _____ менің туған күнім. _____ кезекті демалысым. Күздің бірінші _____ жұмысқа шығамын.

3. Тыңдаңыз. Дұрыс, бұрысын белгілеңіз.

4. Тыңдалымның көмегімен сұрақтарға жауап беріңіз.

Сөйлем	дұрыс	бұрыс
Досының туған күні 22 наурызда. Наурызда күн суыта бастайды. Мамыр - жыл басы. 22 наурызда күн мән теңеледі. Досының туған күні		

Бір мезгілде неше ай бар?
Бір жылда неше ай бар?
Қыс айлары қандай?
Қыста ауа райы қандай болады?
Әр аптада неше күн бар?
Сәрсенбі-қандай күн?
Бір тәулікте неше сағат бар?

ОҚЫЛЫМ

1. Оқыңыз, мазмұндап беріңіз.

Бір жылда төрт мезгіл бар: қыс, көктем, жаз және күз. Өр мезгіл үш айдан тұрады.

Қыс айлары желтоқсан, қаңтар, ақпан. Қыста күн суытады, қар жауады. Қаңтарда қатты суық болады.

Көктем айлары: наурыз, сәуір, мамыр. Көктемде күн жылынады, қар ериді. Сәуірде барлығы көктейді.

Жаз айлары: маусым, шілде, тамыз. Жазда күн ысыды. Шілдеде күн ыстық болады. Тамызда жеміс-жидектер піседі.

Күз айлары: қыркүйек, қазан, қараша. Күзде күн салқындайды. Қазанда кейде жаңбыр жауады, қарашада қар түседі.

2. Оқылымның көмегімен сұрақтарға жауап беріңіз.

Бір жылда неше мезгіл бар?

Көктем айларын атаңыз.

Көктемде ауа райы қандай болады?

Жаз қандай мезгіл?

Күзде ауа райы қандай болады?

Қыс айларын атаңыз.

Қыста ауа райы қандай болады?



СӨЙЛЕСІМ

1. Үлгі бойынша сөйлесіңіздер.

- Сізге қай жыл мезгілі ұнайды?
- Маған қыс мезгілі ұнайды.
- Неліктен?
- Себебі қыста ауа таза, аязды болады, қар жауады. Ал өзіңізге қай жыл мезгілі ұнайды?
- Маған жаз мезгілі ұнайды. Жазда суға шомыламын, жеміс-жидектер піседі.
- Сіздің туған күніңіз қашан?
- Менің туған күнім көктемде. Он екінші наурызда.
- Сіздің туған күніңіз қашан?
- Күзде, он алтыншы қарашада.

2. Сұхбатты толықтырыңыз.

- а) - _____
- Иә, қазір көктем.
 - _____
 - Көктемде күн жылы.
 - _____
 - Бүгін дүйсенбі, аптаның бірінші күні.

- ә) - _____
- Иә, бүгін күн ыстық.
 - _____
 - Бүгін суға түсуге барамын.
 - _____
 - Далада 30 градус.

- б) - _____
- Қар жауады, аязды болады.
 - _____
 - Қыс айлары: жетоқсан, қаңтар, ақпан.
 - _____
 - Қыстың ең суық айы – қаңтар.

- в) - _____
- Жапырақтар сарғаяды, күн суыта бастайды.
 - _____
 - Маған күз мезгілі ұнайды.
 - _____
 - Себебі күзде менің туған күнім.
 - _____
 - Жиырма екінші қыркүйекте.

ЖАЗЫЛЫМ

1. Өр жыл мезгілінің ерекшелігін жазыңыз.

Қыста	Көктемде	Жазда	Күзде
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....

IV МОДУЛЬ. Қоршаған орта

5-САБАҚ. Ауа райы

ТЫҢДАЛЫМ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

Ауа райы болжамы - прогноз погоды
Жел - ветер
Тұман - туман
Бұршақ - град
Аяз - мороз
Боран - буран
Көктайғақ - гололед
Күн күркіреу - гроза
Найзағай - молния
Нөсер - ливень
Құйын - вихрь

Дауыл - ураган
Кемпірқосақ - радуга
Ашық - ясно, ясный
Шуақты - солнечно, солнечный
Жауын-шашынды - дождливо, дождливый
Құбылмалы - изменчивый, переменчивый
Еседі - веет
Соғады - дует
Жауады - льет, идет
Басылады - затихает
Жарқылдайды - сверкает

- Сіз ауа райы болжамын тыңдайсыз ба?
- Иә, мен ауа райы болжамын тыңдаймын.
- Жоқ, мен ауа райы болжамын тыңдамаймын.
- Мен ауа райы болжамын ғаламтордан қараймын.
- Бүгін ауа райы қандай?
- Бүгін ауа райы _____ градус жылы.
- Бүгін ауа райы _____ градус салқын.
- Бүгін ауа райы _____ градус аяз.
- Кеше күн/ауа райы қандай болды?
- Кеше күн/ауа райы ыстық/жылы/салқын/суық болды.
- Бүгін күн/ауа райы қандай болып тұр?
- Бүгін күн/ауа райы ыстық/жылы/салқын/суық болып тұр.
- Ертең күн/ауа райы қандай болады?
- Ертең күн/ауа райы ыстық/жылы/салқын/суық болады.

ГРАММАТИКА

Сапалық сын есімдер
ашық, ыстық, жылы, салқын, суық

Қатыстық сын есімдер
зат есім+(-лы,-лі,-ды,-ді,-ты,-ті)
қарлы, аязды, боранды, жаңбырлы, жауын-шашынды, бұлтты, желді

СӨЙЛЕСІМ

2. Сұқбатты оқыңыз, қай шақта тұрғанын анықтаңыз, үлгілердің көмегімен сұқбаттасңыздар.


- 1**
- Азамат, жаңбыр жауып тұр ма?
 - Иә, жаңбыр жауып тұр.
 - Алдыңғы күні қандай болды?
 - Салқын болды, жаңбыр жауды.

- 2**
- Айсұлтан, саябаққа барасың ба?
 - Далада ауа райы қандай?
 - Көктем ғой, құбылмалы.
 - Күн ашық болса, барамын.
 - Кездескенше!

- 3**
- Әлібек, Астанада ауа райы қалай?
 - Кеше бұршақ жауды, бүгін жауын-шашынсыз.
 - Сіздерде қалай?
 - Бізде күн ыстық, радиодан естідім. Ертең жаңбыр жауады, бұлтты болады.

- 4**
- Әже, амансыз ба! Денсаулығыңыз қалай?
 - Рақмет балам, бәрі орынша.
 - Сіздерде күн қалай болып тұр?
 - Күн суық, боран соғып тұр.
 - Алматыда тұман, жер көктайғақ. Суық жел.

2. Суреттегі құбылыстарды сипаттап, сөйлесіңіздер.



ТЫҢДАЛЫМ

2. Тыңдаңыз. Кестені толтырыңыз.

Кеше	
Бүгін	
Ертең	

ЖАЗЫЛЫМ

1. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

Үлгі: Ертең күн жылы болады, біз табиғатқа шығамыз.

Кеше күн боранды болды, _____
Бүгін күн шуақты болып тұр, _____
Ертең күн аязды болады, _____
Былтыр қыс қарлы болды, _____
Биыл қыс құбылмалы болып тұр, _____

2. Дұрыс жауаптарды белгілеңіз.

1. Сұраққа сәйкес жауапты белгілеңіз.

- Кеше ауа райы қандай болды?

- A) Жылы
- B) Жылы болды
- C) Жылы болады
- D) Жылы болып тұр

2. Қате нұсқаны табыңыз.

Қар ...

- A) ериді
- B) түседі
- C) соғады
- D) жауады

3. Сәйкес келетін сөздердің қатарын белгілеңіз.

... соғады.

- A) қар, бұршақ, аяз
- B) нөсер, құйын, жел
- C) жел, дауыл, боран
- D) найзағай, жаңбыр, тұман

4. Сәйкес сөзді қойыңыз.

Көктемде ауа райы ..., ... болады.

- A) жауынды, күн суытады
- B) қар жауады, дауыл тұрады
- C) жылынады, жауын-шашынды
- D) күн күркіреді, боран соғады

5. Қате нұсқаны табыңыз.

Жаңбыр

- A) еседі
- B) құяды
- C) жауады
- D) басылады

6. Сәйкес келетін сөздердің қатарын белгілеңіз.

... жауады.

- A) жел, боран, нөсер
- B) қар, жаңбыр, бұршақ
- C) дауыл, құйын, көктайғақ
- D) бұршақ, найзағай, кемпірқосақ

3. Сәйкестендіріңіз.

Жел
Қар
Боран
Тұман
Бұршақ
Күн
Жауын-шашынды
Ауа райы

еседі
жылынады
болды
құбылмалы
жауады
түседі
соғады
жауады

4. Сөздерді дұрыс орналастырыңыз.

Былтыр, суық, болды, қыста.

Жаңбыр, ертең, жауады, болады, бұлтты.

Қарағандыда, құбылмалы, желді, күн.

Ауа райы, тыңдады, Асқар, болжамын, радиодан.

Ертең, күн, болса, жылы, барамыз, тауға.

IV МОДУЛЬ. Қоршаған орта

6-САБАҚ. Маусымдық киімдер

🔊 ТЫҢДАЛЫМ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

Сырткіім - верхняя одежда	Бешпет - пиджак	Сән - мода
Ішкіім - нижнее белье	Белдемше - юбка	Сәнді - модно, модный
Баскіім - головной убор	Кеудеше - безрукавка	Тағу - надеть
Аяқкіім - обувь	Шұлық - носки	Жарасу - подходить,
Пәлте - пальто	Орамал - платок	Таңдау - выбирать
Күрте - куртка	Құлақшын - ушанка	Өлшеу - мерить, примерять
Жадағай - плащ	Қалпақ - кепка	Киюге болады - можно одевать
Тон - шуба	Етік - сапоги	Киюге болмайды - нельзя одевать (носить)
Костюм-шалбар - костюм	Бәтеңке - ботинки	Классикалық үлгі - классический стиль
Шалбар - брюки	Қосалқы аксессуарлар - дополнительные аксессуары	Еркін киім үлгісі - свободный стиль
Шолақ шалбар - шорты	Қол сөмке - сумочка	Спорттық үлгі - спортивный стиль
Жейде - рубашка		

! ГРАММАТИКА

1. Сөз тіркестерін жасаңыз.

Қатыстық сын есімдер

-қыл-кі, -ғыл-гі

-тық/-тік, дық/-дік

жазғы
күзгі
қысқы
көктемгі

жаздық
күздік
қыстық

Жазғы _____
Күзгі _____
Қысқы _____
Көктемгі _____

Жаздық _____
Күздік _____
Қыстық _____

Киім-кешекті сипаттауда қолданылатын сөздер

Сын есім	
Сапалық	Қатыстық
жылы, қалың, жұқа, жеңіл, арзан, қымбат	сапалы, сапасыз, сәнді, классикалық, спорттық

2. Тиісті сөздерді қойып, оқыңыз.

3. Бірнеше мысал келтіріңіз.

_____ бешпет
_____ шұлық
_____ баскіім
_____ аяқкіім

_____ қол сөмке
_____ орамал
_____ ішкіім
_____ сырткіім

жылы ≤ қалың ≤ жұқа ≤
арзан ≤ қымбат ≤ сапалы ≤

🖋️ ЖАЗЫЛЫМ

1. Суреттегі киімдер мен аксессуарларды бағандарға топтастырыңыз.



Жаздық киімдер	Күздік киімдер	Қыстық киімдер	Қосалқы аксессуарлар
_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____

2. Модель бойынша жазыңыз.

Мөлдір	классикалық үлгі	ұнау	_____
Жантас	еркін үлгі		_____
Айдос	спорттық үлгі		_____
Балнұр	қосалқы аксессуар		_____

? СӨЙЛЕСІМ

1. Диалогті оқып, өзара сөйлесіңіздер.

Айнұр: Қыздар, сендерге қандай маусымдық киімдер ұнайды?

Жанна: Маған жаздық киімдер ұнайды.

Сабина: Ал маған қыстық киімдер ұнайды.

Айнұр: Жанна, сенде қандай жаздық киімдер бар?

Жанна: Менде әртүрлі жаздық киімдер – көйлек, сарафан, белдемше, кеудешелер бар.

Айнұр: Сабина, сенің қандай қыстық киімдерің бар?

Сабина: Менде тон, ішік, құлақшын, қолғап және етік бар.

Жанна: Айнұр, өзіңе қандай маусымдық киімдер ұнайды?

Айнұр: Ал маған күздік киімдер ұнайды. Менде пелте, күрте, бәтіңке бар. Мен сәнмен киінгенді ұнатамын.

🎧 ТЫҢДАЛЫМ

2. Диалогті тыңдап, сұрақтарға қысқаша жауаптар жазыңыз.

1. Қазір қандай жыл мезгілі?

2. Ауа райы қандай?

3. Вероникада қандай күздік киімдер бар?

4. Ол қалай киінгенді ұнатады?

5. Осы маусымда қандай киімдер алғысы келеді?

6. Үстіне, басына және аяғына қандай киімдер алуы керек?

7. Верониканың талғамы қандай?



📖 ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз, тақырып қойыңыз.

Ақбота мемлекеттік мекемеге жұмысқа тұрды. Жұмыста еркін үлгідегі киімдерді киюге болмайды. Ер адамдар костюм-шалбар мен ақ жейде киіп, галстук тағуы қажет. Ал әйел адамдарға классикалық көйлек, ақшыл жейде, қою түсті белдемше немесе шалбар киюге болады. Сол себепті Ақбота жұмыста киетін киімдер сатып алу үшін киім дүкеніне келді. Алдымен блузка, белдемше, шалбарларды өлшеп көрді. Сонан кейін классикалық көйлектерді өлшеді. Ол қою көк түсті көйлек, ақ жейде мен қара белдемшені таңдады. Алған киімдері өзіне сондай жарасады. Қосалқы аксессуардан қол сәмке мен орамал сатып алды.

2. Мәтін бойынша ақпараттың дұрыс-бұрысын белгілеңіз.

Сөйлем	дұрыс	бұрыс
Мемлекеттік мекемеде еркін киім үлгісін киюге болмайды. Әйелдерге костюм-шалбар мен ақ жейде киюге болады. Ақботаның сатып алған киімдері өзіне жарасады. Қосалқы аксессуарлар сатып алған жоқ.		

IV МОДУЛЬ. Қоршаған орта

7-САБАҚ. Еңбек демалысы



🎧 ТЫҢДАЛЫМ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

Еңбек демалысы - трудовой отпуск
Кезекті демалыс - очередной отпуск
Демалыс үйі - дом отдыха
Демалыс орны - зона отдыха
Шипажай - санаторий
Жағажай - пляж
Күнге қыздырыну - загорать

Саяхат жасау - путешествовать
Тауға шығу - подниматься в горы
Қайықпен жүзу - кататься на лодке
Орманда серуендеу - прогулка в лесу
Жидек теру - собирать ягоды
Таза ауамен демалу - дышать на свежем воздухе
Шаңғы тебу - кататься на лыжах

! ГРАММАТИКА

Қалау рай

- Етістік+(-ғы/-гі, -қы/-кі)+ жіктік жалғауы -- келіп отыр (тұр, жүр, жатыр)
- Етістік+(-ғы/-гі, -қы/-кі)+ жіктік жалғауы -- келеді
- Етістік+(-ғы/-гі, -қы/-кі)+ жіктік жалғауы -- келді

жекеше	көпше
Менің оқығым/үйренгім келіп отыр (тұр, жүр, жатыр) Сенің оқығың/үйренгің келіп отыр (тұр, жүр, жатыр) Сіздің оқығыңыз/үйренгіңіз келіп отыр (тұр, жүр, жатыр) Оның оқығысы/үйренгісі келіп отыр (тұр, жүр, жатыр)	Біздің оқығымыз/үйренгіміз келіп отыр (тұр, жүр, жатыр) Сендердің оқығыларың/үйренгілерің келіп отыр (тұр, жүр, жатыр) Сіздердің оқығыларыңыз/үйренгілеріңіз келіп отыр (тұр, жүр, жатыр) Олардың оқығылары/үйренгілері келіп отыр (тұр, жүр, жатыр)

1. Үлгіге қарап, берілген етістікті келер шақта және өткен шақта жіктеңіз.

Менің серуендегім келеді

Менің серуендегім келді

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

2. Модель бойынша сөйлем құраңыз.

Менің	Түркия		Біздің	саяхат	
Сенің	Италия	бару	Сендердің	шипажай	бару
Сіздің	Франция		Сіздердің	саябақ	
Оның	Ресей		Олардың	жағажай	

3. Үлгі бойынша жазыңыз.

Сенің Дубайға барғың келе ме?	Менің Дубайға барғым келеді.	Менің Дубайға барғым келмейді.

🎧 ТЫҢДАЛЫМ

2. Мәтінді тыңдап, Қарқаралы туралы мәліметті толтырыңыз.

Қарқаралы – _____ керікті жерлердің бірі. Қарағанды облысының _____ орналасқан. Қарқаралы биік _____, қалың _____, үлкен-кіші _____, түрлі жабайы _____ белгілі. Қарқаралыда _____ бар. Онда _____ бар. Тауларында _____ өмір сүреді. Қаланы _____ мен _____ орман қоршап тұр. _____ таза, денсаулыққа пайдалы. Табиғаты өте әдемі.



ОҚЫЛЫМ


1. Мәтінді оқып, мазмұнын баяндаңыз.

Қарқаралы – табиғаты әсем, көрікті өлке. Онда демалыс орындары өте көп. Қысы-жазы «Шахтер», «Тасбұлақ» демалыс үйлері мен «Қарқаралы» шипажайы демалушыларға қызмет көрсетеді. Ал жазда жоғары оқу орындарының «ҚарМУ», «Кооператор», «Политехник», «Медик» туристік базалары және балаларға арналған «Жасдәурен», «Факел», «Романтик» лагерьлері жұмыс істейді. Көрікті өлкеге демалушылар көп келеді. Оларға саяхат ұйымдастырылады. Демалушылар тауға шығады, орманда серуендейді, табиғатты тамашалайды.

2. Мәтіндегі тірек сөздерді табыңыз.

3. Жалқы есімдердің астын сызыңыз.

4. Қарқаралы туралы ақпаратты толықтырыңыз.



.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....



СӨЙЛЕСІМ

1. Диалогты толықтырып, өзара сұқбаттасыңыз.

- Сіздің кезекті демалысыңыз қашан?
- Менің кезекті демалысым _____.
- Неше күн демаласыз?
- _____ күн демаламын.
- Еңбек демалысын жоспарлайсыз ба?
- Иә, _____ \ Жоқ, _____.
- Қайда барасыз?
- _____ барамын.
- Демалысыңызда не істейсіз?
- Саяхат жасаймын, көлге шомыламын.
- Демалысыңызды қалай өткізесіз?
- _____ өткіземін.

2. Диалогті оқып, өзара сұқбаттасыңыз.

- Антон:** Ольга, сен Қазақстанның қандай көрікті жерлерінде болдың?
- Ольга:** Қарқаралы мен Баянауылда болдым.
- Антон:** Көкшетауға барғың келмей ме?
- Ольга:** Барғым келеді.
- Антон:** Демалысқа қашан шығасың?
- Ольга:** Шілде айында шығамын.
- Антон:** Менің де демалысым шілдеде. Онда Бурабай мен Зерендіге барайық.
- Ольга:** Қандай жақсы! Міндетті түрде барамын.
- Антон:** Онда дайындал.
- Ольга:** Жақсы, дайындаламын.



ЖАЗЫЛЫМ

1. Жұптастырыңыз.

Табиғатты
Таза ауамен
Балық
Қайықпен
Көлде
Тауға
Жидек
Күнге
Орманда
Саяхат

теру
жүзу
жасау
шығу
дем алу
тамашалау
серуендеу
аулау
шомылу
қыздырыну



2. «Демалыс» тақырыбы мен өткен тақырыптарды байланыстырып, сұрақтарға жауап жазыңыз.

1. Кезекті демалысыңызда қайда бардыңыз?

2. Кіммен (кімдермен) бардыңыз?

3. Ол жердің табиғаты қандай?

4. Ауа райы қандай болды?

5. Кіммен таныстыңыз?

6. Оның аты-жөні, мамандығы кім?

7. Оны сипаттаңыз.

8. Ол жерден ескерткішке не алдыңыз?

9. Қалай демалдыңыз, не істедіңіз?

10. Сізге демалысыңыз ұнады ма?

I модуль

II модуль

III модуль

IV модуль

V модуль

VI модуль

ҚОСЫМША

Ас — адамның арқауы

V модуль. Ас — адамның арқауы

1-сабақ. Азық-түлік

2-сабақ. Дүкенде

3-сабақ. Ас мәзірі

4-сабақ. Асханада



V МОДУЛЬ. Ас – адамның арқауы

1- САБАҚ. Азық-түлік



ТЫҢДАЛЫМ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

Нан - хлеб	Өнім - продукция, изделия	Су - вода
Қант - сахар	Кондитер өнімдері - кондитерские изделия	Сусын - напиток
Май - масло	Макарон өнімдері - макаронные изделия	Шырын - сок
Шай - чай	Жармалар - крупы	Ішу - пить
Сүт - молоко	Күріш - рис	Жеу - есть, кушать
Айран - кефир	Қарақұмық - гречка	Пісіру (ет) асу - готовить, варить
Ірімшік - сыр, творог	Бұршақ - горох	Қуыру - жарить
Қаймақ - сметана	Үрмебұршақ - фасоль	Бұқтыру - тушить
Сарымай - сливочное масло	Түтік кеспе - рожки	Буға пісіру - готовить на пару
Ет - мясо	Дәмдеуіштер - специи	Қайнату - кипятить
Шұжық - колбаса	Тұз - соль	Баға - цена
Жұмыртқа - яйцо	Бұрыш - перец	Арзан - недорого, дёшево
Балық - рыба	Күнбағыс майы - подсолнечное масло	Қымбат - дорого, дорого

ГРАММАТИКА

Қалау райдың болымсыз түрі

- Етістік+(-ғы/-гі, -қы/-кі)+ жіктік жалғауы -- келмей отыр (тұр, жүр, жатыр)
- Етістік+(-ғы/-гі, -қы/-кі)+ жіктік жалғауы -- келмейді
- Етістік+(-ғы/-гі, -қы/-кі)+ жіктік жалғауы -- келмеді

жекеше	көпше
Менің жегім/ішкім келмей отыр (тұр, жүр, жатыр)	Біздің жегіміз/ішкіміз келмей отыр (тұр, жүр, жатыр)
Сенің жегің/ішкің келмей отыр (тұр, жүр, жатыр)	Сендердің жегілерің/ішкілерің келмей отыр (тұр, жүр, жатыр)
Сіздің жегіңіз/ішкіңіз келмей отыр (тұр, жүр, жатыр)	Сіздердің жегілеріңіз/ішкілеріңіз келмей отыр (тұр, жүр, жатыр)
Оның жегісі/ішкісі келмей отыр (тұр, жүр, жатыр)	Олардың жегілері/ішкілері келмей отыр (тұр, жүр, жатыр)

1. Бос орынға тиісті сөздерді қойыңыз.

Менің _____ істегім келмейді.	Менің _____ әзірлегім келмеді.
Менің _____ қуырғым келмейді.	Менің _____ бұқтырғым келмеді.
Менің _____ жегім келмейді.	Менің _____ дайындағым келмеді.
Менің _____ ішкім келмейді.	Менің _____ буға пісіргім келмеді.

2. Үлгі бойынша жазыңыз.

ҮЛГІ: Сүттің бағасы арзан, ал майдың бағасы қымбат.

- _____
- _____
- _____
- _____

ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқып, тақырып қойыңыз.

Қазақтың сүт тағамдарына айран, құрт, ірімшік, сарымай жатады. Біз бұлардың атауларын білеміз, бірақ пайдасын білмейміз. Мысалы, айран гипертония, гастрит ауруларына ем. Ол жақсы ұйықтауға да көмектеседі. Ал сүттің құрамында белок көп.

Құрт – сүттен жасалады. Қазір жастар арасында құртты жақсы көретіндер өте көп. Құрт өкпе ауруына, суық тигенде көмектеседі. Сүт тағамдары денсаулыққа пайдалы.

3. Дұрыс-бұрысын белгілеңіз.

Сөйлем	дұрыс	бұрыс
Ірімшік те сүт тағамы. Сүт тағамдарының пайдасы көп. Айранда белок көп болады. Құртты сүттен жасайды. Майды суық тигенде пайдаланады.		



4. Мәтін бойынша толықтырыңыз.

Сүттен _____ жасайды.
Мысалы, _____ және _____ денсаулыққа пайдалы.

СӨЙЛЕСІМ

1. Жұптық жұмыс. Тірек сөздерін пайдаланып, сұқбаттасыңыздар.

Керекті сөздер: азық-түлік, сатып алу, қанша, теңге, бүгін, арзан, қымбат, бұршақ, күріш, ет

Керекті сөздер: тамақ істеу, бұқтыру, тұз, дәмдеуіштер, қуыру, күнбағыс майы, жұмыртқа

ТЫҢДАЛЫМ

2. Тыңдаңыз. Бос орынды толықтырыңыз.



Бағасы _____ теңге



Бағасы _____ теңге



Бағасы _____ теңге



Бағасы _____ теңге



Бағасы _____ теңге



Бағасы _____ теңге

ЖАЗЫЛЫМ

1. Оқылым мәтініндегі ауыспалы осы шақта тұрған етістіктерді теріп жазыңыз.

2. Берілген сөздерден сөз тіркесін жасаңыз.

Шұжық, дәмді, сүт, тәтті, айран, пайдалы, ірімшік, арзан, қымбат, ет өнімдері, шырын

2. Модель бойынша сөйлемдер құрастырыңыз.

Үлгі: Жазира 200 теңгеге алма шырынын сатып алды.

Әсем	1500	1 литр	жұмыртқа	
Ләззат	800	тәтті	нан	
Әйгерім	400	қара	сүт	сатып алды
Гауһар	650	20	айран	
Гүлназ	180	жылқы	ет	

4. Азық-түліктің бағасын жазыңыз.

Екі литр сүтке _____ теңге керек. Екі жүз грамм сарымайға _____ теңге керек. 500 грамм шұжыққа _____ теңге керек. Бір литр сұйық майға _____ теңге керек.

V МОДУЛЬ. Ас – адамның арқауы

2-САБАҚ. Дүкенде

ТЫҢДАЛЫМ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

Келі - килограмм
 Дана - штук
 Бөлке - булка
 Қорап - ящик
 Бөтелке - бутылка
 Жеміс - фрукт
 Жидек - ягода
 Алма - яблоко
 Алмұрт - груша
 Өрік - абрикос
 Шабдалы - персик
 Шиe - вишня
 Қызыл шиe - черешня
 Қарақат - смородина
 Қауын - дыня
 Қарбыз - арбуз

Көкөніс - овощь
 Картоп - картофель
 Қияр - огурец
 Қызанақ - помидор
 Қызылша - свекла
 Асқабақ - тыква
 Сәбіз - морковь
 Пияз - лук
 Тәтті бұрыш - сладкий перец
 Қырықжапырақ - капуста
 Аскөк - укроп
 Ақжелкен - петрушка
 Сарымсақ - чеснок
 Сатып алушы - покупатель
 Тұтынушы - потребитель

Сауда жасау әдебі

- Не аласыз?
- Сіздерде ... бар ма?
- Иә, бар/жоқ.
- Қанша тұрады?/Бағасы қанша?
- ... теңге тұрады./бағасы ... тұрады.
- 1. - Маған ... келі/дана/бөлке/қорап/бөтелке беріңізші.
- 2. - Маған ... келі өлшеңізші.
- Міне, алыңыз.
- Қанша төлейін? / Қанша болды?
- Барлығына ... теңге төлейсіз.
- Мінекейіңіз.
- Қалған ақшаңызды алыңыз.
- Рақмет!

ГРАММАТИКА

Салыстырыңыз!

Қиярдан бір келі беріңіз.

Қиярдың бір келісін беріңіз.

2. Қосымшасын жазыңыз.

Шиe _____ бір келі
 Бұрыш _____ бір келі
 Алмұрт _____ бір келі
 Шабдалы _____ бір келі
 Пияз _____ бір келісі
 Алма _____ бір келісі
 Қызанақ _____ бір келісі
 Балық _____ бір келісі

ЖАЗЫЛЫМ

1. Сәйкестендіріңіз

2 келі	сұйық май
1 бөтелке	жұмыртқа
20 дана	қызанақ
3 бөлке	шай
4 қорап	нан

2. Азық-түлік атауын жазыңыз.

Маған 5 келі _____ өлшеңізші.
 Маған 2 бөлке _____ беріңізші.
 Жаннұр 10 дана _____ алды.
 Самал 3 қорап _____ сатып алды.
 Айзадаға 1 бөтелке _____ берді.

3. Үлгідегідей жазыңыз.

Үлгі: Картоптың бағасы Ақтауда жүз теңге, ал Қарағандыда жетпіс теңге тұрады.

Картоп	Ақтау (100)	Қарағанды (70)	_____
Сиыр еті	Алматы (1350)	Қарағанды (1200)	_____
Күріш	Қызылорда (190)	Қарағанды (240)	_____
Сұйық май	Шымкент (350)	Қарағанды (370)	_____
Жұмыртқа	Петропавл (200)	Қарағанды (220)	_____
Қант	Тараз (190)	Қарағанды (220)	_____
Ұн	Ақтау (155)	Қарағанды (120)	_____



ОҚЫЛЫМ

2. Рөлге бөліп оқыңыздар.

- Сәлеметсіз бе?
- Сәлеметсіз бе, не аласыз?
- Маған 2 келі күріш, 1 бөтелке сұйық май керек.
- Міне, алыңыз.
- Қанша төлеуім керек?
- 520 теңге төлейсіз.

1

- Шиеніз піскен бе?
- Әрине, піскен. Жеп көріңіз.
- Қанша тұрады?
- 700 теңге тұрады.
- Онда бір келісін өлшеңізші.

2

- Сәлеметсіз бе? Маған бір бөлке нан беріңізші.
- Ақ нан ба, қара нан ба?
- Ақ нан. Қанша тұрады?
- 65 теңге бересіз.
- Рақмет!

3

- Көкөністеріңіз арзан ба?
- Әрине. Бізде баға қымбат емес.
- Онда маған 1 келі сәбіз, 1 келі тәтті бұрыш өлшеңізші.
- Міне, алыңыз. Бәрі 250 теңге болады.
- Рақмет!

4

1. Мәтіндегі азық-түліктерді және олардың бағаларын сөзбен жазыңыз.

№1. Азық-түлік _____
Бағасы _____

№2. Жидек _____
Бағасы _____

№3. Нан _____
Бағасы _____

№4. Көкөніс _____
Бағасы _____

СӨЙЛЕСІМ

1. Жұптық жұмыс. «Дүкенде» тақырыбына сөйлесіңіздер.

2. Модель бойынша сөйлесіп жаттығыңыздар.

Сатушы: не аласыз?

А: Маған бір келі сарымай беріңізші.
Қанша тұрады?

Сатушы: 1200 теңге тұрады.
Міне, алыңыз.

А: Рақмет!

1 бөлке
1 келі
10 дана
2 қорап
1 бөтелке

шай
нан
қызанақ
сұйық май
жұмыртқа

320 теңге
200 теңге
370 теңге
700 теңге
60 теңге

ТЫҢДАЛЫМ

2. Мәтінді тыңдаңыз. Суреттерге азық-түліктің бағасын жазыңыз.



_____ пайыз



_____ пайыз



_____ пайыз



_____ пайыз



_____ пайыз



_____ пайыз



_____ пайыз



_____ пайыз

V МОДУЛЬ. Ас – адамның арқауы

3-САБАҚ. Ас мәзірі

ТЫҢДАЛЫМ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

Тағам - блюдо	Қазақша ет - мясо по-казахски	Дәмді - вкусно, вкусный
Сұйық тағам - первое блюдо	Көже - суп	Пайдалы - полезно, полезный
Қою тағам - второе блюдо	Кеспе - лапша	Зиянды - вредно, вредный
Жеңіл тағам - десерт	Тұшпара - пельмени	Тойымды - сытно, сытный
Тәттілер - сладости	Пісірілген - вареный	Құнарлы - калорийный
Ботқа - каша	Қуырылған - жареный	
Сұлы ботқасы - овсяная каша	Бұқтырылған - тушеный	
Тары ботқасы - пшенная каша	Кептірілген - сушеный	

ГРАММАТИКА

1. Тиісті нұсқаларды қойыңыз.

Күшейткіш үстеулер өте, тым, аса, ең өте дәмді, тым ащы, аса тәтті, ең пайдалы

Қазақша ет – _____ тағам.
 _____ салаттар маған ұнамайды.
 Балама _____ сусындар ұнайды.
 Ботқа – _____ тағам

2. Бірнеше мысал келтіріңіз.

Туынды сын есімдер

1. Зат есім + (-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті)

2. Етістік + (-ған/-ген, -қан/-кен)

3. Етістік + (-л/-ыл/-іл)+(-ған/-ген, -қан/-кен)

-лы/-лі	-ды/-ді
пайдалы	тойымды
құнарлы	шырынды
майлы	зиянды
дәстүрлі	дәмді
нәрлі	сіңімді

-ған/-ген, -қан/-кен	
қуырған/қуырылған	бұққан/бұқтырылған
бұқтырған/бұқтырылған	піскен/пісірілген
ашыған/ашытылған	кескен/кесілген
ысыған/ысытылған	тураған/туралған
қайнаған/қайнатылған	суыған/суытылған

3. Қажетті нұсқаны қойыңыз.

Қуырылған _____ Ұсытылған _____ Пайдалы _____
 Шырынды _____ Құнарлы _____ Қайнатылған _____

СӨЙЛЕСІМ

1. Жұптық жұмыс. Сұқбаттарды рөлге бөліп оқыңыздар. Өзара сөйлесіңіздер.

- Марал, сіз қандай тағамдарды жиі пісіресіз?
- Мен сұйық тағамдарды жиі пісіремін.
- Неліктен?
- Өйткені жұбайыма сұйық тағамдар ұнайды.
- Қандай сұйық тағамдар пісіресіз?
- Көже, кеспе, кейде қазақша ет пісіремін.
- Ал менің отбасыма қою тағамдар өте ұнайды.
- Көбінесе не пісіресіз?
- Котлет, балық, картоп пен түтік кеспе пісіремін.

- Алматы, саған қандай тағамдар ұнайды?
- Маған қуырылған тағамдар ұнайды.
- Әсіресе, қандай тағамдар?
- Қуырдақ және қуырылған балық. Сізге ше?
- Маған бұқтырылған тағамдар ұнайды.
- Бұқтырылған тағамдар дәмді ме?
- Дәмді әрі денсаулыққа пайдалы.



ОҚЫЛЫМ

1. Бос орындарға тиісті сөздерді қойып, мәтінді оқыңыз.

Ботқа – дәстүрлі таңғы ас. Тары мен сұлыдан да дәмді ботқа пісіруге болады. Бұл тағам ас қорытуға өте жақсы көмектеседі. Ботқаға түрлі жеміс-жидектерді, кейде көкөніс те қосып пісіруге болады. Мысалы, асқабақ қосылған ботқа – өте тойымды таңғы ас. Таңертең ботқа жесеңіз, түске дейін қарныңыз ашпайды. Ботқа – өте пайдалы тағам.

2. Туынды сын есімдерді теріп жазыңыз.

3. Сызбаны толтырыңыз.

5. Сызбаларды толтырыңыз.

Ботқа

_____ тағам
_____ ас
_____ тамақ
_____ таңғы ас

Таңертең қандай тағамдар жейсіз?

_____ жеймін.

Таңертең қандай сусындар ішесіз?

_____ ішемін.



ТЫҢДАЛЫМ

2. Диалогті тыңдап, толықтырыңыз.

- Қымбаттым, _____ не әзірледің?
- Ботқа әзірлеп қойдым.
- _____ ботқа ма?
- Иә, ботқа – _____ тағам.
- Ал түскі асқа не пісіресің?
- _____ пісірем, _____ қуырам, _____ пісіремін.
- _____ жегім келіп жүр.
- Оны _____ әзірлейін.
- _____, сүйіктім!



ЖАЗЫЛЫМ

1. Модель бойынша сөйлем құраңыз.

Сіздің таңғы, түскі, кешкі ас мәзіріңіз қандай?

Таңертең	Қазақша ет, қуырылған жұмыртқа, көже, нан мен май, қуырдақ, палау, кеспе, тұшпара, котлет пен күріш, манти, лағман, қуырылған балық пен картоп, кукси, борщ, кондитер тағамдары, палау, щи, рассольник, ботқа, ет, бұқтырылған қырықжапырақ, салат, ірімшік, вареники, хачапури, қуырылған картоп, суши	жеу	кофе шай сүт компот шырын айран су	ішу
Түсте				
Кешке				

2. Бір күннің ас мәзірін құрастырыңыз.

Таңғы ас	Түскі ас	Кешкі ас
_____	_____	_____
_____	_____	_____

V МОДУЛЬ. Ас – адамның арқауы

4-САБАҚ. Асханада

🎧 ТЫҢДАЛЫМ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

Шайнек - чайник
Аққұман - заварник
Кесе - пиала
Шыныаяқ - чашка
Саптыаяқ - кружка
Тәрелке - тарелка
Қасық - ложка
Шанышқы - вилка
Пышақ - нож

Майлық, сулық - салфетка
Дастарқан - скатерть
Тапсырыс - заказ
Ұлттық тағам -
национальное блюдо

Тамақтану әдебі

- Неге тапсырыс бересіз?
- Ас мәзірінде қандай тағамдар бар?
- Өзіңіз қараңыз.
- Маған біріншіге ..., екіншіге ..., сусыннан ..., жеңіл тағамнан ... беріңіз/берсеңіз.
- Міне, алыңыз.
- Майлық беріңізші.
- Мінекейіңіз.
- Қанша төлейін?/ Қанша болды?
- ... теңге төлейсіз./ ... теңге болды. Ас болсын!
- Рақмет!


- Ас болсын! - Приятного аппетита!
- Асың(ыз) демді болсын! - Приятного аппетита!

! ГРАММАТИКА

Көмектес септік (Немен? -мен, -бен, -пен)

Сүт+пен шай Қант+пен шай Лимон+мен шай

- Маған сүтпен шай құйыңызшы.
- Лимонмен көк шай беріңізші.



? СӨЙЛЕСІМ

1. Сұқбаттарды рөлге бөліп оқыңыздар. Өзара сөйлесіңіздер.

- Ас мәзірінде не бар?
- Ас мәзірінде сұйық тағам, қою тағам, салаттар, сусындар және жеңіл тағамдар бар?
- Сұйық тағамға/ біріншіге не бар?
- Сұйық тамаққа қазақша ет, кеспе мен борщ бар.
- Қою тағамға/ екіншіге не бар?
- Қою тағамға қуырдақ, палау және қуырылған балық бар.
- Сусынға не бар?
- Сусынға шай, шырын және компот бар.

- Сіз не ішесіз?
- Маған шай беріңізші.
- Қандай шай ішесіз?
- Сүтпен шай құйыңыз.
- Шайға не аласыз?
- Шайға тәтті тоқаш беріңіз. Барлығы қанша болады?
- 260 теңге. Қазір дайын болады. Ас болсын!
- Рақмет!

🎧 ТЫҢДАЛЫМ

2. Мәтінді тыңдаңыз, кестені толтырыңыз.

Сұйық тағам	Қою тағам	Сусын

3. Дұрыс-бұрысын белгілеңіз.

Сөйлем	дұрыс	бұрыс
Асхана 1-қабатта. Ас мәзірінде сүт тағамдары жоқ. Ас мәзірінде ет тағамдары мен сусындар бар. Әріптесім сұйық тамақты жақсы көреді. Ол сусынға лимонмен шай ішеді. Мен жазда қымыз ішемін. Ас мәзірінде бұқтырылған, қуырылған тағамдар жоқ.		



ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз, тақырып қойыңыз.

Дастарқан басында өзін дұрыс ұстай білу – мәдениеттіліктің белгісі. Алдымен салқын тағамдарды жейді. Кейін ыстық тамақ жеу керек. Соңында түрлі сусындар ішіледі. Ыстық тамақты пышақ және шанышқымен жейді. Пышақты оң қолмен, шанышқыны сол қолмен ұстау керек. Сусындарды стаканға толтырып құймайды.

2. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

- Мәдениеттіліктің белгісі қандай?
- Ең алдымен қандай тағамдарды жеу керек?
- Салқын тағамдардан кейін қандай тағамдарды жеу керек?
- Сусындарды қай уақытта ішеді?
- Пышақ пен шанышқыны қалай қолдану керек?
- Сусындарды ыдысқа қалай құю керек?



ЖАЗЫЛЫМ

1. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Қандай ет тағамдарын білесіз?

Сізге қандай ет тағамдары ұнайды?

Мереке күндері қандай тамақ дайындайсыз?

Таңғы асқа не ішесіз?

Жұмыс күндері түскі асты қайдан ішесіз?

Түскі аста сұйық тамаққа, қою тамаққа, сусынға не ішесіз?

Сіз қандай сусындарды ұнатасыз?

2. Сұқбатты толықтырыңыз.

- Тапсырыс беруші:** Сәлеметсіз бе!
Даяшы: Қош келдіңіз!
Тапсырыс беруші: Сусынға не бар?
Даяшы: _____
Тапсырыс беруші: Сұйық тағамға не бар?
Даяшы: _____
Тапсырыс беруші: Маған сұйық тамаққа _____, қою тамаққа _____ беріңіз.
Даяшы: Қандай салатқа тапсырыс бересіз?
Тапсырыс беруші: _____
Даяшы: Ас болсын!
Тапсырыс беруші: Қанша минутта дайын болады?
Даяшы: _____
Тапсырыс беруші: _____



I модуль

II модуль

III модуль

IV модуль

V модуль

V модуль

ҚОСЫМША

Мекенжай

VI модуль. Мекенжай

1-сабақ. Мекенжай

2-сабақ. Менің пәтерім

3-сабақ. Үй жиһаздары

4-сабақ. Тұрмыстық заттар



VI МОДУЛЬ. Мекенжай

1-САБАҚ. Мекенжай

ТЫҢДАЛЫМ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

Даңғыл - проспект

Көше - улица

Алаң - площадь

Қабат - этаж

Көпқабатты үй - многоэтажный дом

Ықшамаудан - микрорайон

Осында - здесь

Кіреберіс - подъезд

Іші - внутри

Сырты - снаружи

Асты - низ

Үсті - вверх

Алды - перед

Арты - за

Бойы - вдоль

Жаны - рядом

Қасы - возле

Маңы - около

Айнала - вокруг

Айналасы - окрестность

Арасы - между

Ортасы - середина

Шеті - окраина

Басы - начало

Аяғы - конец

Қарама-қарсы - напротив

Оң жағы - правая сторона

Сол жағы - левая сторона

ГРАММАТИКА

1. Қосымшасын қосыңыз.

**Жатыс септігінің
тәуелденген түрі (қайда?)**

алды-нда (үйдің алдында)
жаны-нда (үйдің жанында)
іші-нде (үйдің ішінде)

Үлгі: көпқабатты үйдің пәтерінде

даңғыл _____ оң жағы _____
үй _____ айналасы _____
көше _____ орта _____

үй _____ кіреберіс _____
ықшамаудан _____ басы _____
алаң _____ шеті _____

2. Үлгі бойынша жазыңыз.

Керекті сөздер: алдында, оң жағында, артында, жанында, сол жағында

Көпқабатты үйдің _____ балалар алаңы бар. Біздің үйдің _____ үлкен жол жатыр. Менің үйімнің _____ дүкен, _____ балабақша орналасқан. Дүкеннің _____ мектеп тұр.

ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

Менің атым – Жасұлан. Мен Гоголь көшесі, қырық төртінші үйде тұрамын. Үйімізде бес қабат, үш кіреберіс бар. Мен үшінші қабатта тұрамын, пәтерім жиырма тоғызыншы. Үйдің сырты жаңа емес, ескі. Ал іші, кіреберістері таза.

Үйімнің айналасында ғимараттар, ағаштар көп. Қарама-қарсысында медицина университеті, оң жағында дәмхана, сол жағында банктер, артында кішкентай дүкен орналасқан.

Гоголь көшесі – ұзын көше. Жол бойында шаштараз, дүкен, емхана, банк, дәмханалар орналасқан. Бұл көшемен автобустар көп жүреді.

2. Мәтіннің азатжолдарына тақырып қойыңыз.

I азатжол _____

II азатжол _____

III азатжол _____

3. Мәтін бойынша артық сөзді сызып тастаңыз.

1. кішкентай, таза, ұзын, ескі, үлкен
2. көше, пәтер, қабат, кіреберіс, балабақша
3. қырық төрт, бес, төрт, үш, жиырма тоғыз,
4. айналасы, алды, арты, іші, қасы

4. Асты сызылған сөздер мен сөз тіркестеріне жатыс септігінің қосымшасын жалғаңыз.

СӨЙЛЕСІМ

1. Жұптық жұмыс. Жолдың бойында не бар?
Сұрақ қойып, жауап беріңіздер.



2. Үлгі бойынша сөйлесіңіздер.

- Сіз қай көшеде тұрасыз?
- Мен Мұқанов көшесінде тұрамын.
- Нешінші үйде тұрасыз?
- Он алтыншы үйде, жиырмамыншы пәтерде.
Ал өзің ше?
- Мен Бұқар жырау даңғылы, елу үшінші үйде тұрамын.
- Нешінші пәтерде тұрасың?
- Бесінші пәтерде тұрамын.

ТЫҢДАЛЫМ

2. Суреттегі адамдардың мекенжайларын анықтаңыз

1. Әлия _____ тұрады.
2. Әлібек _____ тұрады.
3. Мұрат _____ тұрады.
4. Мен _____ тұрамын.

ЖАЗЫЛЫМ

1. Модель бойынша жазыңыз.

Үлгі: Ардақ Сәкен Сейфуллин көшесінде тұрады.

Айнұр	Құрылысшылар	көше
Гүлнұр	Тәттімбет	даңғыл
Айжан	Әлиханов	алаң
Медеу	Мұқанов	ықшамаудан
Шалқар	“Гүлдер”	

Жай түрі

Тәуелденген түрі

қалада	Қарағанды қаласында
даңғылда	Жеңіс даңғылында
көшеде	Әуезов көшесінде
кіреберісте	Министрліктің кіреберісінде
қабатта	Үйдің бесінші қабатында

3. Модель бойынша жазыңыз.

Үлгі: Ақнұрдың үйінің алдында дүкен бар.

Мен	үй	алды	дүкен	бар
Сен		арты	емхана	
Сіз		қарама-қарсысы	ағаш	
Ол		жаны	шаштараз	
Біз		айналасы	балабақша	

3. Туыстарыңыздың мекенжайын жазыңыз.

1. Аты-жөні: _____
Мекенжайы: _____
2. Аты-жөні: _____
Мекенжайы: _____
3. Аты-жөні: _____
Мекенжайы: _____

VI МОДУЛЬ. Мекенжай

2-САБАҚ. Менің пәтерім

🎧 ТЫҢДАЛЫМ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

Пәтер - квартира
Бөлме - комната
Қонақ бөлме - гостиная
Жатын бөлме - спальня
Асүй - кухня
Жуынатын бөлме - ванная комната
Дәретхана - туалет, уборная
Дәліз - веранда, прихожая, коридор

Есік - дверь
Терезе - окно
Төбе - потолок
Қабырға - стена
Еден - пол
Бұрыш - угол

- Сіздің пәтеріңіз нешінші қабатта?
- Менің пәтерім ... қабатта.
- Пәтеріңіз неше бөлмелі?
- Менің пәтерім ... бөлмелі.
- Пәтеріңізде қандай бөлмелер бар?
- Пәтерімде ..., ..., ... бөлмелері бар.

! ГРАММАТИКА

Зат есім+(-ның/-нің, -дың/-дің, -тың/-тің)
-- көмекші есімдер+(-нда, -нде)

Қонақ бөлмесі+нің жанында
Жатын бөлмесі+нің оң жағында
Дәліз+дің сол жағында
Бөлме+нің ортасында

1. Модель бойынша жазыңыз.

Үлгі: Менің жұмысым үйдің жанында.

Қонақ бөлмесі	жатын бөлмесі	жаны
Жуынатын бөлме	жатын бөлмесі	оң жағы
Асүй	дәліз	сол жағы
Азық-түлік дүкені	дәріхана	алды
Асхана	көшенің	бойы
Емхана	шаштараз	арты

➡ Антонимдер

Мағынасы қарама-қарсы сөздер

Кең - тар	Жайлы - жайсыз
Жарық - қараңғы	Қолайлы - қолайсыз
Үлкен - кішкентай	Ыңғайлы - ыңғайсыз
Биік - аласа	
Ұзын - қысқа	
Жоғары - төмен	
Жаңа - ескі	
Бірге - бөлек	

2. Қажетті нұсқаны қойыңыз.

Демалыс бөлмесі _____.
Қонақ бөлмесі _____.
Асүй _____.
Жатын бөлмесі _____.
Жұмыс бөлмесі _____.
Балалар бөлмесі _____.
Дәліз _____.

📖 ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

Біздің пәтеріміз жаңа, төрт бөлмелі. Олар: қонақ бөлмесі, жатын бөлмесі, балалар бөлмесі және жұмыс бөлмесі. Пәтердің жалпы ауданы – 147 шаршы метр. Төбесі биік, терезелері үлкен. Қабырғалары ашық түсті, едені жылы. Пәтерге кіргенде қарама-қарсы – қонақ бөлмесі орналасқан. Қонақ бөлмесінде екі терезе бар. Қонақ бөлмесінің оң жағында жатын бөлмесі, оның жанында балалар бөлмесі. Осы екі бөлменің ортасында жуынатын бөлме бар. Сол жақта жұмыс бөлмесі мен асүй. Асүй кең, жарық және өте ыңғайлы. Жуынатын бөлме мен дәретхана бірге. Дәліз ұзын. Пәтерде екі балкон бар. Пәтеріміз өзімізге ұнайды.

2. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Пәтер неше бөлмелі?
Қонақ бөлмесі қайда орналасқан?
Пәтерге кіргенде оң жақта қандай бөлмелер бар?
Сол жақта қандай бөлмелер орналасқан?
Жуынатын бөлме қайда орналасқан?
Пәтердің жалпы ауданы қанша?
Жұмыс бөлмесі бар ма?
Дәліз қандай?



? СӨЙЛЕСІМ

1. Жұптық жұмыс. «Менің пәтерім» тақырыбында сөйлесіңіздер.

2. Модель бойынша сөйлесіп жаттығыңыздар.

- Сіздің мекенжайыңыз қандай?
- Менің мекенжайым _____,
_____, _____.

Мұқанов көшесі, 5 үй, 56 пәтер, жер үй;

- Пәтеріңіз неше бөлмелі?
- Менің пәтерім _____ бөлмелі.

төрт бөлмелі, үш бөлмелі, екі бөлмелі;


- Пәтеріңізде қандай бөлмелер бар?
- Пәтерде _____,
_____ бар.
- Пәтерге кіргенде оң жақта, сол жақта,
қарсы қандай бөлмелер орналасқан?
- Пәтерге кіргенде оң жақта _____
бөлмесі, сол жақта _____ бөлмесі,
қарсы _____ бөлмесі орналасқан.

асүй, жатын бөлмесі, қонақ бөлмесі, балалар
бөлмесі, дәліз;

🎧 ТЫҢДАЛЫМ

2. Тыңдаңыз. Сызбаны толтырыңыз.

3. Мәтінді екінші рет тыңдап, дұрыс-бұрысын табыңыз.



Сөйлем	дұрыс	бұрыс
Ардақ төрт бөлмелі пәтерде тұрады. Үйдің жалпы ауданы – 120 шаршы метр. Ең кішкентай бөлме – қонақ бөлмесі. Қонақ бөлмесі оң жақта орналасқан. Асүй, жатын бөлмесі, балалар бөлмесі сол жақта. Жуыну бөлмесі мен дәретхана оң жақта. Қонақ бөлмесінде бір терезе бар.		

✍️ ЖАЗЫЛЫМ

1. Сұрақтардың көмегімен өз пәтеріңізді сипаттаңыз және сызбасын салыңыз.

Сіздің пәтеріңіз неше бөлмелі?

Пәтеріңіздің ауданы неше шаршы метр?

Қандай бөлмелер бар?

Оң жақта қандай бөлмелер орналасқан?

Сол жақта қандай бөлмелер орналасқан?

Пәтерге кіргенде қарсы қандай бөлмелер бар?

Пәтердегі ең үлкен бөлме қай бөлме?

Қонақты қай бөлмеде күтесіз?

2. Суреттегі бөлмені сипаттаңыз.



.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

VI МОДУЛЬ. Мекенжай

3-САБАҚ. Үй жиһаздары

🎧 ТЫҢДАЛЫМ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

Жұмсақ жиһаз - мягкая мебель
Қабырға жиһазы - стенка (горка)
Журнал үстелі - журнальный стол
Ыдыс шкафы - кухонный шкаф
Киім шкафы - плательный шкаф
Аяқкиім шкафы - обувной шкаф
Қабырға суреті - картина
Қабырға шамы - бра
Аспашам - люстра

Сөре - полка
Кереует - кровать
Тартпа - комод
Айна - зеркало
Перде - шторы
Кілем - ковер
Ағаштан жасалған - сделано из дерева
Былғарыдан жасалған - сделано из кожи
Шыныдан жасалған - сделано из стекла

! ГРАММАТИКА

1. Бос орындарды толтырыңыз.

Тіркескен сөздер

Қонақ бөлмесінің жиһазы
Демалыс бөлмесінің жиһазы
Жатын бөлмесінің жиһазы
Балалар бөлмесінің жиһазы
Асүй жиһазы
Дәліз жиһазы

_____ жиһазы өте әдемі.
_____ ыңғайлы.
_____ ақшыл түсті.
_____ балаларыма ұнады.
_____ ыдыстар жиналып тұр.
Дәлізде _____ тұр.

2. Суреттегі жиһаздарды сипаттаңыз.

Үлгі: Бұл – үстел. Үстел ағаштан жасалған, түсі ақ.



Жиһазды сипаттауда қолданылатын сөздер

Арзан-қымбат
Қатты-жұмсақ
Сапалы-сапасыз
Ағаштан жасалған
Шыныдан жасалған
Былғарымен қапталған
Матамен қапталған

? СӨЙЛЕСІМ

1. Диалогтерді оқып, өзара сұқбаттасңыз.

- Пәтеріңіз неше бөлмелі?
- 2 бөлмелі.
- Қандай бөлмелер бар?
- Демалыс бөлмесі және жатын бөлмесі.
- Демалыс бөлмесінде қандай жиһаздар бар?
- Жұмсақ жиһаз бен журнал үстелі бар.
- Жатын бөлмесінде қандай жиһаздар тұр?
- Жатын бөлмесінің жиһазы тұр.
- Сіздің демалыс бөлмеңізде қандай жиһаздар бар?
- Қабырға жиһазы, жұмсақ жиһаз және журнал үстелі бар.
- Жатын бөлмеңізде қандай жиһаздар тұр?
- Жатын бөлмеде кереует, айна, киім шкафы тұр.
- Асүйіңізде қандай жиһаздар бар?
- Асүй жиһазы, үстел мен орындықтар бар.
- Дәлізіңізде ше?
- Дәліз жиһазы бар.

🎧 ТЫҢДАЛЫМ

2. Тыңдаңыз. Бос орынды толықтырыңыз.

Біздің үйдің _____ кең және ыңғайлы. Бөлменің _____ ақ түсті жұмсақ жиһаз, _____ ұзын үстел және 8 орындық тұр. _____ кілем жатыр. _____ 2 терезе бар. Екі терезенің _____ үлкен теледидар, оның _____ музыкалық орталық тұр. _____ әдемі аспашам, сол жақ _____ сурет ілулі тұр.

ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді мәнерлеп оқыңыз.

Бұл – менің жатын бөлмем. Бөлме шағын, жылы, жайлы. Бөлмеде жатын бөлмесінің жиһазы бар. Еденде көк түсті кілем жатыр. Терезеде көгілдір түсті перде, төбеде әдемі аспашам, қабырғада қабырға шамы мен сағат ілініп тұр. Сол жақ бұрышта үлкен гүл тұр.

Мен жатын бөлмесінде ұйықтаймын. Маған өзімнің жатын бөлмем өте ұнайды.

2. Мәтін бойынша сөйлемдердің дұрыс-бұрысын тексеріңіз.

Сөйлем	дұрыс	бұрыс
Бөлмеде жатын бөлмесінің жиһазы бар. Жатын бөлмесі кең. Едендегі кілемнің түсі көк. Жатын бөлмесінде тамақ ішемін. Қабырғада аспашам ілініп тұр. Менің жатын бөлмем жайлы.		



3. Сөйлемдерді оқып, керекті сөздермен бос орындарды толтырыңыз.

Бұл бөлмеде отбасы мүшелері демалады.

Онда _____ бар.

Бұл бөлмеде отбасы мүшелері ұйықтайды.

Онда _____ бар.

Мұнда отбасы мүшелері жуынады.

Онда _____ бар.

Бұл бөлмеде сабаққа дайындалады.

Онда _____ бар.

Мұнда жұмыс істейді.

Онда _____ бар.

Сырткіімдерін шешеді, киінеді.

Онда _____ тұр.

Керекті сөздер:

1. Кереует, айна, киім шкафы;
2. Үстел, орындық, кітаптар мен ойыншықтар;
3. Жұмсақ жиһаз, журнал үстелі және теледидар;
4. Айна, сабын, сусабын және сүлгі;
5. Айна, киім және аяқкиім шкафы;
6. Кітап сөрелері, үстел, кресло және компьютер;

4. Жұптастырыңыз.

Демалыс бөлмесінде
Жатын бөлмесінде
Жуыну бөлмесінде
Жұмыс бөлмесінде

отбасы мүшелері

жұмыс істейді.
жуынады.
ұйықтайды.
демалады.

ЖАЗЫЛЫМ

1. Пәтердегі жиһаздарды сипаттаңыз.



.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

VI МОДУЛЬ. Мекенжай

4-САБАҚ. Тұрмыстық заттар



🎧 ТЫҢДАЛЫМ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

Тұрмыстық техника - бытовая техника
Тоңазытқыш - холодильник
Мұздатқыш - морозильник
Кіржуғыш машина - стиральная машина
Ыдысжуғыш машина - посудомоечная машина
Қысқатолқынды пеш - микроволновая печь
Асүй комбайны - кухонный комбайн
Аудио-бейне техника - аудио-видео техника
Теледидар - телевизор
Музыкалық орталық - музыкальный центр
Электр құралдары - электрические приборы
Үтік - утюг

Шаңсорғыш - пылесос
Электр шайнегі - электрочайник
Желдеткіш - вентилятор
Жылытқыш - обогреватель
Ауабаптағыш - кондиционер
Сақтау - хранить
Суыту - охлаждать
Мұздату - морозить
Шаю - полоскать
Кептіру - сушить
Қайнату - кипятить

! ГРАММАТИКА

1. Бос орындарды толтырыңыз.

Модаль сөздердің болымсыз түрлері

- Етістік + (-y) -- керек/қажет емес
- Етістік + (-y) + (-дың/дің) -- керегі/қажеті жоқ

Асүйге _____ алу қажет емес.
Асүйге _____ алудың қажеті жоқ.
Үйге _____ орнату керек емес.
Үйге _____ орнатудың керегі жоқ.
Балалар бөлмесіне _____ қою қажет емес.
Балалар бөлмесіне _____ қоюдың қажеті жоқ.

Біріккен сөздер

Теле+дидар Кір+жуғыш
Шаң+сорғыш Ыдыс+жуғыш
Ауа+таптағыш Қысқа+толқынды

2. Қажетті нұсқаны қойыңыз.

Айгүл _____ кір жуды.
Анам _____ тамақты жылытты.
_____ бөлмені салқындатады.
Ғазиз _____ кілемді тазалады.

? СӨЙЛЕСІМ

1. Диалогті рөлге бөліп оқыңыздар, өзара сұқбаттасыңыздар.

- Сіздің үйіңізде қандай тұрмыстық техникалар бар?
- Менің үйімде электр плитасы, тоңазытқыш, теледидар, кір жуатын машина бар.
- Ал қандай тұрмыстық техника жоқ?
- Ыдыс жуатын машина, асүй комбайны және ауабаптағыш жоқ.
- Қандай тұрмыстық техника керек?
- Маған ыдыс жуатын машина керек.
- Қандай аудио-бейне техника бар?
- Аудио-бейне техникадан теледидар, музыкалық орталық бар.
- Электр құралдарынан нелер бар?
- Электр еттартқыш бар.



2. Жұптық жұмыс. Модель бойынша сөйлесіңіздер.

Думан мен Жанна	тоңазытқыш, электр плитасы, шаңсорғыш	бар/жоқ
Дархан мен Жазира	асүй комбайны, электр шайнегі, үтік	керек/керек емес
Нұрлан мен Алуа	қысқатолқынды пеш, кір жуатын машина	сатып алды/сатып алған жоқ

🎧 ТЫҢДАЛЫМ

2. Диалогті тыңдап, толықтырыңыз.

- Аяулым, асүйің неше шаршы метр?
- _____ шаршы метр.
- Асүйіңде қандай жиһаздар бар?
- Менің асүйімде _____ бар.
- Тұрмыстық техникадан нелер бар?
- _____ бар.
- Асүйіңде қандай ыдыстар бар?
- _____ бар.

📖 ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді мәнерлеп оқып, өз асүйіңіз туралы айтыңыз.

Менің көп уақытым асүйде өтеді. Мен асүйде теледидар көріп жүріп, тамақ әзірлеймін, кондитер тағамдарын пісіремін, ыдыс жуамын. Асүйде отбасымызбен тамақтанамыз. Кейде қонақты асүйде күтеміз.

Асүйім кең, жарық, ыңғайлы. Асүйде ақшыл түсті асүй жиһазы, үстел, орындықтар мен ыдыстар бар. Тұрмыстық техникадан – тоңазытқыш, электр плитасы, қысқатолқынды пеш, асүй комбайны, электр шайнегі бар. Терезеде ақшыл жасыл түсті перде, қабырғада кішкентай теледидар, төбеде аспашам ілулі тұр. Маған асүй өте ұнайды.

2. Мәтін бойынша сөйлемдердің дұрыс-бұрысын тексеріңіз.

Сөйлем	дұрыс	бұрыс
Асүйде ыдыстар жоқ.		
Асүй шағын, жинақы.		
Асүйде тамақ әзірлеймін.		
Асүйде отбасымен демалады.		
Жиһаздың түсі ақшыл.		
Қонақтарды қонақ бөлмесінде күтеді.		



3. Бағандарды толтырыңыз.

Асүйдегі		
Жиһаздар	Тұрмыстық техника	Ыдыстар
.....
.....
.....
.....

✍️ ЖАЗЫЛЫМ

1. Бос орындарды толтырыңыз.

Не үшін керек/қажет?

Электр шайнегі	шай	қайнату	} үшін керек /қажет.	Шаңсорғыш	_____	_____	} үшін керек /қажет.
Асүй комбайны	_____	_____		Қысқа толқынды пеш	_____	_____	
Тоңазытқыш	_____	_____		Газ плитасы	_____	_____	
Кір жуғыш машина	_____	_____		Музыкалық орталық	_____	_____	
Үтік	_____	_____		Теледидар	_____	_____	

2. Модель бойынша сөйлем құрастырыңыз.

Ботагез	теледидар	көже	жылыту
Айжұлдыз	қысқатолқынды пеш	кілем	тыңдау
Бекболат	шаңсорғыш	музыка	турау
Ербұлан	музыкалық орталық	салат	көру
Бибігүл	газ плитасы	тамақ	тазалау
Нұрлыбек	асүй комбайны	фильм	пісіру

I модуль

II модуль

III модуль

IV модуль

V модуль

VI модуль

ҚОСЫМША

Қосымша

Қосымша

*Сөйлесім дағдысын қалыптастыруға
арналған жаттығулар*

*Жазылым дағдысын қалыптастыруға
арналған жаттығулар*

*Оқылым дағдысын қалыптастыруға
арналған жаттығулар*



Сөйлесім дағдысын қалыптастыруға арналған жаттығулар

1. Модель бойынша сұқбаттасыңыздар.

- Д:** Сәлем!
М: Сәлем!
Д: Қалың қалай?
М: Жақсы. Өз қалың қалай?
Д: Жаман емес.

*Сәлем! сәлеметсіз бе?
 Жағдайың қалай? Қалыңыз қалай?
 Жақсы – өте жақсы – жаман емес*

2. Модель бойынша сұқбаттасыңыздар.

- Е:** Сіз мұғалімсіз бе?
Н: Жоқ, мен мұғалім емеспін.
Е: Сіздің мамандығыңыз кім?
Н: Мен – сәулетшімін.

*Кәсіпкер – сатушы – құрылысшы – даяшы;
 Жаттықтырушы – тілші – қаржыгер – кенші*

3. Модель бойынша сұқбаттасыңыздар.

- А:** Мына кісі кім?
Ә: Менің досым. Ол – экономист.
А: Еңбек өтілі қанша?
Ә: Екі жыл.
А: Жас маман ба?
Ә: Иә, ол – жас маман.

*Таныс – әріптес – туыс;
 Заңгер – мұғалім – бағдарламашы;
 5 жыл – 10 жыл – 15 жыл;
 Жас маман – тәжірибелі маман – білімді маман*

4. Модель бойынша сұқбаттасыңыздар.

- Ғ:** Сіздің ұлыңыз кім болып жұмыс істейді?
О: Ұлым құрылысшы болып жұмыс істейді.
 Ал сіздің балаңыз ше?
Ғ: Менің балам мектепте мұғалім болып жұмыс істейді.

*Таныс – әріптес – туыс – іні;
 Сәулетші – жүргізуші – заңгер – мұғалім – бағдарламашы;
 Басқарма – департамент – университет – фирма – мекеме*

5. Модель бойынша сұқбаттасыңыздар.

- Ж:** Мына кісі анаң ба?
О: Иә, анам.
Ж: Анаңыз неше жаста?
О: Елу бес жаста.
Ж: Мамандығы кім?
О: Анамның мамандығы – дәрігер.

*Таныс – Әке – аға – іні;
 63 – 34 – 21;
 Құрылысшы – аудармашы – қаржыгер*

6. Модель бойынша сұқбаттасыңыздар.

- Ш:** Сіз қай мекемеде жұмыс істейсіз?
Б: Мен Әділет департаментінде істеймін.
Ш: Мамандығыңыз бойынша істейсіз бе?
Б: Иә, мамандығым бойынша істеймін.

*Оқыту орталығы – Құрылыс басқармасы – Білім басқармасы – балабақша – мектеп;
 Мамандық бойынша – мамандық бойынша емес*

7. Модель бойынша сұқбаттасыңыздар.

95

- Р:** Сіздің отбасыңыз бар ма?
А: Иә, отбасым бар. Мен үйленгенмін.
Р: Қайда тұрасыз?
А: Осы қалада тұрамын.

отбасы бар
отбасы жоқ

үйленгенмін
үйленбегенмін
тұрмыстамын
тұрмыста емеспін

Теміртау
Саран
Жезқазған
Бұқар жырау ауданы

8. Модель бойынша сұқбаттасыңыздар.

- Л:** Мына көзілдірік сіздікі ме?
Б: Жоқ, менікі емес. Әкемдікі.
Л: Ал мына сызғыш кімдікі?
Б: Бұл сызғыш менікі.

*Кітап – қалам – қағаз – сөмке;
 Ана – аға – ата – іні;
 Ұялы телефон – кілт – сөздік – құжат;
 Ол – сен – сіз – сендер*

98

9. Модель бойынша сұқбаттасыңыздар.

Е: Бүгін таңертең қайда барасың?	бүгін ертең	таңертең	дүкен	20 минут
С: Кітапханаға барамын.		түсте	мекеме	1 сағат
Е: Кітапханада неше сағат боласың?		кешке	театр	2 сағат
С: Екі сағат боламын.		күндіз	кино	10 минут
			шаштараз	3 сағат

10. Модель бойынша сұқбаттасыңыздар.

- Л:** Мен сенің әріптесіңді қалай танимын?
Б: Ол – ұзын бойлы, арық денелі жігіт.
Л: Үстінде қандай киімі бар?
Б: Көк жейде мен қара шалбары бар.

*Дос – іні – көрші – апа
 Толық – орта бойлы – бойы қысқа – сары/қара шашты
 Ақ жейде – ұзын белдемше – қызыл көйлек – сұр шалбар*

11. Модель бойынша сұқбаттасыңыздар.

- А:** Не қалайсыз?
Т: Маған бұқтырылған ет, бір тілім нан беріңізші.
А: Компот ішесіз бе?
Т: Жоқ. Бір стакан көк шай беріңіз.

*Түшпара – манты – қазақша ет – қуырылған
 ет – қуырылған балық – кеспе;
 Сәбіз салаты – қырыққабат салаты – қызылша
 салаты – қияр мен қызанақ салаты;
 Компот – айран – қара шай – сүт қосылған шай – су*

12. Модель бойынша сұқбаттасыңыздар.

- Т:** Сәлеметсіз бе?
С: Сәлеметсіз бе? Не аласыз?
Т: Маған үш кило картоп, бір бөтелке сұйық май, бір қорап сіріңке, бір бөлке ақ нан беріңізші. Бәрі қанша болды?
С: Бәрі 690 теңге.

*Қызанақ – сәбіз – қызылша – қырыққабат;
 Алма – қырыққабат – шие – алмұрт;
 Жұмыртқа – қант – ұн – қаймақ – сарымай – сүт – шұжық*

13. Модель бойынша сұқбаттасыңыздар.

- Ы:** Сен Астанаға қашан барасың?
Ш: Мен сенбі күні барамын.
Ы: Сенбіде ме? Неше күнге барасың?
Ш: Екі күнге барамын. Дүйсенбіде кешке келемін.

*Алматы – Жезқазған – Бішкек – Мәскеу – Стамбул;
 Дүйсенбі – сейсенбі – сәрсенбі – бейсенбі – жұма – сенбі –
 жексенбі;
 Таңертең – түсте – кешке – түнде*

14. Модель бойынша сұқбаттасыңыздар.

- З:** Маған мекенжайыңды айтшы.
Ф: Мен ... көшесінде, 17-үйде тұрамын.
З: Нешінші пәтерде тұрасың?
Ф: 49-пәтерде. Мектептің қасындағы үй.
З: Телефоның бар ма?
Ф: Әрине. Телефон нөмірім: 77-08-26

*...көшесі, ... даңғылы, ... алаңы, ... ауданы, ... ауылы
 Шаштараз – дәріхана – дүкен – балабақша – театр
 Қасы – маңы – қарама-қарсысы – оң жағы – сол жағы*

15. Модель бойынша сұқбаттасыңыздар.

- Г:** Сіздің туған күніңіз қай айда?
Ө: Мен ақпанда тудым.
Г: Қай күні?
Ө: Он бесінші ақпанда. Өзіңіз қашан тудыңыз?
Г: Жазда. Жетінші мамырда.

*Қаңтар – наурыз – маусым – қыркүйек – қараша;
 Жаз – күз – қыс – көктем*

16. Модель бойынша сұқбаттасыңыздар.

- Т:** Мына көйлектің басқа түсі жоқ па?
С: Бар. Қоңыр және қызыл түсі бар. Аласыз ба?
Т: Маған онда қызыл көйлекті көрсетіңізші.
 Жақсы екен. Бағасы қымбат па?
С: Он екі мың теңге тұрады.

*Жейде – шалбар – өтік – шұлық – баскиім;
 Қара – көк – ақ – сұр – ала – жасыл*



Сөйлесім дағдысын қалыптастыруға арналған жаттығулар



Жазылым дағдысын қалыптастыруға арналған жаттығулар

17. Модель бойынша сұқбаттасыңыздар.

Ә: Мына тоңазытқыш қанша тұрады?
 Қ: 85 мың теңге тұрады.
 Ә: Қымбат екен. Арзаны бар ма?
 Қ: Онда мына тоңазытқышты көріңіз.
 Ол 72 мың теңге тұрады.
 Ә: Сапасы қандай?
 Қ: Сапасы жақсы, Жаңа марка.

кір жуатын машина, үтік, теледидар;
 65 мың, 5 мың, 78 мың;
 жаңа, жақсы, сапалы, қымбат емес



Жазылым дағдысын қалыптастыруға арналған жаттығулар

1. Модель бойынша жазыңыз.

Үлгі: Менің атым – Жарас.

Сен ___ ат ___ – Береке.
 Сіз ___ ат ___ – Нұрлан.
 Ол ___ ат ___ – Раушан.

2. Модель бойынша жазыңыз.

Үлгі: Менің қыста Бурабайда демалғым келеді.

Сен	күз	көл		
Сіз	жаз	тау	демалу	кел
Ол	көктем	шетел		

3. Модель бойынша жазыңыз.

Менің Сарыағашта демалғым келеді.

Менің Сарыағашта демалғым келмейді.

4. Уақытын (сағат) қойыңыз.

- Жұмыс қашан басталады?
- Жұмыс сағат _____ басталады.
- Жұмыс нешеде аяқталады?
- Жұмыс _____ аяқталады.
- Түскі үзіліс нешеде?
- Түскі үзіліс _____ дейін.

5. Модель бойынша жазыңыз.

Шалқар		музыка тыңдау
Зуһра	бос уақыт	спортпен шұғылдану
Ғабиден		теледидар көру

6. Модель бойынша жазыңыз.

Үлгі: Менің әкем бір мың тоғыз жүз жиырма екінші жылы, 10 наурызда туған.

Элдар	ана	1968	7 ақпан	
Рауан	аға	1996	18 маусым	туған
Ол	ұл	2013	6 қазан	



7. Модель бойынша жазыңыз.

Мұқанов көшесі		70			
Чкалов көшесі	дейін	7	автобус	баруға	
Н.Әбдіров даңғылы		30		болады	
Гагарин алаңы		7			

8. Модель бойынша жазыңыз.

Үлгі: Сіз маған Гүлімнің мекенжайын айтыңызшы.

Мен	Сен	Мереке	телефон		
	Сіз	Кәусар	мекеме	айт	
	Ол	Сымбат	күн тәртібі		

9. Модель бойынша жазыңыз.

Қайсар		кең	бірбөлмелі		86 шаршы метр
Балдырған	пәтер	кішкентай	үшбөлмелі	көлем	32 шаршы метр
Ерғали		жаңа	екібөлмелі		58 шаршы метр

10. Модель бойынша мәтін құраңыз.



Баян Есентаева

продюсер, тележүргізуші, актриса;
театр институтының кино факультеті, журналистика факультеті;
«Kesh You», «Лашын», Жанар Дұғалова жобаларының авторы;
«Ғашық жүрек», «Ғашық жүрек-2» «Осторожно, корова!»
фильмдерінің продюсері;

11. Модель бойынша мәтін құраңыз.



Головкин
Геннадий Геннадьевич

8 сәуір 1982 жыл Қарағанды;
қазақстандық кәсіпқой боксшы, әлем чемпионы, суперчемпион,
«Жыл боксшысы» атағы;
әкесі – орыс, шахтер, анасы – кәріс, зертханашы;
отбасы, жұбайы, ұлы



Оқылым дағдысын қалыптастыруға арналған жаттығулар

1-мәтін

Мен қаланың шетінде тұрамын. Жұмыс орным алыс. Таңертең үйден ерте шығып, автобуска отырамын.

1. Мәтін мазмұны бойынша сөйлемді толықтырыңыз.

Ол ... ерте шығады.

- 1) үйіне
- 2) қалаға
- 3) жұмысқа
- 4) жұмыстан

2. Мәтінде жоқ ақпаратты белгілеңіз.

Ақпарат	+ \ -
Үйі жұмыстан алыс.	
Үйінен ерте шығады.	
Жұмысы қаланың шетінде.	
Жұмысқа автобуспен барады.	

2-мәтін

Ерубаев көшесінде «Диана» дүкені мен «Азат» сауда үйі бар. Сауда үйінде «Аян» супермаркеті орналасқан. Мен азық-түлікті супермаркеттен аламын, өйткені онда азық-түлік арзан.

1. Мәтін мазмұны бойынша сөйлемді толықтырыңыз.

Азық-түліктің бағасы ... арзан.

- A) «Диана» дүкенінде
- B) Ерубаев көшесінде
- C) «Азат» сауда үйінде
- D) «Аян» супермаркетінде

2. Мәтінде жоқ ақпаратты белгілеңіз.

Ақпарат	+ \ -
Ол Ерубаев көшесінде тұрады.	
«Азат» сауда үйінде супермаркет бар.	
Азық-түлікті супермаркеттен сатып алады.	
«Диана» дүкені Ерубаев көшесінде орналасқан.	

3-мәтін

Біз отбасымызбен музыканы жақсы көреміз. Ұлымызды домбыра, қызымызды қобыз сыныбына бердік. Екеуі мектептегі концерттерге қатысады. Домбыра мен қобызда қазақтың күйлерін бірге орындайды. Қазір классикалық шығармаларды да орындап жүр. Екеуінің арманы – үлкен сахнаға шығып, бірге концерт беру.

1. Мәтінге тақырып қойыңыз.

2. Мәтіндегі тірек сөздерді теріп жазыңыз.

3. Мәтін мазмұны бойынша сәйкес келетін ақпаратты белгілеңіз.

Ұлым мен қызым үлкен ... армандайды.

- A) сахнаны
- B) концертті
- C) музыканы
- D) шығарманы



4. Дұрыс-бұрысын белгілеңіз.

Ақпарат	+ \ -
Біз отбасымызбен концертке қатысамыз.	
Ұлым мен қызым музыка сыныбында оқиды.	
Ұлым мен қызым қазақтың күйлерін бірге орындайды.	
Классикалық шығармаларды домбыра мен қобызда орындайды.	



4-мәтін

Менің ағамның аты – Данияр. Ол Ұлыбританияда оқиды. Данияр Еуропаның бірнеше елінде болған. Ол ағылшын, неміс және француз тілдерін біледі. Әсіресе ағылшын тілінде жақсы сөйлейді. Данияр жазда каникулға келді. Каникулда ол демалған жоқ. Қаладағы бір фирмада аудармашы болып жұмыс істеді. Ол – өте білімді, ақылды және еңбекқор.

1. Мәтін мазмұны бойынша сөйлемді толықтырыңыз.

- Данияр ... болды.
 А) қалада
 В) Ұлыбританияда
 С) француз жерінде
 D) Еуропа елдерінде

2. Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.

- А) Данияр білімді.
 В) Бірнеше тіл біледі.
 С) Фирмада жұмыс істеді.
 D) Каникулда Еуропада болды.

3. Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.

- А) Данияр каникулда Еуропаға барды.
 В) Данияр ағылшын тілін жақсы біледі.
 С) Даниярдың мамандығы – аудармашы.
 D) Ол ағылшын, неміс және француз тілдерінде оқиды.

5-мәтін

1. Берілген тірек сөздер арқылы мәтін құрастырыңыз.

Ұлан, I курс, студент, университет, сағат жетіде, тұру, жуыну, киіну, таңғы ас, үйден шығу, сабақ басталу, түскі ас, асхана, сағат төртке дейін сағат бесте, спорт клубы, жаттығу, шаршау, кешкі ас, сабаққа дайындалу.

2. Мәтінге тақырып қойыңыз.

3. Ұланның күн тәртібін уақыт бойынша жоспарлаңыз.



Уақыты

Айналысатын жұмысы

6-мәтін

Менің бір немерем бар. Аты – Жасмин. Ол 7 жаста. Биыл мектепке барды. Ата-анасы оған сөмке, оқулықтар, дәптер, қалам, түрлі-түсті қарындаштар, сызғыш, өшіргіш, ұштағыш сатып әперді. Жасмин сабақтан соң үй тапсырмасын қайталайды, кітап оқиды, сурет салады. Мен немереме көмектесемін.

1. Мәтін мазмұнын III жақта баяндаңыз.

2. Мәтін мазмұны бойынша артық сөздің астын сызыңыз.

Кітап, сөмке, оқулықтар, альбом, дәптер, қалам, қарындаштар, сызғыш, қағаз, өшіргіш

3. Мәтін бойынша сәйкес, сәйкес емес ақпаратты белгілеңіз.

Ақпарат	+ \ -
Жасминде оқу құралдары бар.	
Жасмин мектепке биыл барды.	
Жасмин 7 жасында мектепке барды.	
Жасмин суретті жақсы салады.	
Жасминнің сабағына ата-анасы көмектеседі.	

4. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Жасмин мектепке қашан барды?
2. Жасмин қай сыныпта оқиды?
3. Жасмин сабақтан соң не істейді?
4. Жасминде қандай кеңсе тауарлары бар?

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____



7-мәтін

Бүгін – әйелімнің туған күні. Мен ерте тұрып, оны құттықтадым. Әйеліме гүл мен кеше алып қойған сыйлығымды бердім.

1. Мәтін мазмұнын II жақтан баяндаңыз.

2. Мәтін мазмұны бойынша артық сөздің астын сызыңыз.

Әйеліне қандай гүл мен сыйлықтар алды?

раушан гүлі, қалампыр, қызғалдақ, хризантема, пион, сирень

парфюмерия, әшекей, иіссу, косметика, көйлек, қол сөмке, сағат, ұялы телефон

3. Мәтін бойынша артық сөздерді сызып тастаңыз.

1. құттықтау, тілек айту, сыйлық сыйлау.
2. туған күн, гүл, иіссу, қол сөмке, сыйлық.
3. бүгін, ерте, таңертең, кеш, кеше, кешке.

4. Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.

- A) Әйеліме гүл сыйладым.
- B) Дүкенге автобуспен бардым.
- C) Сыйлықты кеше сатып алдым.
- D) Таңертең әйелімді құттықтадым.

5. Мәтін мазмұны бойынша сөйлемдерді толықтырыңыз.

Сыйлықты ... сатып алдым.

- 1) кеше
- 2) түсте
- 3) кешке
- 4) таңертең

Әйелін ... құттықтады

- 1) мерекемен
- 2) туған күнімен
- 3) мерейтойымен
- 4) жаңа жылымен

8-мәтін



– Айтып жіберіңізші, «Әлем» сауда үйіне қандай автобустар барады?

- 3 және 70 автобустар барады.
- Қай аялдамадан шығамын?
- «Жаңа базар» аялдамасынан шығасыз.
- Бұл қалада жол ақысы қанша?
- 80 теңге.
- Рақмет.

1. Сұхбатты әріптесіңізбен рөлге бөліп оқыңыз.

2. Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.

- A) Ол жаңа базарға барады.
- B) Қай аялдамадан шығатынын сұрады.
- C) «Әлем» сауда үйіне 44 автобус барады.
- D) Жол ақысының қанша теңге екенін айтты.

3. Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.

- A) Жол ақысы 70 теңге.
- B) 3-аялдамадан шығады.
- C) «Әлем» сауда үйіне барады.
- D) Жаңа базарға баратынын айтты.

9-мәтін

Мен бос уақытымды жақсы өткіземін. Демалыс күндері отбасыммен бірге боламын. Балаларым табиғат аясында демалғанды жақсы көреді. Саябақта серуендейміз, аттракциондарға отырамыз. Қыста мұзайдында коньки тебеміз. Кейде қонаққа барамыз. Кешке мен кино көремін, жұбайым мен үлкен ұлым шахмат ойнайды, ал кіші ұлым компьютерде ойын ойнайды. Бәріміз бірге тамақтанамыз.

1. Мәтінге тақырып қойыңыз.

2. Мәтін бойынша артық сөздердің астын сызыңыз.

Отбасы, демалыс, ас мәзірі, саябақ, аттракцион, қонақ, жұмыс, шахмат, компьютер



3. Сәйкестендіріңіз.

кино
ойын
коньки
қонаққа
саябақта
аттракционға

тебу
бару
отыру
ойнау
көру
серуендеу



10-мәтін

Сенбі күні Астанадан қонақтар келеді. Жұмыстан кейін супермаркетке барамын. Тәттілерден кәмпит, печенье, жеміс-жидектер мен салатқа көкөніс алуым керек. Ыстық тамаққа қазақша ет пісіремін. Оған анам көмектеседі. Бірінші дастарқанға жеміс-жидектер, түрлі салаттар мен сусындар, шайға тәттілер, өрік пен құлпынайdan жасалған тосап қоямын. Бауырсақты кешке анам пісіріп береді, ал тортты өзім пісіремін.

1. Мәтін бойынша тірек сөздерді жазыңыз.

2. Кестені толтырыңыз.

Жеміс-жидектерден	Салаттың түрлерінен	Тәттілерден

11-мәтін

Мен гүлдерді ұнатамын. Сүйікті ісім – гүл өсіру. Үйде раушан гүлін, герань, фиалка, алоэ өсіремін. Ал кабинетте кактус, фикус гүлдері бар. Мерекелерде достарым мен әріптестеріме бөлме гүлдерін сыйлаймын.

1. Модель бойынша сөйлем құрастырыңыз.

2. Дұрыс-бұрысын белгілеңіз.

Кабинет	алоэ фикус кактус герань	өсіремін.
Үй	фиалка раушан гүлі бөлме гүлдері	



Ақпарат	+ \ -
Оның сүйікті ісі бар.	
Ол кабинетінде гүл өсіреді.	
Ол гүлдерді сыйлық үшін өсіреді.	
Гүлдерді достары мен әріптестеріне сыйлайды.	
Үйде бөлме гүлдерін өсіреді.	
Оның сүйікті ісі – гүл сыйлау.	
Әріптестері гүлдерді ұнатады.	

12-мәтін

Менің атым – Дулат. Мамандығым – сәулетші. Мамандығым өзіме ұнайды. Былтыр құрылыс фирмасын аштым. Мен жұмысшы отбасында тудым. Қазір ата-анам – зейнеткерлер. Отбасында бес баламыз. Барлығымыздың жоғары біліміміз бар. Ағам Думанның мамандығы – заңгер. Мемлекеттік мекемеде қызмет етеді. Әпкем Дана – дәрігер. Ол Астанада тұрады. Бір емхананың бас дәрігері. Інім Дәурен – инженер-құрылысшы. Қарындасым Дарияның мамандығы – экономист. Інім мен қарындасым менімен бірге жұмыс істейді. Екеуі маған көп көмек.

1. Мәтінге тақырып қойыңыз.



3. Сәйкестендіріңіз.

Думан	экономист
Дәурен	заңгер
Дана	құрылысшы
Дария	сәулетші
Дархан	дәрігер

3. Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.

- 1) Дулат, фирма, мамандық, отбасы
- 2) отбасы, ата-ана, мамандық, фирма
- 3) емхана, Дулат, жұмысшы, инженер
- 4) зейнеткер, экономист, фирма, көмек

13-мәтін

Мен көпқабатты үйдің төртінші қабатында тұрамын. Менің пәтерім кішкентай, екі бөлмелі. Пәтерім жылы, жарық. Бөлмелердің терезелері күншығысқа қарайды. Демалыс бөлмесінде үстел, орындық, жұмсақ жиһаз, журнал үстелі, теледидар, кілем, аспашам және компьютер бар. Жатын бөлмесінде жатын бөлмесінің жиһазы, қабырға шамы мен кілем бар. Асүй шағын, алты шаршы метр. Онда асүй жиһазы, тоңазытқыш, қысқатолқынды пеш, үстел мен орындық бар. Дәліз өте тар.

Маған жұмыс бөлмесі керек. Өйткені мен компьютерде көп жұмыс істеймін. Менің кең пәтер алғым келеді.

1. Мәтіндегі азатжолдарына тақырып қойыңыз.

2. Мәтін мазмұны бойынша сөйлемді толықтырыңыз.

Асүйде	теледидар мен компьютер жұмсақ жиһаз бен журнал үстелі жатын бөлмесінің жиһазы мен кілем тоңазытқыш пен қысқатолқынды пеш	бар.
--------	---	------

3. Мәтіннен теріп жазыңыз.

Жиһаздар

Тұрмыстық техника

14-мәтін

Менің жұмыс орным бес қабатты ғимараттың төртінші қабатында. Бұл ғимаратта бірнеше мекеме орналасқан. Мекеменің бірінші қабатында дәмхана бар. Бұл ғимаратта жұмыс істейтін қызметкерлердің көбі осы дәмханадан тамақтанады. Бұл жерден жақын маңдағы колледж бен университеттің студенттері де тамақ ішеді. Тамақтары өте дәмді. Ас мәзірі бай. Ас мәзірінде қазақша ет, кеспе көже, мәңті, тұшпара, қуырдақ, палау бар. Көкөністің барлық түрінен түрлі салаттар әзірлеп қояды. Құймақ, бәліш, кондитер тағамдарының да түр-түрі бар. Сусынға шай, кофе, компот немесе шырын алуға болады.

1. Мәтін мазмұны бойынша сөйлемді толықтырыңыз.

- Ас мәзірінде
- А) кеспе көже, кәуәп, палау
 - В) қазақша ет, тұшпара, мәңті
 - С) қуырдақ, наурыз көже, мәңті
 - Д) қазақша ет, тұшпара, лағман

2. Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.

- А) Асханадан студенттер де тамақтанады.
- В) Сусынның түрлерінен шай мен кофе ғана бар.
- С) Дәмханада кондитер тағамдарының түрлері көп.
- Д) Ас мәзірінде шығыс халықтарының тағамдары бар.

3. Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.

- А) Дәмханада тамақты дәмді пісіреді.
- В) Салаттарды жемістерден әзірлейді.
- С) Дәмхана мекеменің төртінші қабатында.
- Д) Ғимаратта жұмыс істейтіндер басқа дәмханаға барады.



4. Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.

- A) Салаттарды кім әзірлейді?
- B) Қазақша етті қалай пісіреді?
- C) Дәмханадан кімдер тамақтанады?
- D) Кондитер тағамдарын кімдер пісіреді?

5. Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.

- A) дәмхана, ас мәзірі, тамақтану
- B) дәмхана, студенттер, ғимарат
- C) қызметкерлер, тамақ, қуырдақ
- D) кондитер тағамдары, салат, сусын

15-мәтін

Бурабай

Бурабай – Көкшетаудағы әдемі көл. Суы таза. Көлдің айналасында қарағайлы, қайыңды орман бар. «Жұмбақтас», «Оқжетпес» деген таулар бар. Сондықтан халық оны «Қазақстанның Швейцариясы» деп атайды. Бурабай көлінің айналасында демалыс орындары мен шипажайлар орналасқан. Шипажайда адамдарды таза ауамен, қымызбен емдейді. Бурабай – табиғаты көрікті, үлкен демалыс орны.

1. Мәтін мазмұны бойынша сөйлемді толықтырыңыз.

Халық ... «Қазақстанның Швейцариясы» деп атайды.

- A) Бурабайды
- B) Оқжетпесті
- C) Көкшетауды
- D) Жұмбақтасты



2. Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.

- A) Бурабай көлінің суы таза.
- B) Бурабайдың табиғаты әдемі.
- C) Бурабайдың орманы өте қалың.
- D) Көлдің айналасында таулар бар.

3. Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.

- A) Бурабайдың ауасы таза.
- B) Демалыс орындарында адамдар емделеді.
- C) «Жұмбақтас» пен «Оқжетпес» таулары биік.
- D) Халық Көкшетауды «Жұмбақтас» деп атайды.

4. Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.

- A) Бурабайда қандай орман бар?
- A) Бурабайда қандай ағаштар өседі?
- B) Адамдар Бурабайға не үшін барады?
- D) Шипажайға қымызды қайдан әкеледі?

5. Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.

- A) Оқжетпес, шипажай, халық, тау
- B) Көкшетау, табиғат, орман, қымыз
- C) Жұмбақтас, демалыс орны, табиғат
- D) Бурабай, көл, табиғат, демалыс орны

Тыңдалым мәтіндері

I МОДУЛЬ 1-САБАҚ. СӘЛЕМДЕСУ

2. Тыңдаңыз және диалогті толықтырыңыз.

- Сәлеметсіз бе, Айнұр Садыққызы!
- Сәлеметсіз бе, Арман Аянұлы.
- Қалыңыз қалай? Жақсы ма?
- Өте жақсы. Сіздің қалыңыз қалай?
- Тамаша!

3. Тыңдаңыз. Жауаптарды толықтырыңыз.

- Қайырлы таң, апай!
- Қайырлы таң, інішек!
- Қалыңыз қалай?
- Жақсы. Сенің қалың қалай?
- Жаман емес.

2-САБАҚ. СӘЛЕМДЕСУ

2. Тыңдаңыз, диалогті толықтырыңыз.

- Сәлеметсіз бе, Бибігүл Асанқызы?
- Сәлеметсіз бе, Берік Қанатұлы?
- Жағдайыңыз қалай?
- Жаман емес. Сіздің жағдайыңыз қалай?
- Рақмет, жақсы.

3. Диалогтегі екінші адамның жауаптарын толықтырыңыз.

- Сәлеметсіз бе, ағай?
- Сәлеметсің бе, інішек? Үй-ішің қалай?
- Жақсы. Өз үй-ішіңіз, бала-шағаңыз қалай?
- Аман-есен.
- Денсаулығыңыз қалай?
- Тамаша. Өз денсаулығың қалай?
- Рақмет, жақсы.

3-САБАҚ. СІЗ КІМ БОЛАСЫЗ?

2. Диалогті тыңдап, толықтырыңыз.

- Сәлеметсіз бе?
- Сәлеметсіз бе? Кешіріңіз, сіз кім боласыз?
- Менің аты-жөнім – Рақымбаева Ақтоты Ерболқызы.
- Қуаныштымын!
- Мен де.
- Мен – Сағымбаев Батырлан Ришатұлымын.
- Сіз басшысыз ба?
- Жоқ, мен басшы емеспін. Мен бас маманмын. Ал сіз заңгерсіз бе?
- Жоқ, мен заңгер емеспін. Мен – аудармашымын.
- Ал сіз кімсіз?
- Мен – менеджермін.

4-САБАҚ. ТАНЫСҚАНЫМА ҚУАНЫШТЫМЫН!

2. Диалогті тыңдап, диалог бойынша кестені толтырыңыз.

- Танысып қояйық! Менің атым – Фарид.
- Менің атым – Алина.
- Алина, сіздің ұлтыңыз кім?
- Менің ұлтым – украин. Ал сіздің ұлтыңыз кім?
- Менің ұлтым – татар. Алина, мамандығыңыз кім?
- Мамандығым – қаржыгер.
- Қайда жұмыс істейсіз?
- Банкте жұмыс істеймін. Сіздің мамандығыңыз кім?

- Менің мамандығым – оқытушы. Мен университетте жұмыс істеймін.
- Танысқаныма қуаныштымын!
- Мен де.

5-САБАҚ. ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСУ

2. Диалогтерді тыңдап, жауабын толықтырыңыз.

- Алло!
- Алло! Сәлеметсіз бе?
- Сәлеметсіз бе? Тыңдап тұрмын. Бұл кім екен?
- Менің аты-жөнім – Мұғиын Әділет Думанұлы.
- Сізге кім керек еді?
- Кешіріңіз, Гүлсезімді бола ма?
- Қазір, шақырайын.
- Рақмет!

3. Диалогті тыңдап, жауабын толықтырыңыз.

- Алло!
- Алло! Қайырлы таң!
- Қайырлы таң! Сізді тыңдап тұрмын.
- Менің атым – Ерасыл. Гүлсезімнің танысымын. Гүлсезімді шақырып жіберіңізші.
- Ол қазір бос емес. Кейін хабарласыңыз.
- Кешіріңіз.
- Оқасы жоқ.
- Сау болыңыз!
- Сау болыңыз!
-

6-САБАҚ. КЕЗДЕСКЕНШЕ КҮН ЖАҚСЫ!

2. Сұқбатты тыңдаңыз мезгіл үстеулерін қойыңыз.

- Еркебұлан: Сәлеметсіз бе?
 Ақнұр: Сәлеметсіз бе! Тыңдап тұрмын.
 Еркебұлан: Арман бар ма екен?
 Ақнұр: Ол Астанаға кетті
 Еркебұлан: Қашана келеді?
 Ақнұр: Бүгін танертең келеді.
 Еркебұлан: Ол қай күндері жұмыс істейді?
 Ақнұр: Күнде жұмыс істейді.
 Еркебұлан: Жұмысқа қашан шығады?
 Ақнұр: Ертең шығады.
 Еркебұлан: Жақсы, рақмет!
 Ақнұр: Сау болыңыз!

7-САБАҚ. КЕЗДЕСКЕНШЕ КҮН ЖАҚСЫ!

3. Тыңдаңыз. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

- Айзада: Сәлем! Қалайсың? Қайда бара жатырсың?
 Бекжан: Сәлем! Жақсы. Балабақшаға бара жатырмын. Ал сен қайдан келе жатырсың?
 Айзада: Шашатараздан келе жатырмын. Жұмыстан қашан шығасың?
 Бекжан: Жұмыстан кешке шығамын.
 Айзада: Ертең жұмысқа барасың ба?
 Бекжан: Иә, барамын.
 Айзада: Кездескенше!
 Бекжан: Сау бол!

8-САБАҚ. МЕНІҢ АТЫ-ЖӨНІМ

2. Тыңдаңыз, мәтінді толықтырыңыз.

Оның аты-жөні – Любовь Константиновна. Оның мамандығы – мұғалім. Ол гимназияда жұмыс істейді. Любовь Константиновнаның отбасы бар. Жұбайының аты – Олег. Ол – мемлекеттік қызметші. Басшылық өтілі – 7 жыл. Олардың 2 баласы бар. Екеуі де – студент.

9-САБАҚ. ӨЗІМ ТУРАЛЫ

2. *Тыңдаңыз. Сұқбаттағы жауаптарды толықтырыңыз.*

Сұлтан: - Әмір, сен қарағандылықсың ба?

Әмір: - Жоқ, қарағандылық емеспін, қостанайлықпын.

Сұлтан: - Қайда тудың?

Әмір: - Семейде тудым. Өзің қайда тұрасың, Сұлтан?

Сұлтан: - Мен осы қалада оқимын. Қызылордалықпын.

Әмір: - Осында тұрасың ба?

Сұлтан: - Иә, Қарағандыда тұрамын. Бұрын Қызылордада тұрдым.

10-САБАҚ. ӨЗІМ ТУРАЛЫ

2. *Тыңдаңыз. Мәтінді толықтырыңыз.*

Біз бір бөлімде бес адам жұмыс істейміз. Үлкеніміз – Еркін ағай. Ол 1960 жылы туған, 56 жаста. Сәния апай 1970 жылы туған, 53 жаста. Ол Еркін ағайдан он жас кіші. Ермек 1978 жылы туған, 39 жаста. Ол Сәния апайдан сегіз жас кіші. Аңсаған 1992 жылы туған, жиырма төрт жаста. Ал мен өзім 1985 жылы тудым, 32 жастамын. Аңсағаннан жеті жас үлкенмін.

II МОДУЛЬ. ОТБАСЫ

1-САБАҚ. МЕНІҢ ТУЫСТАРЫМ

2. *Тыңдаңыз. Диалогті толықтырыңыз.*

Айгүл: - Алло, Райгүл, қалың қалай?

Райгүл: - Әпке, сіз бе? Өз қалыңыз қалай?

Айгүл: - Жақсы. Үй-ішінде қандай жаңалық бар?

Райгүл: - Әкем анам екеуі Астанаға кетті.

Айгүл: - Неше күнге кетті?

Райгүл: - Екі күнге.

Айгүл: Райгүл, үйде Сәуле екеуіміз отырмыз. Жалғас Алматыға кетті. Ертең Сәуле үшеуіміз киноға барайық.

Райгүл: - Әрине, Барайық. Менің уақытым бар..

Айгүл: - Онда мен үшеуімізге киноға барамыз ба?

Райгүл: Кездескенше!

3. *Тыңдаңыз. Сұқбаттағы туыстық атауларды анықтаңыз.*

– Сәлем, Еркін! Сенімен кездескеніме қуаныштымын.

– Мен де, Дидар. Қалың қалай? Қандай жаңалық бар?

– Менде ме? Ертең ата-анам жаңа пәтерге кіреді.

– Жақсы жаңалық екен. Сен ата-анаңмен тұрасың ба?

– Жоқ. Олармен інім мен қарындасым тұрады.

– Ал әпкең екеуің қайда тұрасыңдар?

– Әпкем Алматыға оқуға кетеді. Ата-анам кішкентай пәтерді маған берді.

2-САБАҚ. МЕНІҢ ОТБАСЫМ

2. *Тыңдаңыз. Алдиярдың отбасы мүшелерін анықтаңыз.*

Менің атым - Алдияр. Жасым тоғызда. Балқаш қаласында тұрамын.

Қалалық гимназияның 2-сыныбында оқимын. Мен – үлгілі оқушымын. Менің отбасым – үлгілі отбасы. Екі әжем, әкем, анам, екі інім бар. Менің әжелерім – зейнеткерлер. Анам үйде кішкентай інім Қайсармен отыр. Әкем – жүргізуші. Мен ата-анамды жақсы көремін. Үлкен інім Данияр балабақшаға барады. Менің отбасым – менің бақытым!

3-САБАҚ АДАМ КЕЛБЕТІ

2. *Тыңдаңыз, сөйлемдерді толықтырыңыз.*

Менің атым –Айзада. Мен мемлекеттік қызметте жұмыс істеймін.

Мен жиырма бес жастамын . Бойым ұзын, Денем арық, маңдайым ашық, көзім үлкен, мұрным қыр, шашым қара, қысқа. Мен қараторы қызбын.

4-САБАҚ. АДАМНЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ

2. *Тыңдаңыз, Бос орындарды толықтырыңыз.*

Менің әкем – іскер адам. Лауазымы басқарма басшысының орынбасары. Ол әріптестері арасында беделді. Үнемі жұмыста. Анамның мамандығы – дәрігер. Ол еңбекқор, жауапты, мейірімді әйел.

Әпкем – университетте жұмыс істейді. Ол да сауатты, білімді маман. Қарындасым мектепте оқиды. Ол ұқыпты, мейірімді, ақкөңіл қыз. Өзім денсаулық сақтау басқармасында жұмыс істеймін. Аудит бөлімінде бас маманмын. Жұмысыма өте жауаптымын. Барлығымыздың біліміміз жоғары. Біз тату отбасымыз.

5-САБАҚ. МЕНІҢ ТУҒАН КҮНІМ

2. Мәтінді тыңдаңыз. Бос орындарға отбасы мүшелерінің туған күндерін жазыңыз.

Менің отбасымда 5 адам бар. Олар: әкем, анам, ағам, әпкем және мен. Біздің үйде туған күндерімізді отбасымызбен атап өту дәстүрі қалыптасқан.

Барлығымыздың туған күндеріміз жылдың әр мезгілінде. Әкем қыста туған. Оның туған күні 10 қаңтарда. Анам көктемде, 22 наурызда туған. Анамның туған күнін Наурыз мейрамымен қатар тойлаймыз. Ағам мен әпкемнің туған күндері күзде. Ағам әпкемнен 2 жас үлкен. Ағамның туған күні 17 қыркүйекте, ал әпкемнің туған күні 9 қарашада. Мен жазда тудым. Туған күнім 15 шілдеде.

6-САБАҚ. ҚҰТТЫҚТАУ

2. Диалогті тыңдап, бос орындарды құттықтау, тілек, алғыс сөздерімен толықтырыңыз.

- Құрметті әріптестер! Бүгін – Ақбота Ерболқызының туған күні.
- Құтты болсын!
- Барлығымыз құттықтап шығайық.
- Сәлеметсіз бе?
- Сәлеметсіздер ме?
- Мерейтойыңыз құтты болсын!
- Рақмет!
- Сізге зор денсаулық, мол бақыт, еңбекте табыс, отбасыңызға бақыт тілейміз.
- Ықыластарыңызға рақмет! Айтқандарыңыз келсін!
- Мына гүлшоғын қабыл алыңыз.
- Көңілдеріңізге рақмет!

III МОДУЛЬ. ЖҰМЫС

1-САБАҚ. МАМАНДЫҚТАР

2. Бос орынға мамандық атауларын қойыңыз.

Денсаулық сақтау басқармасында жүргізуші мен медбикенің орны бар. Құрылыс компаниясында құрылысшылар мен жұмысшыларға орын бар. «Южный» супермаркетінде екі сатушының орны бар. Сәулет және қала құрылысы басқармасында жүргізуші жоқ. Қаладағы орта мектепте жаттықтырушы мен кітапханашының орны бар.

3. Мамандықтардың иесін анықтаңыз.

Менің туыстарымның мамандығы әртүрлі. Әкемнің бірінші мамандығы – мұғалім, екінші мамандығы – заңгер. Анамның мамандығы – тігінші. Біздің үйдегі сәнгерлер – екеу. Олар – үлкен апам мен қарындастарым. Үлкен ағам – қаржыгер, екінші ағам – жаттықтырушы. Мен өзім – тілшімін. «Орталық Қазақстан» газетінің редакциясында жұмыс істеймін.

2-САБАҚ. МЕНІҢ МАМАНДЫҒЫМ

2. Бос орынға мамандық атауларын қойыңыз.

Нұржанның анасы дәрігер болып жұмыс істейді. Оның әпкесі аудармашы болып жұмыс істейді. Менің үлкен ағам кенші болып жұмыс істейді. Біздің қызымыз қаржыгер болып жұмыс істейді. Сендердің достарың заңгер болып жұмыс істейді.

3. Мәтінді тыңдап, жауаптарды екі бағанға жазыңыз.

Ғалым – фирмада аудармашы. Мамандығы бойынша жұмыс істейді. Жасұланның мамандығы – мұғалім. Қазір жүргізуші болып жүр. Фирманың экономисі – Сұңғат. Оның диплом бойынша мамандығы – бухгалтерлік. Ал бұл фирманың бағдарламашысы – Мақсат. Ол Қарағанды мемлекеттік техникалық университетін осы мамандық бойынша бітірген.

3-САБАҚ. МЕНІҢ ЖҰМЫС ОРНЫМ

2. Бос орынды толтырыңыз.

Төтенше жағдайлар департаменті қаланың орталығында орналасқан. Департаменттің ғимараты 3 қабатты. Бірінші қабатта кадр, әкімшілік, заң қызметі және ақпараттық-талдау бөлімдері орналасқан.

Екінші қабатта төтенше жағдайларды жою бөлімі, бастықтың және оның орынбасарларының кабинеттері, арнайы жиын залы бар. Үшінші қабатта қаржымен қамсыздандыру бөлімі, қазақ тілі кабинеті бар. Мекеменің компьютерлері ғаламторға қосылмаған. Ұялы телефон қолдануға болмайды.

Талап бойынша жұмысқа кешігуге және жұмыстан ерте қайтуға болмайды.

4-САБАҚ. ТҮЙІНДЕМЕ

2. *Тыңдаңыз. Қажетті сөздерді қойыңыз.*

Азат жиырма бес жаста. Оның ұлты - қазақ. Ол мектепте мұғалім болып жұмыс істейді. Ол - үйленбеген, ата-анасымен бірге тұрады. Азат қазақ, француз, ағылшын тілдерінде еркін сөйлейді. Ол бос уақытында сурет салады.

3. *Тыңдаңыз. Ақпаратты III жақтан жазыңыз.*

Мен Жакупов Медет Жұмағалиұлы 1989 жылы Қарағанды қаласында тудым, қазақпын. Үйленгенмін, 1 ұлым бар. Қарағанды политехникалық университетінде оқыдым. Бағдарламашымын. Ағылшын, қытай, орыс тілдерінде еркін сөйлеймін. Бос уақытымда кітап оқимын. Қазір Мұқанов көшесі, 76-үйде, 12-пәтерде тұрамын.

5-САБАҚ. АПТА АТАУЛАРЫ

2. *Мәтінді тыңдап, қажетті сөздерді қойыңыз.*

Менің - жеке кәсібім бар. Мен отыз бестемін. Әр дүйсенбіде лездеме өткіземін. Сағат онда бөлім басшыларына тапсырма беремін. Жұмада мамандар есеп тапсырады. Әр сенбіде өз-өзіме есеп беремін, келесі аптаға жоспар құрамын. Әр айда іссапарға барамын. Жазда демаламын.

3. *Тыңдаңыз, бір аптаның күн тәртібін жазыңыз.*

Мен ағаммен бірге тұрамын. Ата-анамыз ауылда тұрады. Мен дүйсенбіде сабаққа барамын. Ағам аптаның бес күні жұмысқа барады. Сейсенбі мен жұмада ағылшын тілі курсына барамын. Ағам сейсенбі мен бейсенбіде кешке жүзуге барады. Біз сәрсенбіде киноға барамыз. Бейсенбіде кітапханаға барамын. Сенбіде саябақта демаламыз, жексенбіде ата-анамызға барамыз кейде шаштаразға барамыз.

6-САБАҚ. ЖҰМЫС КҮНІ

2. *Мәтінді тыңдаңыз. Бос орындарды толықтырыңыз.*

Менің әріптесімнің аты – Айжан. Ол біздің кеңседе хатшы болып жұмыс істейді. Жұмысқа үнемі ерте келеді. Алдымен жұмыс орнын ретке келтіреді. Содан соң электронды поштаны қарайды. Поштаға келген хаттарды тіркейді. Мекемелерге хат жібереді. Телефонға жауап береді. Басшының тапсырмаларын орындайды. Өзі ешқашан шаршамайды. Жұмысына үлгереді.

7-САБАҚ. ҮЙДЕ НЕ ІСТЕЙСІЗ?

2. *Мәтінді тыңдап, бос орындарды етістіктермен толықтырыңыз.*

Бауыржан мен Динара жекеменшік үйде тұрады. Үйлерінің айналасында бау-бақша бар. Олар жұмыстан бос уақыттарында бау-бақша өсірумен айналысады. Көктемде бақшаға көкөніс отырғызады. Бауыржан бақшаны суарады, көгалды күтеді, ауланы тазалайды. Ал Динараның сүйікті ісі – гүл өсіру. Ол баудағы жеміс ағаштарын күтеді, аулада түрлі-түсті гүл өсіреді. Үйлерінің айналасы өте әдемі. Сондықтан олар отбасымен бақта демалады. Балалары көгалда ойнайды.

8-САБАҚ. МЕНІҢ БОС УАҚЫТЫМ

2. *Диалогті тыңдаңыз. Бос орындарды толықтырыңыз.*

- Айнұр, сіз ертең боссыз ба?
- Жоқ, бос емеспін.
- Ертең сенбі ғой?
- Мен сенбіде жұмыс істеймін.
- Жұмыстан кейін не істейсіз?
- Үйге барамын.
- Үйде не істейсіз?
- Демаламын, теледидар көремін.
- Ешқайда бармайсыз ба?
- Жоқ, бармаймын, өйткені жұмыстан шаршаймын.
- Жексенбі күні немен айналысасыз?
- Өз шаруаларыммен айналысамын.
- Бос уақытыңыз жоқ екен ғой. Өкінішті.

IV МОДУЛЬ. ҚОРШАҒАН ОРТА 1-САБАҚ. ҚАНДАЙ ТҮСТІ ҰНАТАСЫЗ?

2. *Тыңдаңыз. Диалогті түр-түс атауымен толықтырыңыз.*

Айгүл: - Алло, Райгүл, сәлем!

Райгүл: - О, Айгүл, қалың қалай?

Айгүл: - Жақсы. Ертең сенің уақытың бола ма? «Абзал» сауда үйіне бара аласың ба?

Райгүл: - Түстен кейін уақытым болады. Абзалдан не аласың?

Айгүл: - Өзіме көйлек аламын.

Райгүл: - Қандай түсті көйлек аласың?

Айгүл: - Классикалық қызыл түсті көйлек алғым келеді.

Райгүл: - Сенжасыл көйлек алсайшы. Саған жарасады.

Айгүл: - Жоқ, менің екі жасыл көйлегім бар.

Райгүл: - Иә, маған да жазғы көйлек керек. Жазға ақ көйлек алғым келеді.

Айгүл: - Онда ертеңге дейін сау бол! Кездескенше!

Райгүл: - Жақсы. Сау бол!

2-САБАҚ. ҚОРШАҒАН ОРТА

2. *Тыңдаңыз. Бос орынды толықтырыңыз.*

Қазақстан Республикасының жер көлемі өте үлкен әрі бай. Оның аумағы солтүстік, оңтүстік, орталық, батыс, шығысқа бөлінеді. Еліміздің оңтүстігінде Алматы, Шымкент; солтүстігінде Көкшетау, Қостанай; шығысында Семей, Өскемен; батысында Ақтау, Орал; орталығында Қарағанды, Жезқазған қалалары орналасқан. Қазақстанда мұхит жоқ, ал теңізі, өзен-көлдері, биік таулары, қалың орман-тоғайы бар.

3-САБАҚ. ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІ

2. *Тыңдаңыз. Бос орынды толықтырыңыз.*

Британдық Колумбия Университетінің ғалымы Стенли Корен үлкен зерттеу жүргізді. Иттерифметиканың есептерін игеру қабілетіне ие екен. Ит қарапайым арифметикалық қателіктерді таба алған. Сонымен қатар, Кореннің айтуынша, ит орташа есеппен 165 сөзді түсінеді. Ең саналы, ең ақылды иттер 200 ишараны (жест пен мимиканы) түсінеді. Ғалымдар ең белсенді иттер колли тұқымыдейді.

4-САБАҚ. ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ

2. *Тыңдаңыз. Қажетті сөздерді жазыңыз.*

Маған жаз мезгілі ұнайды. Жазда ауа райы ыстық болады. Жаз айлары: маусым, шілде, тамыз. Жиырма тоғызыншы шілдеде менің туған күнім. Тамызда кезекті демалысым. Күздің бірінші қыркүйегінде жұмысқа шығамын.

5-САБАҚ. АУА-РАЙЫ

2. *Тыңдаңыз. Кестені толтырыңыз.*

- Бағлан, сендерде ауа райы қалай?
- Бізде 15 градус жылы, күн бұлтты, таңертең жаңбыр жауды, желді.
- Кеше ауа райы қандай болды?
- Кеше күн ашық, желсіз, 22 градус жылы болды.
- Ертеңгі күнге ауа райы қандай, тыңдадың ба?
- Интернеттен оқыдым, ертең де жаңбырлы, күн күркірейді, жел соғады, бұлтты, тұманды болады.

6-САБАҚ. МАУСЫМДЫҚ КИІМДЕР

2. *Мәтінді тыңдап, сұрақтарға қысқаша жауап жазыңыз.*

Қазір күз мезгілі. Енді күн суыта бастайды. Верониканың күзде киетін қою жасыл бешпеті, ақшыл түсті жадағайы, қара түсті төпли мен етігі бар.

Вероника сәнмен киінгенді ұнатады. Осы маусымда басқа сырткиімдер алғысы келеді. Үстіне қалың күрте, басына жылы шәпке және аяғына сапалы бәтеңке керек. Верониканың талғамы жақсы.

7-САБАҚ. ЕҢБЕК ДЕМАЛЫСЫ

2. *Мәтінді тыңдап, Қарқаралы туралы мәліметті толтырыңыз.*

Қарқаралы – Қазақстандағы көрікті жерлердің бірі. Қарағанды облысының шығысына қарай орналасқан. Қарқаралы биік тауларымен, қалың орман-тоғайымен, үлкен-кіші өзен-көлдерімен, түрлі

жабайы аңдарымен белгілі. Қарқаралыда ұлттық саябақ бар. Онда жабайы қабан, бұғы және еліктер бар. Тауларында арқарлар өмір сүреді. Қаланы қайың мен қарағайлы орман қоршап тұр. Ауа райы таза, денсаулыққа пайдалы. Табиғаты өте әдемі.

V Ас-адамның арқауы 1-САБАҚ. АЗЫҚ-ТҮЛІК

2. *Тыңдаңыз. Бос орынды толықтырыңыз.*

«Сәуле» дүкені қаланың шетінде орналасқан. Бұл дүкенде азық-түліктің бағасы қымбат емес. Сарымай 1100 теңге, жұмыртқа 280 теңге, «Нәтиже» сүті 190 теңге, 1 литр айран 180 теңге, 500 грамм ірімшік 350 теңге, шұжық 970 теңге.

2-САБАҚ. ДҮКЕНДЕ

2. *Мәтінді тыңдаңыз. Суреттерге азық-түліктің бағасын жазыңыз.*

Менің үйімнің қасында «Южный» супермаркеті бар. Супермаркетке көп адамдар келеді. Олар түрлі азық-түліктер алады. Қазір азық-түліктің бағасы қымбаттады. Мысалы, картоп 5 пайызға, балық 20 пайызға, сүт пен айран, нан мен ұн 15 пайызға, шай 25 пайызға, макарон өнімдері 18 пайызға, алма 12 пайызға қымбаттады.

3-САБАҚ. АС МӘЗІРІ

2. *Диалогті тыңдап, толықтырыңыз.*

- Қымбаттым, таңғы асқа не әзірледің?
- Ботқа әзірлеп қойдым.
- Тағы ботқа ма?
- Иә, ботқа – пайдалы тағам.
- Ал түскі асқа не пісіресің?
- Көже пісірем, тауық қуырам, күріш пісіремін.
- Манти жегім келіп жүр.
- Оны кешкі асқа әзірлейін.
- Рақмет, сүйіктім!

4-САБАҚ. АСХАНАДА

2. *Мәтінді тыңдаңыз, кестені толтырыңыз.*

Асхана 1-қабатта.

Ас мәзірінде сүт тағамдары жоқ.

Ас мәзірінде ет тағамдары мен сусындар бар.

Әріптесім сұйық тамақты жақсы көреді.

Ол сусынға лимонмен шай ішеді.

Мен жазда қымыз ішемін.

Ас мәзірінде бұқтырылған, қуырылған тағамдар жоқ.

VI МОДУЛЬ. МЕКЕНЖАЙ 1-САБАҚ. МЕКЕНЖАЙ

2. *Суреттегі адамдардың мекенжайларын анықтаңыз.*

1. Әлия Мұқанов көшесінде тұрады.
2. Әлібек Бұқар жырау даңғылында тұрады.
3. Мұрат Ерубаев көшесінде тұрады.
4. Мен Майқұдықта тұрамын.

2-САБАҚ. МЕНІҢ ПӘТЕРІМ

2. *Тыңдаңыз. Сызбаны толтырыңыз.*

Ардақ жекеменшік үйде тұрады. Жалпы ауданы 120 шаршы метр. Үйдегі ең кең бөлме- қонақ бөлмесі. Қонақ бөлмесі үйге кіргенде оң жақта орналасқан. Сол жақа ас үй, жатын бөлмесі, балалар бөлмесі бар. Дәлізден кіргенде қарсы жуыну бөлмесі мен дәретхана. Қонақ бөлмесінде екі терезе. Қалған бөлмелерде бір үлкен терезеден.

3-САБАҚ. ҮЙ ЖИҢАЗДАРЫ

2. *Тыңдаңыз. Бос орынды толықтырыңыз.*

Біздің үйдің қонақ бөлмесі кең және ыңғайлы. Бөлменің оң жағында ақ түсті жұмсақ жиһаз, сол жағында ұзын үстел және 8 орындық тұр. Ортада кілем жатыр. Бөлмеде 2 терезе бар. Екі терезенің

ортасында үлкен теледидар, оның астында музыкалық орталық тұр. Төбеде әдемі аспашам, сол жақ қабырғада сурет ілулі тұр.

4-САБАҚ. ТҰРМЫСТЫҚ ЗАТТАР

2. Диалогті тыңдап, толықтырыңыз.

- Аяулым, асүйің неше шаршы метр?
- 12 шаршы метр.
- Асүйіңде қандай жиһаздар бар?
- Менің асүйімде асүй жиһазы, үстел мен орындықтар бар.
- Тұрмыстық техникадан нелер бар?
- Тоңазытқыш, электр плитасы, қысқатолқынды пеш, асүй комбайны бар.
- Асүйіңде қандай ыдыстар бар?
- Шайнек, құман, кесе, тарелке, пышақ, қасықтар мен шанышқылар бар.

Пайдаланған оқулықтар мен әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы. — Астана: 2010. — 37 б.
2. ҚР СТ 1926-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Қарапайым деңгей. Жалпы меңгеру. — Астана
3. Қазақ тілін оқытуға арналған типтік бағдарлама. — Астана, 2012. — 52 б.
4. Қазақ тілін базалық деңгейде меңгерудің деңгейлік-тақырыптық лексикалық минимумы. Қарапайым деңгей. — Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011. — 30 б.
5. Қазақ тілі. Қарапайым деңгей: Оқулық. — Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2012. — 163 б.
6. Қазақ тілінің грамматикалық анықтағышы. — Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2012. — 308 б.
7. Тіл-құрал. Қазақ тілін меңгеру деңгейін тестілеу әдісімен бағалау емтиханына дайындық үшін. Қарапайым деңгей. — Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011. — 250 б.
8. Сыздықов М.Ж., Нұрғалиева Т.Н., Жақанова Ж.Р., Жұмагелдина Д.М., Қызалғышева А.А. «Сарыарқа». Қазақ тілі: Мемлекеттік қызметшілерге арналған оқу құралы. — Қарағанды: «Черемухина Н.И.» ЖК, — 2010. — 220 б.
9. Күзекова З. Қазақ тілі. Тілді оқып-үйренудің бастапқы кезеңіне арналған жаттығулар жинағы. — Алматы: 2005. — 159 б.
10. Күзекова З. Қазақша сөйлейміз. Оқу құралы. — Алматы: 2010. — 228 б.
11. Құрман Н. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері, — Астана: 2008. — 160 б.
12. Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. — Алматы: Мұрагер, 2005. — 173 б.
13. Ерназарова З.Ш., Тілешов Е.Е., Тұрлыбекова Ж.А., Каюпова Ұ.К. Мемлекеттік қызметшілерге арналған үш деңгейлік оқу құралы. — Алматы: 2010. — 352 б.
14. Жұманова С.С., Мұтанова Қ.Ф. Қазақ тілі. Тілдарын: әдістемелік нұсқау (А1) — Астана: 2012. — 104 б.

15. Мәуленова Б.М. Кәрібаева С.Е. Қазақ тілі. Тілдарын: оқу құралы (А1) — Астана: 2014. - ...
16. Түймебаев Ж.Қ., Қадашева Қ., Асанова У.О. «Қазақ тілі» деңгейлік оқу-әдістемелік кешенінің Негізгі оқулығы (қарапайым деңгей) — Алматы: 2013. — 180 б.
17. Әлімбек Г. Орыс тілділерге арналған қазақ тілі. — Астана: 2010 — 172 б.
18. Мадиева Т.Бастауыш топқа арналған жаттығулар жинағы. — Астана: Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2013. — 256 б.
19. Бектурова А.Ш., Бектуров Ш.К. Казахский язык для всех. Алматы: 2004 — 720 б.
20. Ақанова Д.Х., Алдашева А.М., Ахметжанова З.Қ., Қадашева К.Қ., Сүлейменова Ә.Д. Ресми-іскери қазақ тілі. “Арман - ПВ”, 2002.
21. Алдашева А., Ахметжанова З., Қадашева Қ., Сүлейменова Ә. Қазақ тілі. А, 2004.
22. Ахметова А., Джунусбекова К. Казахский язык для русскоязычных и иностранных студентов. А, 1995.
23. Аяпова Т.А. Қазақ тілі. А, 1997.
24. Аяпова Т.Т., Күзекова З.С. Қазақ тілі. А, 2002.
25. Әлімбек Г. Қазақ тілі. Алматы, “Өнер”, 2005.
26. Бектуров Ш.К., Бектурова А.Ш. Казахский язык для начинающих. А, 1990/1994.
27. Бөрібаев Б., Балапанов Е.Қ., Есжанова А.Е., Мамырбек Ғ. Ис қағаздарының орысша-қазақша сөздігі. Алматы, 2006.
28. Жалмаханов Ш.Ш., Серімов Е.Е., Абуғалиев Қ.М., Ирубаева А.Т., Дос Қ.Д. Қазақ тілі. Қарағанды, “Болашақ”, 2005.

Қазақ тілі. Қарапайым деңгей: Оқу құралы

Авторлары: Ж.Р. Жақанова, Д.М. Жұмагелдина,
А.А. Игенова

Жауапты редакторлары: Ж.Р. Жақанова,
Д.М. Жұмагелдина

Көркемдеуші дизайнер: Б.С. Омарбаев

Басуға 21.08.2017 ж. Қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Шартты баспа табағы 14.
Офсеттік басылым. Қаріп түрі Arial.
Таралымы 1000 дана.